

РУХАНИ
ЖАҢҒЫРУ



Ж. Т. ҚАДЫРОВ

САЛ-СЕРІЛЕР ПОЭЗИЯСЫНЫҢ
СОЛТҮСТІК АЙМАҚТАҒЫ ДӘСТҮ

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**
М. Қозыбаев атындағы
Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті

Ж. Т. ҚАДЫРОВ

**САЛ-СЕРІЛЕР ПОЭЗИЯСЫНЫҢ
СОЛТҮСТІК АЙМАҚТАҒЫ ДӘСТҮРІ**

монография

Петропавл
2018

УДК 821.512.122.0(035.3)

ББК 83.3(5 Қаз)

Қ 13

*М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің Ғылыми Кеңесінде ұсынылды
(№7 хаттама, 24.02.2015 ж. СҚМУ ҒК шешімі)*

Рецензенттер:

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің профессоры,
филология ғылымдарының докторы *С. Негимов*;

әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің профессоры,
филология ғылымдарының докторы *Ж. Тілепов*;

әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің профессоры,
филология ғылымдарының докторы *Т. О. Есембеков*

Қадыров Ж. Т.

Қ 13 Сал-серілер поэзиясының солтүстік аймақтағы дәстүрі: монография /
Ж.Т. Қадыров. Екінші басылым. - Петропавл: М. Қозыбаев атындағы
СҚМУ, 2018. - 187 б.

ISBN 978-601-272-835-4

Сал-серілер поэзиясының көрнекті өкілдері – Сегіз сері, Жаяу Мұса, Біржан сал, Ақан сері, Үкілі Ыбырай, Балуан Шолақ, Шөже, Арыстанбай, Орынбай т.б. қасиетті, киелі әншілік, ақындық өнердің дәстүрін жалғастырса, олардың өнерпаздық ерекшеліктері мен жолдарының негізінде шығармашылық мектептер де қалыптасқан. Соңынан ерген шәкірттері мен олардың туындыларын таратушылары да болған. Олар: Молдахмет Тырбиев, Игібай Әлібаев, Мұса Асайынов және тағы басқалары.

Монографияда сал-серілер поэзиясының қалыптасуы, дамуы, ерекшеліктеріне қатысты зерттеулер бойынша ой-тұжырымдар сараланады.

Арқалық әнші-ақындар шығармашылығындағы сал-серілік поэзияға тән синкретті синтетикалық өнердің көрінісі, дәстүрлі жалғастығы айқындалады.

Молдахмет Тырбиұлы, Игібай Әлібаев, Мұса Асайыновтың шығармашылығы бойынша материалдар басшылыққа алынып, ақын мұраларына тән идеялық-тақырыптық көркемдік ерекшеліктері талданылады. Солтүстік Қазақстан өңіріндегі ақындық дәстүр сабақтастығы мәселесіне назар аударылады.

Монография жоғары оқу орыны оқытушылары мен магистранттарына, студенттеріне, мектеп мұғалімдеріне, сондай-ақ әдебиет сүйер қауымға арналады.

УДК 821.512.122. 0 (035.3)

ББК 83.3 (5 Қаз)

© Қадыров Ж.Т., 2018

© М.Қозыбаев атындағы СҚМУ, 2018

ISBN 978-601-272-835-4

*М. Қозыбаев атындағы СҚМУ-нің сапа менеджменті жүйесі
ISO 9001:2015 талаптарының үйлесімділігіне сертифициатталады*

Қазақ мәдениетін дамытуда, халықтың ой-сезімін, рухани дүниесін жанартып байытуда сал-серілер мен әнші-ақындардың қосқан зор үлесін ерекше атап айтқан жөн. Өткен ғасырлардағы Арқа өнерпаздары Нияз сері, Сегіз сері, Сейіткерей, Шәрке, Қанқожа Уәлиханов, Біржан сал, Ақан сері, Құлтума, Назар Сағаұлы яғни елдің айтуынша Ағаш аяқ, Тәттімбет, Шашубай және басқалары сан түрлі өнерді меңгеріп, құлпыртып ұстағаны мәлім.

Осы бір сал, серілер мектебі, өнерпаздар тобы туған халқының поэзиясын, ән-күйін терең біліп, мәртебесін шырқау биікке көтеруімен бірге, өзге елдің әдебиетін, өнерін, тілін жетік меңгерген. Олар әрі өнерпаз, әрі білімпаз деп бағаланса, артық та емес шығар.

Халық поэзиясы – әрбір ұлттық мәдениеттегі сөз өнері, музыка т.б. дәстүрінің байырғы белгілерін, қасиеттерін сақтай отырып, қазіргі заманға ұштастыратын классикалық мұра. Сондықтан, халық поэзиясы ғана емес, бүкіл фольклорлық шығармалардың халықтық сипаттары, дәстүрлі мұралар жаңа дәуірді нығайту үшін де қажет екендігі даусыз.

Ұлттық мәдениетті, халықтық мұраларды сақтау, оларды пайдалану, өркендету-жалпы халықтық жұмыс. Қазақтың халық әдебиеті – ата-бабаларымыздың бізге жеткен прогрессивті, тарихи озық мұраларының дәстүрлі жалғасы. Ата-бабалардың гуманистік идеяларын жан-жақты, әрі терең ұғындыру үшін халқымыздың ғасырлар бойы жасап, бүгінгі күндерге жеткен, адамгершілік мұраттың мүдделерімен үндесетін рухани байлықтарын сақтау, оны халық игілігіне айналдыру эстетикалық тәрбие ісінде пайдалану – аса маңызды мемлекеттік мәселе.

Қазақ әдебиеттану және фольклортану ғылымдары бойынша зерттеуші А.Байтұрсынұлы, Х.Досмұхамедов, С.Сейфуллин, М.Әуезов, С.Мұқанов, Ә.Марғұлан, Е.Ысмаилов, Б.Кеңжебаев, Қ.Жұмалиев, М.Ғабдуллин, Н.С.Смирнова, Х.Сүйіншәлиев, М.Мағауин, С.Қасқабасов, Б.Әбілқасымов,

С.Негимов, Т.Тебегенов және т.б. жыраулық, ақындық мұралар туралы ілгері зерттеулер жазды. Бұл зерттеулер ауызша ақындық поэзияның ең маңызды мәселелерін ғылыми түрде шеше отырып, болашақта да зерттеле түсетін өзекті мәселелерге де жол ашып берді.

Қазақ мәдениеті тарихындағы сал-серілер поэзиясының өкілдері сегіз сері, Біржан сал, Ақан сері, Балуан Шолақ, Үкілі Ыбырай, Шөже, Арыстанбай, Орынбай Көкшетау – Қызылжар жерінде әншілік, ақындық өнердің қасиетті туын тіксе, олардың өнерпаздық жолының, дәстүрлерінің негізінде шығармашылық мектептер қалыптасқан.

Бойына өнер дарыған, ән мен жырға құштар болып өскен Молдахмет Тырбиұлы, Игібай Әлібайұлы, Мұса Асайынов осынау шығармашылық мектептерден тәлім алып, ел аралап жүріп жиын, той-думандарда атадан мұра болып берілген өнерді елге танытып, насихаттайды. Оларды әнші-ақын, жыршы деп те айтады. Академик Ахмет Жұбанов: «Сал, сері типіндегі әнші ақындардың тұрақты театры жоқ, концерттік залы жоқ көшпелі ауылдың көңіл ашар артистері, сегіз қырлы өнерпаздары» [1, 432] деп баға береді. Олар сал-серілерге ұқсап баққанымен, жаңаша мазмұндағы туындыларымен танымал болады. Яғни, өздері өмір сүрген Кеңес дәуірінің жыршылары болғандықтан, еңбекші халық, екпінді еңбек, жаңа заман жетістіктері мен жеңісін жырларына тиек етіп, халық мүддесін қорғайды. Оларды елуінші жылдардан бастап халық ақындары деп атап жүрміз және олар Жамбыл бастаған ұлттық әдеби дәстүрлеріміздің жандануындағы негізгі үлкен топ болып табылады.

Қазақ әдебиетінің тарихында осынау халық ақындарының есімдері аталып, қысқаша мәліметтер берілгенмен, олардың шығармашылық өмірбаяны жайлы толық толғамды, жүйелі зерттеулер жоққа тән. Халық ақындары ұлттық дәстүрімізді бүгінгі күнге жалғастырудағы негізгі буын болып табылса, олардың әдеби мұраларын зерттеу – ұлттық әдебиетіміз бен мәдениетіміздің даму жолдары мен ерекшеліктерін қарастырудағы көкейкесті мәселелердің бірі болып табылады.

Көкшетау-Қызылжар жерінде біртұтас синкретті өнер қанат жайып, өз жалғастығын тапты деуге болады. Молдахмет Тырбиұлы, Игібай Әлібаев, Мұса Асайыновтың шығармашылық өмірбаянын, әдеби мұрасын зерттеп, деректер жинап, талдау жасау арқылы Көкшетау, Қызылжар өңіріндегі айтулы дәстүріміздің ерекшеліктері мен заңдылықтары анықталды.

Монографияда Көкшетау, Қызылжар жеріндегі ұлттық дәстүріміздің тарихи дамуының негізгі заңдылықтары мен ерекшеліктерін пайымдау – қазақ әдебиеті тарихында қарастырылатын өзекті мәселелердің бірі деп есептейміз.

1 САЛ-СЕРІЛІК ӨНЕРДІҢ ҚОҒАМДЫҚ ӘЛЕУМЕТТІК, КӨРКЕМДІК ЭСТЕТИКАЛЫҚ ФУНКЦИЯСЫ МЕН ОРНЫ

Қазақ әдебиеті тарихында сал-серілер поэзиясы халық ауыз әдебиетінің ауқымды да күрделі саласы болып табылады. Сал, серілердің өнер дәстүрі қазақтың тіршілігінде елеулі орын алды десек те болады. Өйткені сал-серілердің басты ұстанымы – әншілік-ақындық өнер. Ал қазақ қашанда ән мен жырды қастерлеп, дәстүрге айналдырған. Бұл орайда көркем сөздің айтулы шебері К.Паустовский өзінің қазақтар өміріне арналған бір әңгімесінде: «Қазақтардың өлең айтуға құмар болатын бір себебі осынау ұлан даланың әйнектей шыңылтыр ауасы адам дауысын айрықша әуезді етіп күшейтіп жіберетіндігінде шығар. Қазақстан сияқты ту табиғаттың, жұлдызды ашық аспан мен шетсіз-шексіз рухының ән мен өлеңге, даналыққа бейім болуының дәйекті дәлелі» – деп жазады. Иә, қазақтың ән мен жырға құмар болуы, кең дала, сұлу табиғатпен етене жақын болуынан да шығар.

Сал-серілер тек әншілік – ақындық өнермен шектеліп қалмаған. Бұл орайда, Е.Ысмайылов: «Сал, серілерде ақындықпен қатар, әнші, күйшілік, композиторлық, би, спорт өнерлері де бар» деп жазса [2, 38-39], қазақ әдебиетінің тарихында «Салдар мен серілер әншілік пен ақындықты, саятшылық пен мергендікті, күлдіргілік пен қуақылықты қатар ұстаған ақын мағынасындағы халық өнерпаздары» деп көрсетіледі [3, 389]. Дегенмен әнші-ақындарды сал-сері деп тағы қарастыра алмаймыз. Уақыт өтіп, заман өзгерген сайын, сал-серілік дәстүр де өз дамуында өзгеріп, бүгінгі күнге тек сарқыншақтары ғана жетті деуге болады. Бұл орайда, Ш.Керімов өз ойын түйеді: «Сал-серілер – ақын-жыраулардың өнегесін, озық қасиеттерін жалғастырушы, жаңа жағдайда қалыптасқан өнер иелері, көшпелі тұрмыстың сәнін кіргізген, салтанатына айналған сал-серілік кейінірек бірте-бірте ұмытылып, халық жадында тек Сегіз сері, Ақан сері, Біржан сал, Дәурен сал секілді ел қадыр тұтқан талантты өнерпаздардың

есіміне қатысты ғана сақталып отыр» [4, 155]. Бүгінгі күні сал-серілік поэзиясының ұшқыны мен ерекшеліктерін, белгілерін халық ақындары өз шығармашылықтарында сақтауға тырысады. Халық ақындары дәстүр болып жалғасып жатқан осынау өнерді ірі тұлғалардың мектебінен өтіп, сусындап барып, бүгінгі күнге жеткізді.

Сал-серілік дәстүр белгілі бір ортада жалғастығын тапса, қазақтың кең байтақ жерінде небір салт-дәстүрлердің белгілі бір жүйесі, ортасы қалыптасқан. Бұл орайда Қ.Сыдықов: «Жетісу аймағындағы Сүйінбай бастаған импровизатор ақындар тобы, Семей алқабындағы Абай өнегесімен өрбіген жазба әдебиет дәстүрі, Арқадағы Біржан сал, Ақан сері, Балуан Шолақ, т.б. арқылы танылатын әншілік салт; Сыр бойының прогресшіл Шығыс үлгісіндегі ақындар ортасы; Қазақстанның Батыс өлкесіндегі Асан қайғы, Сыпыра жыраулардан тараған ақындық, жыраулық, жыршылық дәстүр – бұлардың бәрі телегей теңіздей халық әдебиетіне құятын арналы әдеби бастаулар деп жазады [5, 17].

Ал ХІХ-ХХ ғасыр аралығында сараланып шыққан бес ірі мектеп, үлкен ақындық орта бар екенін айта кетсек, олар – Сыр бойы, Батыс Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан, Орталық Қазақстан, Шығыс Қазақстан. Осы мектептердің ішінде бөліп айтуға тұрарлық өңір сал-серілік, әншіліктің туы тігілген аймақ – Орталық Қазақстан. Ахмет Жұбанов Қазақстанның Орталық өлкесіндегі ән мәдениетінің басқа жерлермен салыстырғанда Қазан төңкерісіне дейін биік деңгейге дамығандығына, музыкалық тілінің, әуендік жағынан кемелдене түскеніне алғашқылардың бірі болып назар аударады. Осы мектеп Біржан салдан басталып, кейін оның шәкірттері арқылы өрістеп, дамып, шырқауы биікке көтерілді деген пікір түйеді [6]. Осы орайда, жазушы Әбдіжәміл Нұрпейісов Көкшетауға келген сапарында: «Көгілдір таулар еліне келген сайын, осы өлкенің өткен кездегі ұл-қыздары есіме түседі. Өне бір кезде бұл өңірде сұлу қыздар, сылқым жігіттер серілік, салдық құрды. Ел еркесі серілер – желмен жарысқан саңлақ жүйріктерді таңдап мініп, сәнді шапан киді. Көкшетау Біржан сал, Айыртауда Ақан сері сияқты ақын,

әншілер сол бір тұста Арқаның өнерлі жастарына ту болып, шоқтай екшеліп шығып еді.

Ұлттық театры болмаған елге осы сері, салдар рухани ұйытқы болып, көшпелі халықтың ылғи ән үстінде басын қосып, ойын-сауыққа қарық қылып тастайтын. Ұлан-байтақ қазақ даласына ән Арқадан тарады. Біздің жақтың көне көз қариялары әлі күнге дейін есіне алып, аңыз етіп айтып отырады» – деп жазады [7, 149]. Жазушының «Қазақ даласына ән Арқадан тарады» деген сөзіне мақтанышпен де, құптаумен қараймыз. Иә, Арқа жерінің небір ірі дарындары аспандағы жұлдыздар шоғырындай көз тартса, ән мен жырдың шым-шымдап ғасырлар бойы жалғасып жатуында ұстаз бен шәкірттей өмір кешкен өрелі өнерпаздардың туындылары асыл қазына, әдеби мұрамызды үстемелей түсті.

Сал-серілер поэзиясының көш басында Сегіз сері, Біржан сал, Ақан сері мектебі сал-серілік дәстүрдің жалғастық табуындағы және қалыптасуындағы бастау, қайнар көз болды деуге болды. Олардың өнерін кейінгі ұрпаққа жеткізу осы келесі жас буынның үлесіне тиді. Олар: Үкілі Ыбырай, Ағаш аяқ, Иманжүсіп, Балуан Шолақ, Әсет, Қайып Қарабайұлы, Жаяу Мұса, Уәйіс т.б.

Сал-серілік өнер XIX ғасырда шырқау шегіне жеткенмен, оның негізі ерте кезеңдерде қалыптасқан.

Серіліктің көне дәуіріндегі көріністері, оның кейінгі кезде жалғастық табуы қазақ ғылымында әлі айқындалмаған құбылыс. Дегенмен сал-серілік өнердің дамуы, қалыптасуы оның өкілдері жайлы Ә.Марғұлан, Е.Ысмайылов, С.Қасқабасов, Е.Тұрсынов, Қ.Сыдиқов, Б.Ш.Абылқасымов, Т.Рақымжанов, С.Негимов, Б.Кенжебаев, Л.Ерназаров, Ш.Керімов, т.б. ой-пікірлер өрбіткен, мақала жазған. Сонымен бірге, музыка мамандары Б.Г.Ерзакович, З. Қоспақов, А.В.Затаевич – әнші-ақындардың әндері мен өлеңдерін жазып алуда, нотаға түсіруде, жарыққа шығаруда мол еңбек сіңірді. Әрине, қазақтың әнші-ақындары жайлы қомақты еңбектер тек жиырмасыншы жылдардан бері ғана көріне бастады.

XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ ақындары шығармаларының мазмұны, көркемдік сыр – сипаты үндес болғанымен, бірдей деп айтуға болмайды. Бұл орайда, Қ.Сыдықов:

«1. Демократтық – ағартушылық, сыншыл реалистік бағыттағы ақындар;

2. Жыраулық, ақпа ақындық дәстүрдегі ақындар;

3. Әнші ақындар;

4. Кітаби ақындар яки шайырлар;

5. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісін жырлаған ақындар» [5, 8] – деп шартты түрде бірнеше салаға бөліп қарастырады.

Әнші – ақындық жыраулық төкпе ақындар мен кітаби ақындардан ақындық, композиторлық, әншілік өнердің жеке тұлғаның бойынан табылуымен ерекшеленеді.

«Әнші-ақындар сөзі бірқатар өзге ақындарға қарағанда, халыққа тез тарап, ерекше әсер еткен. Оның басты себебі өлең, толғауларының ән – әуенімен айтылуында» [5, 18], – деген пікір айтылса, Ақан серінің «Сырымбет», «Балқадиша», Жаяу Мұсаның «Сұрша қыз», Үкілі Ыбырайдың «Қызыл асық», «Гэкку», Естайдың «Қорлан», Біржанның «Жайма – шуақ» т.б. өлеңдер әлі күнге дейін халық арасында сүйіп тыңдайтын туындылар болып табылады. Бұл әндердің халық арасына сіңісіп кетуі тек ән – әуендеріне қатысты деп түсінсек қателескен болар едік. Әннің бір қасиеті болып табылатын өлең тіркестерінің де мәні айрықша. Яғни, ән мен өлеңді ажыратып қарауға болмайды. Ән өлеңнің мазмұн-мәніне қарай лайықтап айтылады, олар бір-бірін толықтыра отыра өмір сүреді. Екеуі үйлескенде ғана, өміршең болады.

Сал-серілер өнернамасы, негізінен, олардың ән өлеңдерінен тұрады [8, 89]. Қай кезең ақындары болмасын ән өлеңінің төркінін поэзияның синкретті табиғатынан, ұйқасты, ырғақты сөздің сазбен, ырғақпен біте қайнасқан бағзы байланысынан іздеген.

Сал-сері, әнші-ақындарымыздың поэзиясындағы тағы бір ерекшелік – ән текстері арқылы ән туындысының тарихына

қатысты деректерді анықтау. Яғни, қазақтың әнші-ақындары өз шығармаларында аты-жөні, ру-тегін қосып айтуды дәстүрге айналдырғаны байқалады. Мәселен, Сегіз сері:

Мұхамедқанапия болса да атым,
Сегіз деп атап кеткен мені халқым –

деп келсе, Балуан Шолақ өзін:

Нұрмағамбет Баймұрзаұлы, менің атым,
Бар елге мағлұм болған асыл затым.
Нағашым жалпақ Қанай деп атайды,
Болады ұлы жүздің арғы затым –

деп, әнге қосады, Мұстапа да өзін:

Бүктібай әкем аты, Мұстапа атым,
Етейін оның баян хикаятын.
Ішінде Жанқозының мен Төлебай,
Сүйіндік сұрасаңыз арғы затым –

деп таныстырады.

Көкшетау – Қызылжар өңірінің әнші-ақындары да осы дәстүрді арқау етеді. Мәселен, Игібай Әлібайұлы:

Баласы Әлібайдың Игібаймын:
Гүлбакшада сайраған бұлбұлдаймын.

немесе Мұса Асайынов:

Белгілі күйші, дана жыр тануың,
Көз тартар Көкшегүлдің қылтаңымын.
Кім десең, атым Мұса, тұлпар тұяқ
Үкілі Ыбырайдың ұрпағымын, –

деп әнін бастайды.

Жалпы сал-серілік өнерді – қазақтың ұлттық дәстүрі деп қарастыратын болсақ, дәстүр – халық ауыз әдебиетінің де, фольклордың да өзекті мәселесі. Яғни дәстүрлік мәселені зерттеу халық поэзиясының эстетикалық табиғатын, өзіндік ерекшеліктерін ашуға мүмкіндік туғызады. Бұл орайда, профессор С. Негимов: «Ауыз әдебиеті әлемі – сырлы сөздің күмбезі тәрізді. Сондықтан да сан ғасырлар бойы алтындай жарқырап, нәр алар, корек алар бастау – бұлағымыз болып келеді» [9, 174] – дейді.

Ұлттық дәстүрлерімізге табан тіреген шығыстың және батыстың классикалық әдебиетінің озық қасиеттерін бойына жинаған жазба әдебиет XIX ғасырдың соңғы онжылдықтарында үлкен өрлеуді бастан кешірді. Қазақ өлеңін түр, мазмұн жағынан байытқан Абайдың өнегесі айналасына аз тимеген. Ұлы ақынның шығармалары баспа беті арқылы тарап жатпаса да, оның даңқын естіген, көрші өлкелерден арнайы іздеп келіп, тәлім алған, оның өлеңдерін жаттаған ел өнерпаздары аз емес еді. Әсет, Жаяу Мұса, Ғазиз, Естай, Шашубай т.б. әнші ақындар оның шығармашылдығынан хабардар болды. Біржан ақын ауылында бірнеше ай жатып өнер көрсеткен, өзі де одан көп нәрсе үйренген. Біржанның Абайдың «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын», «Жасымда ғылым бар деп ескермедім», Жаяу Мұсаның Ыбырай Алтынсариннің «Жазды күні» деген өлеңіне ән шығаруы да осындай байланыстардың жемісі деп ұққан абзал.

Қазақ халқының орыс халқымен етене араласып, қарым-қатынасының арта түсуі шаруашылық, тұрмыс салтына елеулі із де салды. Солтүстік-Шығыс облыстарын мекендеген қазақтар отырықшы көршілерінің әсерімен тұрақты қыстау салуды, шөп шабуды әдетке айналдыра бастады. Тарихтың терең қатпарында жүріп жатқан күрделі процестер, жаңа үрдістердің ірге тебуі, идеологиялық шарпылыстар мәдени өмірді, оның ішінде поэзияны жанай өткен жоқ. Орыс, татар халықтарының музыкасының әсер-ықпалы қазақ музыкасынан да сезіліп жатты. Жаңа бір өрнек нақыштардың дүниеге келуіне себепші болды. Бұл ретте көрнекті әнші ақын Жаяу Мұсаның шығармашылығына тоқтала кету жөн. Ол орысша, арабша еркін оқи, жаза білу үстіне орыстың скрипка, гармон сияқты аспаптарында ойнай алған, қаланың музыкалық мәдениетімен де танысады. Ой өрісі кең композитор Арқадағы сал-серілердің дәстүрін жалғастырып қана қоймай, қазақ жерінде бейтаныс би, марш үлгілеріне ұқсас ырғақты әуендерді дүниеге келтірді. Орыстың гармоны қазақ өнерпаздарының да музыкалық аспабына айналды.

Сал-серілер поэзиясының, ән жанрының өміршеңдік танытуын бір жағынан ХІХ ғасырдағы қазақ даласын қамтыған сан қабатты өзгерістермен, ежелгі салт-дәстүрлердің, қауым мен қауым, адам мен адам арасындағы қатынастардың басқаша өріс табуымен де байланысты. Бұдан ауыз әдебиетінде елдік, мақсат-мұраттар, мемлекеттік мүдде алдыңғы орынға шығып, мәмлегерлік немесе дипломатиялық қызмет басымырақ болса, енді жекелік фактор, жеке тағдырдың, күнделікті күйбең тіршіліктің алуан түрлі мәселелерінің қоғамдық мәнге ие болуда поэзияны жанай кеткен жоқ. Жаңа тұрпаттағы поэзияда адамның ішкі дүниесіне ықылас артты. Бұл да сөз жоқ – бұрынғы эпикалық дәстүрден ауытқуға, оны әдейі бұзуға әкелді. Ақындарды тек баяғыдан желі тартқан идеялар арнасындағы батырлық пен елдікті дәріптеген жырлар ғана қанағаттандыра алмады. Адамның әр алуан көңіл күйлері, сезім серпілістерін бейнелеуде, әсіресе, лирикалық жанрлар оралымды, әрі елгезектік, ыңғайлылық көрсететін.

Осы кезде эпостық жыр, толғау жанрларының көлеңкесінде бой жаза алмай келген – ән жанры енді әлеуметтік астары күшейіп, рухани күдіретті көркемдік деңгейіне шейін көтерілді. Қазақ әнінің кемелдік келбет танытқан, классикалық биікке жеткен, формалық, әуендік жағынан байи түскен мерзімі де – аталмыш уақыт.

Сол сияқты ХІХ-ХХ ғасырларда ақындар айтысы, лирикалық жанрлар шыға бастады. Олардың басты функциясы – эстетикалық болды, бірақ басқа да сипаттарын жоғалтқан жоқ... [10] – деп жазады С. Қасқабасов.

Бұл тұрғыдан келгенде, сал-серілер мен халық өнерпаздарының өнері айтарлықтай эстетикалық қызмет атқарады.

Әрбір жанрдың алғашқы даму шағы, бастау алатын тегі, оның поэтикалық өзгеше түр ретінде қалыптасу кезеңдері бар. Біз жанрдың өркендеген дәуірін оның мазмұн жаңалығы мен кеңдігіне, шындықты бейнелеудегі жаңа әдістеріне қарап ажыратамыз. Бұл ең алдымен белгілі бір қоғамдық-әлеуметтік

дамудың заңдылықтарымен, сол халықтың ой-санасының дәрежесімен астасып жататын құбылыстар.

Кез келген жанрдың дамуы қоғамдық қажеттілікке, өмірдің талап-тілектеріне сәйкес өрістеп отырады десек, жанрдың функциясы турасындағы теориялық пайымдауларға тоқтала кету артықтық етпейді. «XV–XVIII ғасырларда қазақ қоғамы мен тарихы үшін елді қорғау, жауға тойтарыс беру аса маңызды саналды. Бұл кезде қазақ фольклорының барлық жанрынан батырлар жыры маңызды болды, оның тәрбиелік, идеологиялық қызметі артты. Ал, осы жанр XIX–XX ғасырларда көбіне сейілдік (развлекательная) функция атқарды. Үлкен той-жиындарда уақытты өткізу үшін және елге ғибрат беру үшін талантты жыршылар батырлар жырын орындаған.

Жоғарыда айтылғандардың бәрінен әнші ақындардың дүркірей көрінуін нақты тарихи ахуалға байланысты, объективті және субъективті себептердің әсер ықпалымен дүниеге келгендігіне көз жеткіземіз. Саяси-әлуметтік, мәдени экономикалық маңызды жағдайлардың сахараға енуі, елдің шалғай өңірлеріне дейін жетуі өмірдің ежелгі қалпын өзгеріссіз қалдыра алмады, феодалдық, рулық тәртіп уақыт озған сайын іргесі босап, оның орнына өзге қоғамдық қатынастар келе бастады, қоғамдық құрылыстың байырғы түрлерінің азып-тозуы мен жаңа билеу, басқару жүйесінің енуі жай-жай өткен жоқ, жаңа мен ескінің арасындағы бітпес күрес, тартыс, адамдардың психологиясы, көзқарастарының құбылуы түрінде жүріп жатты, замана талабы, өміршең халық мүддесі поэзия алдына өзгеше сыбаға тартты – уақыт сынына төтеп бере алатын әдебиет пен өнерге зәрулік туды. Озған дәурен, ескі күннің өнері жаңа тұрмыстың ділгерлікпен, мұқтаждықтарын толық қамтамасыз ете алмады, өмірдің ұңғыл-шұңғылдарын тұтастай бейнелей алмады. Міне, осындай түрлі алғышарттардың септесуімен сал-серілердің тарих сахнасына шығуы да заңдылық деп ұққан дұрыс. Сал-серілер – ақын-жыраулардың өнегесін, озық қасиеттерін жалғастырушы, жаңа жағдайда қалыптасқан өнер иелері, көшпелі тұрмыстың сәнін кіргізген, салтанатына айналған сал-серілік кейінірек бірте-бірте ұмытылып, халық

жадында тек Сегіз сері, Ақан сері, Біржан сал, Дәурен сал секілді ел қадыр тұтқан талантты өнерпаздардың есіміне қатысты ғана сақталып отыр. Бір кезде сал-серілік жеке адамдар үшін өмірлік идея ғана емес, ұзақ уақыттар бойы көшпелі қазақ қоғамы үшін мәдени, этикалық және эстетикалық мәні бар құбылыс болып келеді.

Әдетте халық өнерді өмірлік серік еткен еркелеріне осы атты беруде еш уақытта жаза баспаған, шатастырмай қолданған, бұл олардың тек өнеріне ғана емес іс-әрекет, мінезіне лайықталып тағылған атау. Сал және серінің айырмашылықтарын тап басып, ажырату үшін де этнографиялық айғақтарды көлденең тартпақпыз.

«Сал Жігіт – желеңмен ауылға таянғанда аттан құлайды. Қашан ауыл қыздары келіп, көтеріп үйге алып кіргенше өлген адамдай тырп етпей жата береді. Алдынан шыққан қыздар көтеріп келген кезде балағынан, қалтасынан, қойнынан тақ-тақ дүрия шай, теңгелер төгіліп жүреді. Оны жинап алысқан қыз-келіншектер мәз болысады» [11, 20]. Этнограф Добросмыслов та салдардың ауыл шетіне келіп, қашан қыздар келгенше орнынан қозғалмай жататынын жазады. Осы салт олардың жеке өлеңдерінде де көрініс тапқан:

Баласы Айтуғанның Нәтжан салмын,
Қызына үш болыстың шекер, балмын.
Қыздар-ай, ат үстінен көтеріп ал,
Қайраңға жеке біткен көкше талмын.

немесе:

Он бір салдың біреуі – Төлебай
Салдықпен қалмады сары атта жал.

Салдардың елден ерекше өзгешелігі, олардың көзге ұрып тұрар айрықша белгісі – киім киісінде, Ә.Диваев оны былай сипаттапты:

«Салдың өзінің үстіне киген киімі халық кимеген түрден болады. Егер ол киген киімді халық кесе, оны кимей, қарақұрым киізден киім қылып киеді екен» [11, 184]. Енді бір деректерде олардың киімінің астарына қымбат пұл салып, құндыз батсайымен әдіптейтіні, киген киімдері кең болатыны,

шалбардың әр балағына бір кісі кіріп шығатындай болатыны айтылады.

Қияс мінез, қоңыр қылықтарымен аты шыққан салдар төбе құйқасын тестіріп, үкі тақтыратыны туралы деректер де жетіп отыр [12].

Сал атандым он сегізде,
Қайғысыз ендім бір теңізге.

Он тоғызда оттай лаулап,

Ойнақ салдым кеменізде – деп асқақтата жырлайтын Ыбырай Сандыбайұлы ел ішінде «Үкілі Ыбырай» атанып тарихта қалғаны мәлім.

Ел аузында салдардың паң жүрісі, тәкәппар мінезі, киім киісі, сән-салтанаты хақында аңыз-әңгімелер көп. Мәселен, Жетісу өңірінде «Дәурен салдың белбеуіндей ұзын» [13] деген мәтел сөз сақталған. Ол Ілені кешіп өткенде белбеуінің бір ұшы арғы жағада, екінші ұшы бергі жағада қалады деген әңгіме бар. Дәурен сал хақында таралған аңыздар сөзсіз көз көргендер естелігінің жаңғырығы болса керек.

Сал қашан да мырза, жомарт, мәрт мінезді болуы шарт. Егер бермей қойса, онда салдықтың серті бұзылған болып есептеледі. Сал аттанарда оның жақсы киім-кешегін, қойнындағы сырға, білезік, түрлі әшекейлерін қыз-келіншектер таласа бөлісіп алады. Мініп келген аты, ер-тұрманы үй иесінде қалады да, ол келесі ауылға «көйлекшен» аттанатын. Осылайша дәулеті сарқылғанша сайран салатын салды ақылды туыстары күшпен тоқтатып, аяғына тұсау салу үшін әдейі үйлендіретін болған.

Мен өзім Жетісуға барып қайттым,

Манабын жақсылардың көріп қайттым.

Қыздары Жетісудың сұлу екен,

Жинағаным-тергенімді беріп қайттым – дейді

Біржан сал.

Біз жоғарыда салдарға тән мінез, салттарға тоқталдық. Жоғарыда сипатталған салдарға тән ерсі мінез, аттан құлау, елден ерекше күлкілі киімдер кию тәрізді іс-қылықтар серілер бойынан табыла бермейді. Қолда бар деректерге қарағанда

серілер таза, әдемі киіну, кербез, паңдық мінездерімен өз ортасынан оқ бойы озық тұрады, олар жомарттық, саңылық, білімдарлық қасиеттерімен айналасына өнеге шашатыны, тек өнер жолына беріліп, сауық құрып, аңшылық-саятшылықпен айналысып жүретінін білеміз.

Сал мен серінің шығу тегі, қоғамда атқаратын қызметі жағынан екі түрлі болған, кейін екеуінің қызметі өзгеріп, көне ғұрыптар қала бастағаннан кейін ара жігі жақындап, көп айырмашылықтар ұмытылып жәй көзге байқалмайтындай өңге енген тәрізді.

Халықтың серілік дәстүрі, әрине, бірден пайда болмаған, бірақ қай уақытта қалыптаса бастағанын тап басып айту да қиын. Серіліктің кейбір белгілерін көне түркілік дәуірден, оғыз дәуірінен іздестірген Ә.Марғұлан мақаласы осы тараптағы сәтті бастама деуге тұрарлық, десек те оның ой-толғамдары әлі де ғылыми жағынан тиянақтауды қажет етеді.

Ғалым Е.Ысмайлов «сері» сөзінің бірнеше көне мағыналарына тоқталып, араб тілінде сир (сейір) араб тілінде серуен, сайран салу, тілеуіт, шор т.б. тілдерде сарнау, өлең, ән айту «Кодекс Куманикусте» «сері» (шері) сөзі мағынасында қолданылатынын жазады [14, 56-57].

Е.Тұрсынов түркі тілінде «әскер», «қол» деген мағынасын білдіретін «герик» сөзімен түбірлес, «сері» сөзінің түпкі мазмұны «жасақ құрамындағы жауынгер», «жасақшы», «жорықтағы» серік» деп болжам жасайды [15]. Ә.Марғұланның да «сері» сөзінің этимологиясы туралы тұжырымы да осы ұғыммен үндесіп жатыр [16].

Жоғарыда аталған пікірлер қисындылығымен ден қойғызады, пікір таласын керек етпейді. «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырының Жанақ жырлаған нұсқасындағы «шеру» сөзі әскер, жортуыл ғана емес, сейіл, серуен құру мағынасында да жүреді.

Он екі жыршысы бар, бас балқаным,
Шырышқа шеру тартып жөнеледі.

«Сері» сөзімен түбірлес сөздің бірі – «гора» В.В.Радловтың айтуынша бұрын қазақ тілінде «гура» (шора) сөзі жасак, жауынгер, «серік» деген мағынада жүрген.

Тілдің фонетикалық заңдылықтарына көз жіберсек, түркі тілдері арасында г-ш-с дауыссыздары бірінің орнына бірі жүре береді, осыған сәйкес тілші – ғалымдар айқындағандай көне түркілік ш дыбысы қазақ тілінде с дыбысы ретінде орныққан. Осы фонетикалық заңдылық бойынша г-р, с-р түбірінен тарайтын қазақ тіліндегі сөздерді былайша берер едік:

шора	
шерік	
шері	ш-р
шеру	
сері	с-р
серік	

Қазақ халқының жеке хандыққа айналған кезінен бастап кейінгі тағдыры ішкі-сыртқы жорықтар мен ұрыстардың заманы болды. Өзінің елдік дербестігін сақтап қалу үшін, сыртқы жаулармен күрес, қоныс іздеу дәуірінде ханынан қарасына дейін түгел ат үстінде жаугершілік ғұмырды басынан өткерді. Бұл кезде батыр, ержүрек жігіт қана халық идеалына айналды, жырға қосылып мадақталды.

«Сал» сөзі қырғыз тілінде жайсаң, жас, қайратты жігіт, «сал манап» аз уақытын мерекемен, тентектікпен өткізетін жігіт (әміршінің, байдың балалары) деген мағынада жұмсалады [17]. Осы сөзбен түбірлес якуттың «цаалы» сөзі еркіндік, өз бетімен, қалауымен жүру [18], ал түркменнің «саллах» сөзі – бойдақ, үйленбеген жігіт деген ұғымды білдіреді [19].

Халқымыздың «Керқұла атты Кендебай» атты ертегісінде Кендебайды сал деп атайды:

Кендебай сал мұнда ма,
Керқұла аты қолда ма?

«Қыз Жібек» жырында әйелдің еркін жүрісі «салдыққа» баланады:

Жазығы қатын демесең
Қартайса да ілгері.

Әлгі қыздың салдығы [20].

«Салмен» түбірлес «салқам» сөзі сылқым, кербез, сәнқой деген ұғымда жүреді [21].

Көшпелі өмір салтына сәйкес өнердің алуан тәсілдері қалыптасқан. Сал-серілердің топтасып жүріп, ауыл-ауылды аралаған сәтте тұтас ансамбльдің немесе театрдің орнына жүргені сөзсіз. Топтасып келген сал-серілердің ауыл сыртына шатыр тігіп өнер көрсетіп жататын әдеті де болған. Олардың арасында акын, әнші, мерген, балуан, қуақы, түрлі-түрлі өнерпаздар жүретін. Серілер тобының бірдей ат мінуі, бірдей киім киюі, салдардың елден ерекше, алабажақ киімі, басындағы үкісі де көшпелі дала артистеріндей әсер қалдыратын.

Салдардың ауыл сыртына келіп құлауы, қыздардың көтеріп алып кетуінің белгілі дәрежеде эстетикалық мәні болды, халықтың драма өнеріндегі ойын-сауықтың бір түрі қызметін атқарды.

Ақан серінің өмірі мен шығармашылығы турасында ең алдымен зерттеу жазған М.Жұмабаев осы айтылғандарды ел аузынан, оны тікелей көргендердің естелігіне сүйеніп жазған. Бұл кезде дүниеден кеткеніне он шақты жыл шамасындай ғана болған серінің жүріс-тұрысы ел есінен шыға қоймаған, ұмытыла қоймаған еді.

Радиосы мен теледидары, музыка мектебі болмаған төңкеріске дейінгі қазақ ауылында өнер-білімнің таралу жолы, тәсілі түрлі-түрлі.

Е.Е.Арешян: «Көшпелі бақташылық кәсіп еткен қоғам дүниеге келтірген коммуникация жүйесінің мәдени информацияны тарату қашықтығымен беру жылдамдығы жағынан жеткен жетістіктері ұлы империяларды жасаушы мәдениет үшін қол жетпейтін биікте болған», – деп жазады [22].

Осы міндетті атқарушылардың қатарында сал-серілердің орны ерекше, бөліп айтуды қажет етеді. Жалпақ жұртшылық ортасында өз әлінше санаткерлікпен ағартушылық және оқытушылыққа пара-пар қызмет атқарды да.

Мал соңында жүрген, шаруа қамымен оқшаулау отырған, әбден зеріккен ауыл алыстан келген өнерпаздарын қуана қарсы

алады, бір үйден домбыра үні шықса, сол үйге басқа үйдің адамдары тегіс жиналады. Келесі ауыл одан әрі еркелерін іліп алып кетеді. Осылайша эн-жырға ынтық қауым сал-серісін, қолдан-қолға түсірмей жүреді. Өнерге бейім, қабілетті, талапкер жастар өнерпаздардың қасына ілесе жүріп, эн-жыр үйреніп, тәлім-тәрбие алған.

Тайжан ақын Сырға дейін барып, серілік құрған:

Аралап Сыр бойында серуен еттім,

Ән шырқап жырдан талай көш жөнелттім.

Арқадан Сыр еліне ескерткіш деп,

Әнімді мен Нартайға тастап кеттім –

дейді ол.

Нартай әндеріндегі Сыр бойы эпикалық саздарымен қатар Арқаның шалқымалы әндерінің қатарласа келетін әуен ерекшелігі де осы Тайжанның ықпалы.

Демек, сал-серінің ел аралап өнер көрсетуінің кең даланың бір-бірінен шалғай жатқан региондарын бір-бірімен жалғап, байланыстыратын, «рухани көпір» ретінде де әлеуметтік мәні болғанын айту керек. Мәселен, Балуан Шолақ пен Біржан сал бастаған өнерпаздар кемі 2-3 мың шақырым шамасында жол жүріп, Жетісу өлкесіне дейін келіп, ойын-сауық құрған.

Әрі ақын, әрі эн шығарушы, әрі әзілкеш ретінде сал-серілер халқымыздың өткен өміріне сән беріп, ажарланып келген құбылыс екені даусыз. Осындай сегіз қырлы, бір сырлы өнерпаздар тобын дүниеге келтірген көшпелі жағдайдағы тарихи-әлеуметтік себептер, сол кездің рухани сұранымы еді. Ал құбылыстың тереңнен тамыр тартатын бастаулары мен көне тегі тарихи-этнографиялық тұрғыдан кеңірек қарастыруды керек етеді, біз осы өте маңызды жұмысты этнографтар мен музыка зерттеушілердің еншісіне қалдырып, сал-серілердің әдеби шығармашылығына көшеміз.

Әнші ақындар айналасында өтіп жатқан құбылыстарды сырттан бақылаушы ретінде емес, өз басынан кешкен жайларды суреттеу арқылы махаббат пен гадауат, теңсіздік пен әділетсіздікті, қоғамдық орта мен жеке адамдар арасындағы қақтығысты, кереғарлықты бейнелейді. Біржан мен Ақанның

соңынан іле-шала шыққан Мәди, Жаяу Мұса, Сары Батақұлы, Иманжүсіп, Қанапия т.б. ақындар жалаға ұшырап қуғын, тепірес көрді, өз әндерін дәуірдің қиындықтарына қарсы қару ретінде пайдалана білді. Сол себепті айтылған ақындар шығармашылығы күрескерлік сипатымен ерекшеленеді.

Патша үкіметінің отаршылдық саясатының күшеюі, капиталистік элементтердің сахараға дендей енуі, әлеуметтік шиеленісті асқынта түсті. Екі ғасырдың түйіскен аралығында ғұмыр кешкен әнші ақындар шығармашылығында осы қоғамдық жағдаяттар елеулі із қалдырды. Осы кезеңнің бар болмысын, замананың қыр-сырларын Ақан серінің шығармашылығынан айқын аңғаруға болады. Оның ақындық өмірнамасын шартты болса да екіге бөліп қарастыру дұрысырақ тәрізді.

Алғашқы кез – ғашықтық, сұлу қыз, жүйрік ат, қыран құсты әнге қосқан, өмірінің ең әдемі шағы. Бұл уақыт – патшалық Ресейдің қазақ даласын бодандап үлгергенмен, оның ішкі ісіне араласа қоймаған сәті. Екінші кезең – жеке бастың мұңына ел қайғысы қосылып, ақынды түңілдірген мезгіл отаршыл үкіметтің даламызда жаңа ел билеу реформаларын енгізген уақытқа сәйкес келеді. Айтылған реформалар тыныш ел ортасына от қойғандай әсер етті, үлкен әлеуметтік дерттерге себепші болды, партияға, жікке бөліну күшейді, ел араздығы өршіді, Мұрат ақын тілімен айтсақ, «бір бәледен мың бәле туып кетті». Ұлт басына түскен зауал, қазақ жеріне сырттан қоныс аударған орыс қарашекпендерінің ағылуы, ата-қоныс, туған мекенінен айрылған ел-жұртының жайы ақынды күйзелтті. Мұның бәрі торығушылық, үмітсіздік сарындарын туғызды.

Аталған дәстүр кейінгі профессионал өнердің дамуына әсерін тигізді, ХХ ғасырдың басында заңды жалғастығын тапты.

Дәстүр – ең әуелі халықтық ұғым. Ол – әдетке сіңген салт, ғұрып, мирас ұғымдарының халық өмірінің диалектикалық-материалистік даму кезеңдерінде қалыптасқан шеңбері үлкен қасиетті мұраларының бірі. Дәстүрдің сапасындағы қоғамдық құрылысқа тән қалыптасу, мінез-құлық нормалары, идеялар, әдет-ғұрып, салт-сана т.б. барлық қоғамдардың бүкіл қоғамдық өмірінде белсенді рөл атқарады.

Дәстүрдің түрлі тармақтары халықтардың тарихи дамудан өткен қауымдық, халықтық, ұлттық өсіп-өркендеу кезеңдерімен қосыла жүріп отырады. Әрине, бүкіл дәстүр атаулыны жасаушы да, қалыптастырушы да, оны ілгері дамытушы да – халық. Барлық халықтардағы жақсы дәстүр атаулыға тән қасиет – оны бүкіл қоғам мүшелерінің дұрыс, шынайы сеніммен, ізгі сезіммен қабылдап отыратындығы. Зерттеуші фольклорист К.В.Чистовтың пікірінше: «Тұтастай алғанда, мәдениет секілді дәстүр – бұл ұжымдық жад (яғни, генетикалық емес, әлеуметтік) [23, 7].

Ал, барлық халықтардың эстетикалық танымдық өміріндегі ең құдіретті игі сапаның бірі – ауызша және жазбаша сөз өнерінің дәстүрлері. Шынында да, халықтық сөз өнерінің дәстүрлері өз алдарына дербес, жеке эстетикалық, нақты көркем категориялық бастамалы құбылыстар ретінде танылады. Дүние жүзілік сөз өнері тарихында барлық елдерде де дәстүр атаулы әуелде жаңалық, жаңашылдық түрлерінде пайда болды. Дәстүрдің әуелгі соны із боп салынуы сөз өнері тарихындағы жеке тұлғалардың бір-біріне ұласқан шоғырлы топтық есімдерімен аталады.

Сөз өнерінің ең негізгі түрлерінің бірі – халық поэзиясы. Халық поэзиясының авторлары ұмытылып кеткен және авторы белгілі түрлері де дәстүрлі тарихи дамудың жолымен келеді. Ал, халық поэзиясының ішінен бөлінетін салалар бойынша ақындық дәстүр ең көрнекті орын алады. Себебі ақындық дәстүр – өнер атаулының көптеген белгілерін өз бойына сақтай отырып, сөз өнерінің қуатты күшін ғасырлардан ғасырларға жеткізіп келе жатқан қоғамдық құбылыс боп саналады [23, 7-8].

Халық поэзиясының дәстүрлі табиғатына сай көркем өнерге кіретін сөз өнері, әуез өнері, әншілік – орындаушылық (термешілік, жыршылық) т.б. түрлердің тұтастануы – бір ғана халықтың өнеріне тән құбылыс емес. Бұндай көп қырлы өнер сипатын иелену – әлем халықтарының тарихындағы дүниежүзілік мәдени байланыстардың рухани жақындығы көрсететін фактор. Осыған байланысты қазақтағы ақындық өнер

табиғатына үндес дүниежүзілік сөз өнері тарихынан көптеген фактілерді келтіруге болады.

Біз бұл арада дүние жүзі халықтарындағы суырып салма, төкпе ақындық өнер иелерінің музыканы, орындаушылықты қатар тұтынған шеберлері болатын үндестікті ғана ескере алып отырмыз. Демек, осындай ұқсастықтарына байланысты дүние жүзі халықтарындағы ақындық өнердің жалпы табиғаты тектес екендігі танылады. Ал, дәстүрлі ұлттық түріне, уақытқа сай мазмұнына байланысты әр халықтағы ақындық өнердің тек өзіне ғана тән ерекшеліктері болатыны мәлім.

Өзара сабақтас, үндес боп саналатын осы өнер шеберлерінің импровизатор ақындық, музыканттық (орындаушылық пен композиторлық), жырдың сөзі мен әуезін ажырамас бірлікте ұстанғанын көреміз. Бұл құбылыс – ақындық дәстүр табиғатының дүниежүзілік көлемдегі поэзиялық мұралармен бірге жасап келе жатқан мәңгілік өнер екендігін дәлелдейді. Кезінде академик М.Әуезов өзінің «Айтыс өлеңдері» деген мақаласында айтыс ақындарының қатарында Батыс Еуропадағы фильмдерді, терістік Франциядағы труверлерді, орталық Еуропадағы мейстензингерлерді, Скандинавия елдеріндегі скальдтерді, ағылшынның менестрлерін, орыстың скоморохтарын айтыс ақындары ретінде бағалады [24, 282]. Әрине, ақындық дәстүр ерекшеліктерінің әлем халықтарына ортақ сипат алуында көптеген елдердің қоғамдық құрылысы дамуының тарихи жағдайларының ұқсас боп келуінен деп те қарау керек сияқты. Әсіресе, Орта Азиядағы қазақ, өзбек, қырғыз, қарақалпақ халықтарындағы ақындық дәстүр белгілерінің өте ұқсас болуы осыны көрсетеді. Бұл айтылғандарды әлем халықтары әдебиеттерін тарихи кезеңдерге жүйелеу (периодизациялау) жұмыстарында да ескерілуге тиісті ең басты мәселелердің бірі деп санаймыз [23].

Демек, қазақ халқының ақындық дәстүрі дүние жүзі халықтарындағы өзі тектес осындай өнер ерекшеліктерімен үндеседі. Ақындықпен егіз жүретін музыка өнері жағынан Шығыс Еуропа фольклорымен, ал ақындық өнер, ақындық өнердегі музыкалық аспаптарды тұтынуы жағынан Шығыс

Сібір, Алтай, Орталық Азияның халықтарының өнерімен туысады.

Дүниежүзі халықтарындағы осындай ұқсас ерекшеліктерімен үндесе отырып, қазақ поэзиясындағы ақындық өнер дәстүрі өзіне тән қасиеттермен дараланады. Біз енді осы мәселеге тоқталамыз. Қазақ поэзиясының тарихындағы жыраулық, ақындық дәстүрлер о баста халықтық фольклорлық дәстүрден өсіп шыққан жаңа сапалар. Халықтың сөз өнері дәстүрінен енген осы жыраулар, ақындар поэзиясы халықтың қоғамдық әлеуметтік өміріндегі табиғи құбылыстармен, өзгерістермен қосыла өрбіп дамыды. Академик М.Әуезов айтқандай: «...произведения народных поэтов в виде подлинно народных творений должны изучаться с точки зрения взаимосвязей в прошлом и взаимопроникновений в настоящем. Нет племенных культур по происхождению, а есть культура человечества определенных стадий развития...» [25, 413].

Түркі халықтарының ортақтық даму кезеңінен кейінгі ХҮ–ХҮІІІ ғасырларда қазақтың дербес халықтық әдебиеті болып қалыптасқан жыраулар поэзиясы – дәстүрлі тарихи дамудың жемісі. Олар өздерін қоршаған өмір, қоғам, заман туралы ақыл-өсиетті мазмұнға толы дидактикалық толғаулар мен елдің қорғаны болған ержүрек батырларды, әділ би-казыларды, шешендерді мадақтайтын арнауларды шығарған.

Ал, ақындар поэзиясы – жыраулық поэзия дәстүрін өз ішіне сіңіре де дамыған түр. Фольклорист – ғалым Р.Бердібаев эпикалық шығармалар жырлап келген бұрынғы жыраулық өнердің кейіннен ақындық өнерге толық ауысқанын атап көрсетеді [26, 38].

Ақындық поэзияның негізгі мәселелеріне байланысты қазақ әдебиеттануы мен фольклористикасындағы зерттеушілері Б.Кенжебаев, Е.Ысмайылов, Х.Сүйіншәлиев, М.Мағауин, Е.Тұрсынов, Қ.Сыдыков т.б. жыраулық, ақындық поэзияның пайда болуы, қалыптасу, даму тарихына байланысты іргелі еңбектері жазылды.

Профессор Б.Кенжебаев: «...ақындар өлеңді, жырды түрлі кезде түрлі мақсатпен шығарып, түрлі орынға, түрлі мақсатқа

пайдаланған, соған орай оларды халық әр кезде жырау деп, жырышы деп, ақын деп әртүрлі атаған. Мысалы, ертеде қазақ хандығы тұсында ақындар өлеңді, жырды, толғауды ханға халықтың хал-жайын, мұң мұқтажын айту, аңғарту мақсатымен, оны халықтың қамы үшін пайдаланған, құрал еткен. Ақын халықтың тілі, идеологы болған» [27, 73] – дейді. Ақындық поэзия өмірдің қоғамдық-әлеуметтік әрі тұрмыстық сан алуан құбылыстарын бұрынғыдан да кең қамти бастаған кезде оның өзіндік дербес эстетикалық көркемдік стиль ерекшеліктері айрықша даралана бастады. Профессор Х.Сүйіншәлиев: «Асылы, «ақын» деген есімге ерте ие болған аты мәлім ақын Көтеш. Одан бұрынғылардың ақын аталғаны Құтан сияқты бірен-саран. ХҮІІІ ғасырлық Көтештен басталатын ақындық өнер кейін ХІХ ғасыр қазақ поэзиясынан тұрақты орын теуіп, өрістей түседі. Ақындар поэзиясы өзіндік өзгешелігі бар өнер десек те, ол өзіне дейінгі жыраулар өнерінің заңды жалғасы» [27, 8] – дейді.

Ал, зерттеуші Е.Тұрсынов ақындар поэзиясына байланысты қазақ фольклористикасындағы пікірлерді қуаттай отырып, ақындық дәстүрдің өте ерте замандардан келе жатқан ежелгі мұра екендігіне байланыста көңіл аударарлық өз пікірін білдіреді, яғни ақындық поэзияға тән кейбір белгілердің негізгі жыраулық поэзиядан да бұрынырақ қалана бастағанына назар аударады. Атап айтқанда, ақындықтың өте көнелік сипаттарының қатарында мынадай белгілерді атайды: еркектің де, әйелдің де ақын болатыны – ежелгі матриархатқа тән екені: ақынның тек ру атынан ғана сөйлейтіні: көне ырым рәсімдерді атқарушы, басқарушы болуы (үйлену тойы, бет ашар айту, тойды өлеңмен бастау, өлген кісіні мадақтап толғау айтуы), яғни көне синкретті сипатының мол болуы: ақындық өнердің тылсым күштердің әмірімен тарайтындығы туралы аңыздық ұғымның көптігі: ақындарды жіберуші аңдар туралы тотемдік ұғымдардың болуы (мысалы Сүйімбайдың жебеушісі – көк қасқыр, Жамбылдың жебеушісі – арыстан) [15, 98].

Бұл қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдерін тарихи даму тұрғысында жіті тексерулердің қорытындыларынан туған

құптарлық пікірлер. Себебі, ақындық дәстүр жолы – қазақ елінің тарихи дамуымен қоса қаралады. Ал, ақындық дәстүрдің өзіне дейінгі дәстүрдің заңды жалғасы болатын себебі ақындар жыраулық поэзиядан бір жолата бөлініп, қара үзіп кеткен жоқ. Яғни кейінгі ғасырларда да ақындық, жыраулық поэзияға тән ортақ белгілер сақталып қалды. Мысалы, толғау, арнау жырлардың жанрлық ерекшеліктері ақындық поэзияда қолданылып келеді. Сондықтан, қазақ халқының дербес боп барынша кең танылған тұсында сөз өнерін үлкен әлеуметтік-қоғамдық пафоспен жырлаған ақындық поэзияның қалыптасу кезеңі – ХҮІІІ-ХІХ ғасырлар деп танылған қалыптасқан тұжырымды қолдаймыз.

Ақындық дәстүр жолы бүгінгі күнге дейін көркемдік шеберлікке жетілудің талай белестерінен өтті. Осы мәселені айқындау үшін енді қазақ поэзиясындағы ақындық дәстүр ерекшеліктері мен ақындардың типтеріне тоқталамыз.

Өздерін қоршаған ортадағы қоғамдық-әлеуметтік оқиғалары, адамдардың әрқилы мінез ерекшеліктері, табиғат құбылыстары т.б. тұрмыстық жағдайлар ақындар поэзиясындағы сезімге толы реалистік жырлардың арқауы болды. Сондықтан, ақындық дәстүрдегі сөз шеберлері жыраулық поэзиядағы азаматтық пафосты толғауларды қолдана отырып, ақындық поэзияға тән сезімге, лиризмге құрылған поэзиялық шығармаларды дүниеге әкелді. Олардың шығармалары қысқа көлемді терме-жырлар, ән-өлеңдер, төкпе импровизаторлық өнердің құдіретінен туған айтыс жырлары, эпикалық дастан-поэмалар болды. Сонымен қатар, бұрын жыраулар өз толғауларын, арнауларын қобыздың зарлы күйіне қосыла жырласа, енді ақындар тек қана домбыраға, кейіннен кейде сырнайға қосыла жырлауды дәстүрге айналдырды. Айрықша айтылатын негізгі ерекшеліктердің бірі – қазақ поэзиясының тарихындағы ақындық өнер иелеріне тән қасиеттердің ең бастысы – бойларына алуан өнер түрлерін сіңіре, соларды қатарлас қолдана білуі дер едік. Жыраулық, ақындық поэзияға ауысқан бұл дәстүрдің бастау көзі – фольклор. Зерттеуші Н.И.Кравцов: «Фольклор – особьий

синтетический вид искусства, соединяющий в себе искусство слова, музыки и исполнения, проявляющиеся по разному в разных жанрах» [23, 5], - дейді. Сондықтан да ауызша ақындық өнер иелерінің фольклорлық сипаты да осы қасиеттеріне байланысты деп түсіну керек.

Әуелде жыраулық поэзияға осындай фольклорлық ежелгі сөз өнері тарихынан келіп жалғасқан осы дәстүр ізі кейінгі ауызша және жазбаша ақындар творчествосында сақталып қалды. Ақындардың бұрынғы жыраулық поэзиядан сақталып келген осы суырып салмалық (импровизация), жыршылық, әншілік, композиторлық қасиеттері уақыт өткен сайын жаңа сапа биіктігіне көтерілді. Осы бірнеше сапалардың белсенді сипатқа айналуы ақындық өнер табиғатында іштей тығыз байланысты, бірақ өзіндік айырмашылықтары, сапалық өзгешеліктері бар өнер иелерінің даралану процесінің жүріп жатқандығын да көрсетті. Яғни, ақындық дәстүрдің даму өрісіндегі осы өзара сапалық өзгешеліктері бар өнер иелерінің даралану процесі қазақ әдебиетінің тарихында ақындардың әртүрлі типтерін, әртүрлі дәстүрлі мектептерді дүниеге әкелді. Халық ақындарының осындай типтерге бөлінуіне байланысты академик М.Әуезов былай деді: «тип народного акына вообще многообразно. Репертуар, жанр и профессионально-творческие навыки одной группы акынов совершенно отличны от всего этого у акынов другой группы. Есть народные – поэты и эпики (типа Марабая); есть певцы – лирики (типа Биржана, Ахана, Жаяу-Мусы): есть импровизатор – акыны только айтысов (типа Шоже, Кулмамбета): есть также поэты – печальники народа (типа Асанкайгы). Очень популярно также поэты – слагатели исторических песен и призывных песен к сопротивлению, борьбе и ставленников царизма» [25, 418].

Біз ақындарды әртүрлі типтерге классификациялаған академик М.Әуезовтің осы пікірін өз жұмысымызға басшылыққа аламыз. Ақындық өнердің табиғатындағы жалпылық қасиеттер (озбырлықты сынау, айтыскерлік, жыршылық) бәріне де ортақ, бірақ әртүрлі типтерге бөлінуі – ақындардың шығармашылығына тән, даралана қалыптасатын

стиль, машық мәселелерін көрсетеді. Мысалы, Біржан, Ақан, Жаяу Мұса т.б. әнші ақындар типі ақындық, әншілік, композиторлық өнер түрлерін ажыратпай қатар қолданудың дәстүрін қалыптастырды. Ал, кеңес дәуіріндегі Кенен, Иса, Шашубай, Нартайлар осы стиль – машықты эстетикалық қуаты жоғары өнер дәрежесіне көтерді. Халық ақыны Нартай осы әнші ақындық мектепте қалыптасып, ақындықтың бұл типіне тән дәстүрлі ұғымды жаңашылдықпен жалғастырды. Осы арада ақындардың бәріне де тән мына мәселені де айта кетуге тура келеді. ХҮІІІ–ХІХ ғасырлардағы қазақтың Көтеш, Шал, Жанак, Кемпірбай, Шөже, Шортанбай, Мұрат, Дулат, Сүйінбай, Құлмамбет, Майлы, Мәделі және Жамбыл дәстүрі ізіндегі әдебиет өкілдерінің барлығы да жыраулық, ақындық поэзияға тән дәстүрлерді кейде ежелгі қалпын сақтай, кейде түрлендіре, дамыта жандандырып отырады. Яғни, біріншіден, бұлардың кейбірінің өлеңді жазып шығаратын мүмкіндіктері бола тұра, суырып салма импровизаторлық дәстүрді сақтап отыру. Екіншіден, бұлардың барлығы да өздерінің табан астында тұтқиылдан туған, қысқа не эпикалық туындыларын әріде қобыз, беріде домбыра, сырнай секілді музыкалық аспаптарға қосыла, белгілі әуендермен, мақамдармен, саздармен орындау.

Академик А.Жұбанов сөзімен айтқанда: «...ақын-жыраулардың... әрқайсысының саздарының өзі үлкен музыкалық көріністер. Олардың әрқайсысының өзіне тән мелодиялық композициясы бар. Біреулері толғау сияқты болып, біреулері өткір қалжыңды, біреулерінікі сызылған әнге жақын, біреулері өзін таныстырудан бастап, содан келелі кейпіне көшеді. Ол кезде музыка да сол кейіпті беріп отырады. Біреулері басында сөзсіз біраз музыкалық кіріспе сияқты суреттер салып, заставкаға ұқсас музыкалық кесек береді. Бұлардың музыкалық тілдері сөздеріне, текстіге, негізінде сай келіп жатады» [28, 199]. Осындай қасиеттеріне қоса қазақ ақындарының дені – күйші композитор, шығармаларын өзі орындайтын болады. Мысалы, Махамбет – импровизатор ақын, әрі күйші – композитор да болған. Оның «Шілтерлі терезе», «Исатайдың Ақтабаны-ай», «Жайық асу», «Қиыл қырғыны», «Жұмыр қылыш», «Қайран

Нарын», «Өкініш» атты күйлері – Махамбет жырларының жауынгерлік пафосының музыка тіліндегі үні.

Жаяу Мұса Байжановтың да «Қыз күйі», «Қыз бала күйі», «Құм жылан күйі», «Қыз қарқыра», «Қамшылау» күйлері бар.

Қазақ поэзиясындағы жыр алыбы Жамбылдың да композиторлық және орындаушы күйші болғаны мәлім. Оның сөзін де, әнін де өзі шығарған «Айтыс», «Ел елдің құт дарыған Есім-Малай», «Жаз жыры», «Өсиет», «Терме» атты әндері бар. Ертерек кезде көршілес қырғыз халқының өнерпаздарымен жыр сайысына айтысқа түсе жүріп жұлде алса, күй жарысында да өнер сынасып, бірақ күй сайысынан жеңілсе керек.

Демек, импровизатор ақындардың басым көпшілігінің қазақтың музыкалық фольклорына қосқан зор үлестері бар. Бұл құбылыс – біздің ұлттық фольклорымызды зерттеудің үлкен проблемасы.

Қазақтың ақындық поэзиясына тән бұндай қасиет ұлы Абайдан басталған жазба ақындық дәстүр ізіндегілерден де байқалады.

Байырғы жыраулық, ақындық дәстүрден бастау алған қазақ лирикасының халықтық поэзиясындағы әнші лирик ақындардың типі – қазіргі уақытта үлкен арнаулы ақындық мектепке айналды. Әнші ақындардың творчестволық ерекшеліктері бүгінге дейін қазақ әдебиеттануы мен фольклористикасында, музыкалық фольклорға байланысты еңбектерде сөз болған. Сондықтан әнші ақындар туралы бұрынғы айтылғандарды қоштай отырып, біз осы ақындық мектептің дәстүрлі жалғастығына назар аударамыз. Қазақ лирикасының тарихи даму жолын зерттеген ғалым-ақын Ә.Тәжібаев: «Лириканың негізгі халық өлеңдерінде, әсіресе, салсері атанған Ақан, Біржан, Жаяу Мұса, Ыбырай, Әсеттерде жатқандығын» – көркемдік таным тұрғысында зерттеудің кезектегі мәселесін айтады [29, 265]. Қазақ әдебиеті тарихының даму, қалыптасу процесінің тарихи заңдылықтары аясында қарағанда, әнші лирик ақындар поэзиясының қалыптасқан үлгі мектебі – Біржан салдың өнері. Біржан мектебіндегі ақындардың дара сипаттары әрбір жеке әнші ақынның авторлық

қасиеттерімен толыға, түрлене дамып отырған. Яғни, Біржан сал, Ақан сері, Жаяу Мұса, Мәди, Үкілі Ыбырай, Тайжан, Әсет, Шашубай, Кенен, Иса, Нартайлардың шығармашылық мұралары – халықтық лириканың, яғни ақындық дәстүрдің ғажайып қасиетті қазынасы. Олай дейтін себебіміз, халық поэзиясының әнші ақындар мектебі дәстүрлі ақындық өнер арнасында әмбебап өнер иелерін тарих сахнасына шығарды. Суырып салма (кейде әрі жазба) ақындық, қысқа өлеңдерді орындайтын әншілік, эпикалық әнші ақындардың ақындығы әнмен, мақам-сазбен орындалатын қысқа көлемді лирикалық өлеңдерінен бастап, эпикалық көлемді ірі дастан – хикаяттар, поэмалар, түре (шағын көлемді), сүре (эпикалық кең көлемді) айтыс өлеңдер шығаруға дейін дамыған. Бұлардың кейбірі (Иса, Нартай) үнемі ақындық өнерлерін үздіксіз дамыта жетілдіріп отырып, Иса ақын тіпті профессионал жазба әдебиетінің биігіне көтерілді. Фольклорлық элементтерді сақтай отырып және ақындық мектепке тән жанрларды да меңгерген бұл ақындардың шығармашылығына қазақ халқының Шығыс (араб, парсы, үнді) өзге түркі, орыс әдебиеттерінің әсері, ықпалы күші болғаны анық. Себебі, бұлардың лирикалық және тарихи өлеңдерінің, жазба айтыстарының, қисса дастан – хикаяттарының, мысалдарының ауызша да, жазбаша да жасалып таралуында әдебиетке тән көркемдік қасиеттердің рухы күштірек сезіледі.

Ақындардың бір алуаны халықтың рухани тілегін қанағаттандыру жолындағы ерікті халықтың өнер қызметшілері болу қызметін атқарғандықтан халық оларды сүйіспеншілікпен еркелетіп, «сал», «сері» деп атаған. Сал, серілердің халыққа қызмет ету дәстүрінің жалғасындай жекелеген ақындардың қасына үздік ақындарды, әншілерді жиып, ел аралап, халықтың рухани қызметшісі болу үлгісі ХХ ғасырда жаңа мазмұнда, одан әрі дамытыла жалғастырылды. Сөйтіп, отызыншы жылдардың аяғы мен қыркыншы жылдардың басынан бастап, республикамыздың Иса, Қалқа, Кенен, Нартай секілді әнші ақындары бұрынғы замандық осы дәстүрдің жаңа үлгісі – концерттік үгіт бригадасы түріндегі өнер шеберлерінің топтарын ұйымдастырды. Халық ақындарының осындай

көркемөнерпаздық концерттік үгіт бригадаларының репертуарларындағы халық әндері талай қиындықтар мен азаппен арпалыса жүріп әлсіремеген халықтың күрескер өр даусындай жаңғыра шырқалды. Бұл әнші-ақындық мектептің жаңа дәуірге ұласқан дәстүрлі жаңалығы.

Жыршылық-жыраулық шығармаларына ән әуендерін, мақамдар, саздар шығаратын композиторлық секілді өнер түрлерін тұтастай меңгерген ақындардағы ең жетекші күш – ақындық және композиторлық шабыт.

Өнердің алуан формаларын жеке бір өзіне жинақтаған осындай өнерпаз ақындардың қоғамдық-әлеуметтік өмірдің тынысына сергек үн қосып араласуы – олардың өмірді жіті танитын терең ойлылығына, сезімталдығына байланысты болса керек. Ақындардың ойлылық, сезімталдық қасиеттерінің дамуы, әрине дүниетанымына және ақындық шабытқа байланысты.

Импровизацияның қуатты күші – бұған сәтте ақын тасып кемерінен асқан өзендей, немесе ақжал асау толқындары буырқанып жатқан теңіздей күйге түседі. Бабы келіскен бәйге тұлпарындай, тоят іздеген қырандай дүбірлі жүректің дүрсілдей соққан қуатымен нөсерлі жырдың дауылды боранын тудырады. Профессор Е.Ысмайылов: «...шабыт дегеніміз, ақындық муза, тәңір өнері емес, ол ақындық шығармаға жан-тәнімен берілудің көрінісі». «...ақындық талант, шабыт ақын көңіліне тәңірінің әкеліп қойған сыйлығы, ерекше қасиеті емес, ол түсіне келіп қонатын, немесе шақырып келтіретін киелі «пір» сияқты дерексіз бір нәрсе емес, адамның саналы ойының, қажырлы шығармашылық еңбегінің жемісі» [14, 79] – дейді.

Негізінде, Біржан, Иса, Кенен, Шашубай, Нартай секілді әрі лирик, әрі эпик, әрі әнші ақындардың барлық шығармалары театры, филормониясы болмаған қазақ елінің тарихында олардың ел алдындағы орындау ерекшелігі, әндерінің, әуен-мақам, саздарының жұрттың ауыздарында жүруі арқылы халыққа кең танымал болуына себепкер болғаны анық. Бірақ, әннің де, әуен-мақам, саздың да тұлғасын құрап тұрған өлең – сөз. Сондықтан әнші ақындықтың жетекші күші өршіл романтикалық пафос пен нәзік, сыршыл лиризм шуағына

малынған ақындық шабыт екендігін айта келіп, академик З.Қабдоловтың: «...шалқыған шабыт болмайынша шеберліктен де ештеңе шықпайды. Шабытсыздық – қабілетсіздік, қабілетсіздік – дарынсыздық, дарынсыздық – талантсыздық» [30, 14]. Демек, алкалы шаршы топтың алдында жарқ-жүрқ еткен найзағайлы жыр нөсерін төгіп, ән-өлеңдерімен, айтыстарымен бүкіл халыққа танымал болған ақындардың жыр мен әні қосыла өріледі. Ақындық, әншілік қасиеттердің қатарласа шапқан аламан бәйгесінде әнші ақындардың хас тұлпардай үздік даралықпен бағаланып отыруындағы ең елеулі ерекшелік – айтыскер ақындық.

Импровизаторлық өнердің дүлдүл жүйріктері Жанак, Шөже, Шернияз, Түбек, Майкөт, Қабан, Бақтыбай, Сүйінбай, Құлмамбет, Жамбыл секілді алыптарының бүгінгі күнге дейін қасиетті дәстүр боп тартылған жолында қазақтың арғы-бергі тарихындағы әнші ақындары Біржан сал, Ақан сері, Әсет, Үкілі Ыбырай, Тайжан, Шашубай, Кенен, Иса, Нартайлар да айтыс өнеріне елеулі үлес қосты. Мысалы: «Шөже мен Кемпірбайдың айтысы», «Біржан мен Сараның айтысы», «Біржан мен Бабақтың айтысы», «Кемпірбай мен Әсеттің айтысы», «Әсет пен Ырысжанның айтысы», «Ақан сері, Ысмағұл, Шаймарданның айтысы», «Иса мен Қуаныштың айтысы», «Иса мен Нұрлыбектің айтысы», «Шашубай мен Көшеннің айтысы», «Шашубай мен Болманның айтысы», «Кенен мен Шәлипаның айтысы», «Кенен мен Ләтипаның айтысы», «Жамбыл мен Кененнің айтысы», «Кенен мен Әбдіғалидың айтысы», «Кенен мен Бопинаның айтысы», «Кенен мен Шашубайдың соңғы кездесуі», «Кенен мен Әсімханның айтысы», «Кенен мен Халиманың айтысы», «Нартай мен Нұрлыбектің айтысы», «Нартай мен Қазанғаптың айтысы» т.б.

Біз әрине, бұл арада ақындық өнер иелерінің тек ең көрнекті тұлғаларын ғана мысалға келтіріп отырмыз. Ал, өз арасында, халық ортасында жүріп әнші-композиторлық өнер мен айтыскер ақындықты қатар меңгерген ондаған ақындардың есімдері халықтың жасампаз, алып жүрегімен қосыла соғып, өмір сүріп келе жатыр. Осыған байланысты академик М.Әуезов:

«Халықтың айтыс өнерін қадір тұтуы, суырып салма айтушылықты аса жоғары бағалауы әр ақынның да өз қабілетін, дарынын қапысыз шыңдауына ерекше ықпал жасаған. Қазақ арасында ежелден бері әнші ақынның да, жыршының да импровизатор болып келетіндігі осыдан» [24, 205], – дейді.

Ақындардың халыққа танылуы да осы айтыс жанрына байланысты көрінеді. Яғни, бұнда айтыс өлеңдерінің әсем әуезді әуен-мақаммен, сазбен, сахналық элементтері басым мимикалық қасиеттері мол орындаушылық шеберліктері олардың тыңдаушы қауыммен арадағы байланыстарын кіріктіре түседі.

Ақындық өнерге фольклорлық дәстүрден ауысқан бұл сапаның құрамындағы поэзиялық шумақтардың құрылысына эмоциялық бояу, ажар беретін мимика, интонация, мелодия секілді элементтердің орындаушылық процесінде эстетикалық ләззат беретіндігінің үлгісі-ақындық мектептің мәңгілік қуатын жоғалтпайтын дәстүр.

Ақындық дәстүрдің өкілдері өз халқының рухани қазынасын дамыта жырлаушылар ретіндегі шығармашылық дәстүр жолын жалғастырып келеді. Халық поэзиясындағы суырып салма, төкпе ақындық, эпик жыршы – орындаушылық және жазба әдебиеттің де әдістерін меңгерген ақындардың шығармалары әрбір халықтың алтын қазынасына айналды. Қазіргі уақытта орыс сказительдері П.И.Рябинин-Андреев, М.К.Рябинин, М.С.Крюкова, М.Р.Голубкова, А.И.Гладкобородова, Е.И.Чичаева, мордва сказительдері Е.Кривошеева, Ф.Беззубова, азербайжан ашугтері Гусейн Бозалганлы, Шәкір Гаджиев, Гусейн Джабан, Панах Панахов, дағыстан ашугы С.Стальский, чечен-ингуш ашугтері Н.Гикало, Ф.Мальсагова, өзбек шайырлары Фазил Юлдашев, Құрбан Исмаилов, қырғыз ырчылары Токтогул Сатылганов, Халық Ақаев, қарақалпақ шайырлары Аббаз Дабылов, Садық Нұрымбетов, Аяпберген Мусаев, якут С.Зверев, хакас С.П.Кадышев, тува Ондар Тевен-Кежеге, Н.Баканаев және Жамбыл бастаған қазақтың халық ақындары – туған халқының жалынды жыршылары ретінде өнер тарихында зор құрметпен аталады.

Сонымен импровизаторлық өнерге негізделген ауыз әдебиеті үлгісіндегі төкпе ақындық дәстүр қазіргі жазба поэзиямен бірге өзара тығыз байланыса, бір-біріне ықпал ете отырып дамып келеді. Ақындардың қоғамдық өмірімізде белсенді қызмет атқаруы – мәдени мұраны қастерлейтін халық арманының жүзеге асуы.

Тақырыбы, идеясы жақтарынан жазба әдебиетпен үндесе дамыған қазақтың халық поэзиясындағы Жамбыл Жабаев, Нұрпейіс Байғанин, Кенен Әзірбаев, Доскей Әлімбаев, Шашубай Қошқарбаев, Нұрлыбек Баймұратов, Иса Байзақов, Нартай Бекежанов т.б. импровизатор ақындардың шығармалары жазба әдебиетпен бірге кезеңдік тақырыптарды да толық игерді.

Ақындық өнер, оның қалыптасу, жетілу жолы үйрену, оқу-үлгі алу, қиын сындардан өтіп, шынығу екені даусыз. Үйреніп, үлгі алусыз құр талантпен ақын бола алмайтыны және белгілі. Алайда ақындық сатылап оқитын бастауыш, орта, жоғары дәрежелі мектеп емес, мұның оқу, үйренуінің өзіндік ерекшеліктері бар. Өзбектің шайыр, бақшыларының үйреніп үлгі алуында мектеп оқуына ұқсас жағы бар. Бақшылардың бірқатары хат таниды, ұстаз ақын, шайырға барғанда ол ұстазының кітапханасынан дастандарды, қолжазба жырларды оқып жаттайды, жаттаудың техникасына төселеді, жаттап үлгермегенін көшіріп алып кетеді. Бұл жазып оқитын, пысықтап жаттайтын әдебиет сабағы сияқты. Алайда жаттағанды жыршының орындауы, халық арасына жаюы халық ақындарының дәстүрімен іске асады.

Қазақ ақындарының үйрену-оқуында жазып немесе кітаптан оқып, үйрену әдеті сирек, мұнда ауызша үйреніп жаттау негізгі ақындық дәстүр. Сыншылдық, шешендік, тапқырлық өнер, лирикалы, эпикалы жырларды, мақал-мәтелдерді, аңыз ертегілерді, халықтық сатираларды әрі шығарып, әрі орындап, дамытып отырып кейінгі ұрпаққа аса қызықты поэзиялық қазына етіп жеткізетін шығармашылық тәжірибе, үлгі – қазақтың ақын, жыршы, жырау, әнші, өлеңшілерінің дәстүріндегі негізгі ерекшелік. Сүйінбай, Шөже, Шернияз, Абыл, Жанақ, Түбек сияқты асқан жүйрік

импровизатор ақындардың, Біржан, Ақан, Жаяу Мұса, Естай, Шашубай сияқты әнші ақындардың, Марабай, Мұрын, Нұрпейіс сияқты атақты эпик жыраулардың шығармашылық дәстүрлері өз заманындағы ақын-жыршыларды үнемі қызықтырып отырған. Себебі бұл ақындық дәстүрдің негізінде халықтың сыншылдық, турашылдық, қиянатқа, әулетсіздікке қарсылық ой – арманы басым жатады. Шернияздың Баймағамбет сұлтан алдындағы, Сүйінбай мен Түбектің Тезек төре алдындағы тайсалмай туралықты айтқан тапқырлықтары, Жаяу Мұсаның Шорман тұқымын әшкерелеуі, Біржанның Азынабай болысқа қарсы, Ақанның құлагерді өлтірушілерге қарсы ызалы өлеңдері, Жамбылдың, Нұрпейіс, Төлеу ақындардың өмір шындығын жырлаған толғаулары, ақындардың айтыстағы өнерлері... үздіксіз дамып отырған, әрбір жаңа ақынды үйретіп, жетілдіретін ақындық мектеп сияқты поэтикалық, шығармашылық дәстүр. Қазақтың импровизатор ақындарының қай-қайсысы болсын осы ақындық дәстүрде тәрбиеленіп, қалыптасады. Ақындық дәстүр, өнер үлгісі заманына, дәуіріне қарай өзгеріп, жаңа идеялық көркемдік сапаға ауысып отырады.

Ақындыққа баулынып үйренудің, талантын қалыптастырудың бірнеше кезеңдері, өсу сатылары бар. Жас баланы шу дегеннен ақындыққа, ән-күйге, өлең-жырға қызықтыратын өз үйінде, өзінің ауыл аймағында үлгілі ақындық дәстүр болады. Жоғарыда айтылғандай, баланың әке-шешесі, не нағашысы немесе ауылдасы жұртты таңғалдыратын ақын, әнші, жыршы болса, дүниенің бәріне қызыға, еліктей қарайтын жас бала алдымен домбыраға, өлең-жырға әуестенетіні сөзсіз. Міне, осы әуестену, қызығу дәуірінде жас ақын естігенін түгел жаттайды, домбыраны тез үйреніп, ән-күйлерді тартатын болады. Бұл әуестену, ақындықты құмартып аңсау дәуірінде жас таланттың басынан жоғарыда аталған түс көргіш, қиналып қиялдану, өңінде де, түсінде де жырлап жүру сияқты әрекеттер өтеді.

Мұнан кейінгі екінші сатыдағы үйрену дәуірі – белгілі ақынның алдын көру, өзін сынға салудан басталады. Бұл дәуірде ақын-жыршылар тек дайын жырларды жаттау, білумен

қанағаттанбайды, өзінің шығарғыштық, ақындық талантын жарыққа шығарады, үлкен ақынға сынатады, ол үлкен ақынның төңірегіндегі басқа ақындармен жеңіл қағысып айтысады, ақындығын өткірлеп шыңдай береді. Бірақ үйрену мұнымен тынбайды, ақын үлкен аға ақынның алдындағы ел тарихы, рулардың басынан өткен оқиғалар, дүниенің жаратылысы, адам өмірі жайынан жаңа білім, ұғымдар алады, ол білім, ұғымдар аға ұстаз ақынның білім дәрежесіне қарай әр алуан болады. Егер ол кітап білімінен хабардар адам болса адам баласы тарихы, дүние жаратылысы, қазақ өмір жайынан дәл, дұрыс, мол білім береді. Егер аға ақынның білім көлемі шағын, аңыз-ертегі, немесе діни жәйттер шамасында болса жас ақындарға өз білгенінен шағын ұғымдар ғана береді.

Жас ақын ел өмірі, тарихы, дүние, жаратылыс құбылысы жайлы ұғым, білімді ақын емес басқа адамдардан да естіп үйренеді, біледі. Сонымен бірге осы үлкен ақындардың қасында, алдында болып жүрген кезінде жас ақын-жыршылар желілі, көлемді жырларды үйреніп жаттауды бастайды. Бұл үйреніп жаттау есейген шағына дейін тоқталмайды.

Үшінші сатыдағы үйрену дәуірі – ақынның дербес ірі айтысқа араласқан кезінен басталады. Әуелі өз ауылында, ұстаз ақынның төңірегінде жеңіл-желпі айтыстарда өзінің ақындық күшін сынға салған ақын ұстазының жақсы бағасын, батасын алып, өзіне-өзі сеніммен қараған, ел тарихынан мәліметі бар ақын үлкен той, аста жауапты айтысқа түседі.

Бұл ақындықтың ашық майданы, жарысы, мұндай майданда екі балуан алысқа түскендей ақындық өнер, күш, білім сыналады. Мұнда жеңіп шықса оның бұған дейінгі үйрену, оқу жолы қалыпты өсумен келе жатқандығын көрсетеді. Дәлелден, білімнен, ақындық сөзден жеңіліп қалса, оның бұған дейінгі ақындық жолдағы үйрену, оқуы жеткіліксіз екендігін көрсетеді. Бірақ жеңген ақын да, жеңілген ақын да осы айтыстан кейін ақындық жолдағы өнерді үйренуден тоқталмайды, шын талантты ақын өмір бойы үйренуден жалықпайды. Жамбыл мен Нұрпейіс жастарды жүзге жақындағанша заман, өмір жайын,

бұрын-соңғы ақындар сөзін неғұрлым мол білуге құмар болып өтті.

Қазіргі халық ақындарының өмірін, шығармашылық өсу жолдарын алатын болсақ, әрқайсысының үлкен ақындық-әншілік, жыршылық ортадан тәрбие алғанын байқаймыз.

Халық ақындарына сана-сезімінің, ақындық өнерінің өсуіне үнемі үлгі, жетер нысана болып отыратын жазба әдебиет екені даусыз. Жазба ақындардың бай халық шығармашылығын көркемдік тіл, сюжет мотиві жағынан үнемі пайдаланып отыратыны сияқты, қазіргі халық ақындары жазба әдебиеттен үнемі оқып үйренеді. Әрі айырмашылығы, әрі жақыңдығы бар поэзиядағы диалектикалық бұл даму процесі – жазба әдебиет пен ауыз әдебиеті арасындағы ғасырлар бойы бұрын болып келген қайшылықтың ажырай бастағандығын көрсетеді.

Сөйтіп, біз ақын болу, ақындық туралы халық ақындарының төрт жүйелі ұғымдарын талдап өттік. Ақындық түсінде келіп қонады, киелі нәрсе деген нанымдар, бір жағынан, ақындардың санасындағы ескіліктің қалдығы болса, екінші жағынан, олардың ақын боламын деп құмарланып, қиналып өткізген өңіндегі әрекеттерінің түстегі елесі болып табылады. Батамен ақын болу деген ақындардың өзін-өзі жұрт көзінде атағын жариялау ғана, оның шын мазмұнына жас ақынның қарт ақыннан үйреніп, үлгі алуы жатады, шәкірттің ұстаз алдында оқып сыннан өту сияқты, ақындық өнерді меңгерудің бір жолы.

Ақындық таланттың оянып жарыққа шығуына адамның бар өмірінде ұмытылмай есте қалатын ересен оқиға себеп болуы ықтимал. Өлім, апат, ыза, намыс немесе тамаша ересен қуаныш, шаттық оқиғалар, қол жетпес махаббаттың үміті талант иесінің басынан кешетін болса, сөз жоқ, оның ашынған немесе өте шаттанған жанын, сезімін қозғайды, ол барлық жан дүниесін сапырылыстырған ерекше оқиға туралы өзінің сезімін өлең-жырмен сыртқа шығаруға тырысады.

Сәттүгүл Жанғабылов, Сапарғали Әлімбетов ақындар жас кезінде жетімдік, жалғыздық, жалшылық қорлықты көп көру – көңілге шер байлады, көкіректегі шер ең алғашқы ақындықты сыртқа шығарғандай болды дейді. Омар Шипин – 1916 жылғы

қанды қырғын көтеріліс, жан ашыр адамдардың соғыста оққа ұшып өлуі, сол қанды күндегі ыза-кек ең алғаш өлең жыр болып сыртқа шықты дейді. Кенен ақын нағыз ақындығым екі оқиғаға байланысты шындап жарыққа шықты. Бірі – қойшы кезімде көк шолаққа мініп тойға бара жатқанымда намысыма тиіп, қыздардың мазак қылғаны, екіншісі – өзім жолаушы кетіп, қайтып келгенімде Базар, Назар деген екі балам бірдей қайтыс болуы. Ең алғашқы жақсы өлең-әнім осы екі оқиғаның ыза, күйігінен туды дейді.

Бірқатар ақындар алғашқы ақындығы – қыздардың қайрап салған айтысына, намысқа тиер сөзіне, махаббат оқиғасына байланысты туғандығын айтады. Бұлар да ақындық таланттың жалт етпе бір ұшқыны болса да, қоғамдық факторлардың бір белгілері саналады. Онан соң, талант оянып, ақындық орта жасалуына қосымша көп себептердің бірі – қолайлы географиялық орта. Әдемі таулы, өзенді, дария, теңізді жерлер ақындық көркемдік сезімнің ерте оянып, қалыптасуына әсер ететіні сөзсіз. Көкшетау, Баян, Шыңғыс, Қарқаралы, Қаратау, Алатау, Жайық, Сырдария, Каспий, Арал бойлары – ақындық жыр, ән-күйге таусылмас тақырып, аңыз, мотив беріп келе жатқаны тегін емес.

Үйрену, үлгі алу, шығармашылық жолда қажырлы еңбек сіңіру ақындық талантты қалыптастыру, жетілдірудің шешуші бір факторы дедік. Сол үйрену, үлгі алу, өсудің белгілі бір мөлшері, кезеңі, сатылары бар. Оның өзін біздіңше төрт дәуірге бөлуге болар еді:

- Әуестену, еліктеу, құмарлану – бұл ақынның жастық шағына жатады.
- Ақындық өнерді үйрену, сынға түсу – бұл ақынның алғашқы өзіндік шығармашылық бетін ашу дәуірі.
- Ашық айтысқа түсу, әр алуан тақырыптарға өлең-жырларды шығарып айту – бұл ақынның қалыптасу дәуірі.
- Тарихи кезеңнің, өз заманының күрделі оқиғаларының, даңқты адамдарын желілі жыр (дастан) дәрежесіне

көтеріп түйіндеп жырлау – бұл ақынның кемеліне келу, шығармашылық гүлдену дәуірі [2, 77].

Бұрын қазақтың халық ақындары әуестену, шығармашылық бетін ашу, қалыптасу кезеңдерін өткізгенімен, кемеліне келу, гүлдену дәуіріне жете алмады, көбіне еліктеу, не ақындық шығармашылығын сыпыру кезеңімен таланттың тұншықтырып, жоғалтып отырды, солардың ішінен ерекше бір таланттылары ғана қалыптасу дәуіріне әзер жеткен.

Екі ғасыр тоғысында өмір сүріп, әншілік – ақындық дәстүрді бүгінгі күнге жеткізіп, жалғастырған тұлғалар сал – серілік құрып, ауыз әдебиетінің рухында тәрбиеленген. Олардың көрнектілері – Кенен Әзірбаев, Шашубай Қошқарбайев, Үкілі Ыбырай Сандыбайұлы, Нартай Бекежанов, Доскей Әлімбайұлы т.б.

Халық ақындары Қазан төңкерісін қуанышпен қарсы алып оны ән – жырларына арқау етіп, үлкен шыбытпен жырға қосады. Мәселен, Үкілі Ыбырай:

Зор қуаныш күн болды.
Ескі дүние тұл болды.
Николайшыл байларға–
Жарық дүние түн болды...
Жуан жұдырық залымдар,
Биік таудың тасы еді–
Бытырап ұсақ құм болды–

дейді.

Ақындарымыздың Ленинді жырға қоспағаны кемде-кем шығар. Кеңес үкіметінің алғашқы күнінен бастап халық таланттарын өз мүддесіне пайдалану мақсатымен Орталықта, республикада айтыс, байқау – концерттер ұйымдастырылып жатты. Халық ақындары айтыс, жыр, толғауларына арқау ететін тақырыптың ауқымы алдын ала белгіленіп қоятын кездерге бағынышты болып келді.

Жалпы Кеңес дәуірінің ақындарына тән сипат – бұл өз кезеңінің оқиға – өзгерістеріне өз бағаларын беруден гөрі, жоғарыдан берілген нұсқаудың, талаптың жетегінде қалуы.

Мұндай құбылыстар Одақтық фольклорда да орын алған. Орыс зерттеушісі Н.Новиковтың айтуынша, жыршыға [сказитель] «аса маңызды тақырыптар» көрсетіліп, жыршының айтқаны хатқа түсетін. Осылайша жазылып алынған шығармалардың қайсысы жыршыға, қайсысы жинаушыға тиесілі жалған идея, ұраншыл тақырыптағы шығармаларға жол ашты [31, 28].

Дегенмен, Кеңес өкіметі тұсындағы сал-сері ақындардың прогресшіл бағытын айтуымыз керек. Яғни, сал-сері ақындардың бұл тұста қоғамдық орны, шығармашылық қызметі өзгеріп, жаңа бір сапаға ие болады. Әр кезең өз құбылыстарымен ақындар поэзиясына ықпалын тигізіп отырса, сал-серілер поэзиясында да заманның бар болмысы, қыр-сыры айқын көрініп отырады.

Мәселен, Ақан сері шығармашылығында отыршыл үкіметтің жаңа ел билеу реформаларын енгізуге байланысты елдегі ала ауыздық, үкіметсіздік, торығушылық сарыны байқалады.

Сол сияқты Үкілі Ыбырай, Кенен, Нартай, Шашубай өлеңдеріне өмір туралы толғаныс, жастықпен қоштасу немесе жастық, серілік шақтарын сағыну сияқты көңіл-күй тебіреністері әсер қалдырды.

XX ғасырдың 70 жылдарына дейінгі сал-сері ақындарымыздың жырға қосатын тақырып аясы кеңіп, заман талабына қарай бой бұрғындары байқалады. Олар енді өз дәуірлерінің кемшілік – жетістіктерін, ел тағдырын тілге тиек етіп, үн қосады. Яғни, ғылым мен техниканың алға басып дамуына қатысты жаңалық – хабарлардың да әнші-ақындарымыздың ой – өрісінің, дүниетанымының тереңдей түсуіне, рухани жетілуіне ықпалы тимей қоймайды. Олар өз дәуірінің жалынды жаршысы болды.

Филология ғылымдарының докторы Ш.Керімов әнші-ақындар поэзиясына ортақ ерекшеліктерді көрсетеді. Ол: «Әнші-ақындар поэзиясында дара өрнектері жеткілікті болумен қатар бір ізділік, ежелден қалыптасқан ұғымдардың моделі, формулалар, жалпылық мәні бір тұтас көшпелі шумақтар аз

емес. Себебі, ауыз әдебиеті коллективтік творчестводан даралық ойысу кезінде фольклорлық рухтан арылып, біржола дәстүр шеңберінен шығып кете алмайды. Демек, олардың творчествосында Ю.М.Лотман атаған эстетикалық жүйенің тұтасып келуі, синтездік бірлігі, араласа жүруі, өзіндік үйлесімі бар» [4, 155] – дейді.

Сал-серілер поэзиясы көркемдігі, тақырыбы, түрі, бейнелеу құралдарының қолданысы арқылы ерекшеленеді. Бұл ең алдымен белгілі бір қоғамдық – әлеуметтік дамудың заңдылықтарымен, сол халықтың ой – санасының дәрежесімен астасып жататын құбылыс. Бұл орайда, Қ.Сыдықов: «XX ғасыр басындағы ақындар творчествосынан анық байқалатын бір нәрсе – олардағы пікір – ой, көркемдік дәреженің әр түрлілігі, ақындардың таным – түсінігі, білім дәрежесі жөнінен де бір деңгейде еместігі. Ғасыр басындағы осы 15 – 20 жыл ішіндегі қазақ поэзиясының үрдіс ізденіс, құлшыныс белгілері XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бас кезіндегі әлеуметтік – саяси, әдеби – мәдени жағдайлардың әсері еді» – деп жазса [5, 8] осынау белгілер сал-сері, әнші-ақындар шығармаларында анық көрсетіледі. Мәселен, Үкілі Ыбырай:

Дүрілде, шіркін, отарба
Оза шап қалмай қатардан.
Алға қарай жоси бер
Қалды артында ат, арба –

деп, жаңа заманды жырға қосса, ал Жаяу Мұса:

Артта қалды Баян тауым,
Жер аудартты ата жауым.
Қанша қысым көрсетсе де,
Өмір бойы бітпес дауым –

деп толғанады.

Молдахмет Тырбиұлы:

Түнектің серпіп көрпесін
Жарқырап күні шыққалы
Ел талаған сұмдарды
Жоғалтып көрге тыққалы,
Нақ отыз бір жыл толды.

деп, жырлайды.

Әдебиет, мәдениет қашан да жұптарын жазған емес. Керісінше, бір бұтақтың гүлі мен жапырағы сияқтанып, адамзаттың мәні мен сәні болып келді. Екі сала бір-бірімен қайнасып, бір арнаға құйылып, рухани азығымызға айналып, дәстүр жалғастығын тауып, сарқылмас қазынамыз болып табылды. Ғасырлар, жылдар өткен сайын өрелі өнерлерімен, мәнді шығармаларымен жұлдыздары жарқырай жанған есімдер рухани арнамызды толығу үстіне толықтыра түсті. Қай халықтың болсын, рухани мұралары халық ауыз әдебиетінен бастау алады. Ендеше бесікте жатқанында-ақ анасының ақ сүтімен ән мен жырды бойына сіңіріп, үлкен сезімінің күшімен сөз маржандарын туындатуда өркені өсіп, халық ақыны атанады. Сонымен бірге, ақын, домбырашы, әнші, сазгер Үкілі Ыбырайдың жиені – Молдахмет Тырбиұлы – әншілік, ақындық өнердің көрнекті өкілі.

Солтүстік Қазақстан жерінде халқымыздың әйгілі қайраткерлері Сегіз сері, Біржан сал, Ақан сері, Балуан Шолақ, Үкілі Ыбырай, Шөже, Шал, Нияз сері, Арыстанбай, Орынбай ән мен жырды құйқылжыта шырқап өтсе, аталарының жолын жалғастырып, өнерлерін мұра етіп, халқына жеткізуде зор еңбек еткен ақын Молдахмет Тырбиұлы да осы өңірдің тумасы. Молдахмет Тырбиұлы 1883 жылы Қарауыл руының қоныстарының бірі – Қожым ауылында кедей шаруа отбасында дүниеге келген. (Қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы, Шал ақын ауданы, «Еңбек» кеншары). Әкесінің азан шақырылып қойылған аты Төребек екен. Есімінің Тырби болып өзгеруінің себебі, «атамыз тырбиған арық болса керек, содан ол Тырби атанып кетіпті» [32] деп қызы Сәуле апай түсіндіріп кетеді.

Әкесінің Тырби болып өзгеруі жайлы әңгіме де бар. Бірде Төребек Шоқанның әкесі Шыңғыстың шөбін шауып жүреді. Шыңғыс қара табан кедейге төре есімін қимай, арланып, шөп шауып жатқан Төребектің қасына келіп келекелепті: «Шөп шауып тырмысып, тырбиуын қарашы, тырби, тырби, тырбия түс», – деп күліпті ол. Содан, оның аты Тырби аталып кетіпті

[33]. Шешесі – Теңге деген кісі биязы мінез, момын адам болыпты. Бес құрсақ көтеріп, өмірге Қожахмет, Сейдахмет, Молдахмет, Баяхмет, Уәлиахмет (Шөлен) деген ұл балалар әкеліпті. Яғни Молдахмет органшысы және ақынның адамгершілік, мейірімділік, сезімталдық қасиеттері алдымен анасынан берілгені жайлы көзі көрген қария – Қайырбек Сыздықұлы әңгімелей отыра, Молдахмет Тырбиұлының сырт бейнесін де көз алдымызға елестетеді [34]. Оның баяндауынша, ақын қара торы, дөңгелек жүзді, қияқ кара мұртты, орта бойлы көркем кісі болса керек.

Бұл орайда академик Аманжол Қошанов та Молдахмет Тырбиұлының кішіпейілділігін, мейірімділігін, адамгершілігін айтып, есіне алады [35].

Молдахмет Тырбиұлынан он бір бала болған екен. Содан қалғаны екі ұл, бір қыз. Үлкен ұлы Сүндет 1930 жыл туып, 1996 жылы жетпіске таяп, қайтыс болады. Екі қызы, бір ұлы қалады. Қайрат 1935 жылы туып, 1984 жылы қайтыс болады. Оның да екі ұлы үш қызы қалады. Олар сол «Еңбек» кеншарында тұрып жатыр.

Қызы Сәуле 1943 жылы дүниеге келеді. Қызы ең кенжесі екен, сондықтан көпейім деп, атын бастапқыда «Көпей» қойған екен, сол жылы Қостанайлық ақын Нұрқан Ахметбековпен айтысқа түсіп, қартайғандағы көрген жарық сәулем деп, қызының атын «Сәуле» деп өзгертіпті. Сәуледен екі ұл, төрт қыз туған екен. Немерелерінің домбыра тартып, ән айтқандары болмаса, ата жолын қуғандары болмаса керек. Бірақ соңынан ерген шәкірттері болған. Сол шәкірттерінің бірі айтыскер ақын – Мұса Асайыновқа Молдахмет Тырбиұлы және Тайжан Қалмағанбетов туған жиен болып келеді екен. Одан әрі қарайтын болсақ, ән бұлбұлы Үкілі Ыбырайға Молдахмет Тырбиұлы туған жиен болып келеді [7, 169]. Яғни Молдахмет Тырбиұлының өнер әлемінде өркендеуінің басты себебі де осыдан болар. Өйткені атадан балаға беріліп келген дәстүр, өз жалғастығын табуы тиіс.

Молдахмет Тырбиұлының өнерде құлашын кен жаюының бір себебі – туған жерінің киелі топырағы, ақынның

Заты зерек болғанмен Молдахмет Тырбиұлының білімі болмаған. Дегенмен ауыл молдасынан арабша сауатын ашып, хат жаза білген. Бірақ әкесінің шағын шаруашылығы оның ілгері басып оқуына мүмкіндік бермеген.

Ол осы өңірдің іргелі байларының бірі Шалабайға жалшылыққа кіріп, әлі кетіп бара жатқан әкесіне сүйеу болады. Сөйтіп жүріп, ол алғашқы жыр шумақтарын туындата бастайды. Бірақ «бала ақын» көкіректі жарып шыққан сезімге мән бере қоймайды. Дегенмен табиғатынан берілген өнерге деген ерекше күш оның қолына домбыра алғызып, көкейіне келген сөз маржандарын шарықтатып, жыр етіп шырқатады.

Бірде Сырымбет баурайында болған үлкен жиында 6 жасар Молдахмет ән шырқайды. Баланың осы бір талабын Ақан сері атамыз байқап қалып, оны өзінің алдына отырғызып:

– Сенің әкең Тырби,

Өзің боласың Қырғи [36], –

деген екен. Көрегендікпен айтылған осы бір сөз тегіннен – тегін айтылмаса керек. Есейе келе жас ақын өнердің өріне қырандай көтеріледі. Алты жасынан «бала ақын» атанып, одан «әнші бала», «әнші ақын», «халық ақыны», «айтыс ақыны» атанып, сатылай өсіп, кемел өнерпаз деңгейіне жетеді. Сөз сайысына келгенде шынымен қарсыласын қырғидай қағып түсірді деуге болады. Өйткені, Нұрқан Ахметбековтің Молдахмет Тырбиұлымен айтысы жеңіліспен аяқталған еді.

Негізінен, Молдахмет Тырбиұлының шығармашылық даңғыл жолға түсуі жиырмасыншы жылдардан басталады. «Төңкеріс» әкелген жаңа өмірдің лебі ақынды дүр сілкіндіреді. Ақынды тудыратын – заманы. Ол – өз заманының айнасы. Осы орайда, оның «Октябрь», «Октябрьді жырлаймын», «Бақытты өмір заман-ай!», «Бесжылдықтың толғауы» т.б. өлеңдері шығарылып, өз қоғамының жетістігі, болар болашағы айтылады. Ол «революция жеңісін» шын жүрегімен қабылдап, Кеңес үкіметін өз жырына өзек етті. Жырлап қана қоймай, жас үкіметті нығайтуға ат салысты. 1920 жылы Коммунистік партия қатарына өтті. Осы сәттен бастап ол қоғамдық өмірге араласып, партиялық тапсырмаларды бұлжытпай орындауға тырысты.

Оның бұл ісін «революцияның жаулары» жақтырмады. Қастандық әрекет басталды. Ақыры, «Андыған жау алмай қоймас» дегендей соңынан шырақ алып түскен Молдахмет Тырбиұлына қарсы топ 1922 жылы оны ұстап тынады. Сөйтіп, ақын Саумалкөл (Көкшетау обылысы, Айыртау ауданы) түрмесіне камалады да, бір жылдан соң босатылады. 1923 жылдан 1928 жылға дейін ауылдық Кеңес атқару комитетінің төрағасы міндетін атқарады. Сол 1928 жылы ұжымдық шаруашылық ұйымдаса бастаған кезде алғашқылардың бірі болып, осы ұйымға мүше болады. Осы ұжымдастыру кезінде партия алға қойған міндеттерді атқаруға өз үлесін қосады. Көп ұзамай ол аудандық тұтынушылар қоғамының бастығы болып тағайындалады. 1930 жылы «Қызыл ту» колхозына жоғарылатылады. Осы қызметте жүрген кезде ол көптеген игі істер тындырады: ауылда тұңғыш рет бастауыш мектеп үйінің құрылысын қолға алады, бұрын-соңды құлақ естіп, көз көрмеген монша салынады, колхоз астығын сақтайтын қамба эзир етіледі.

Осы жылдары шаруашылық қамымен жүрген Молдахмет Тырбиұлы ән-жырдан аздап қол үзіп кетеді. Елдің жағдайын түзеу үшін жарғақ құлағы жастыққа тимей еңбек етеді. Колхоз мүшелерін егіншілікке, мал шаруашылығына баулыды. Қызылтулықтар отызыншы жылды ойдағыдай шығарып салады.

Бірақ олар алдарынан үлкен індет күтіп тұрғанын білген жоқ еді. Оның үстіне «Жығылғанға – жұдырық» демекші, тіміскіленіп соңына түскен колхоз басшысының қарсыластары Молдахмет Тырбиұлына жала жауып «Коммунистік партия» қатарынан шығаруға дейін әрекет жасады. Іштен шалған жау оны оңдырмай сүріндірді, ендігі жерде жан сауғалаудан басқа амал қалған жоқ.

1931–1932-ші жылдардағы ел басына туған ауыр жағдай Тырби тұқымына да терең сызат салды. Аштықтың салдарынан бірнеше бауырлары шетінеді. Молдахмет Тырбиұлын осы екі оқиға едәуір қалжыратқан еді. Мұқалмайын-ақ десе де, жанға батқан жара оны жасытып кетті. Енді Молдахмет Тырбиұлы қоғамдық істен мүлде алыс қалды. Таңба болып түскен қара дақ ауылдастарының алдында абыройын айрандай төгіп,

бұрынғыдай ел билеп, өсиет айтуға мүмкіндік бермеген еді. Дегенмен Молдахмет Тырбиұлы мойымады, тасқындай тасыған сөздері мен үкілі домбырасын қолына алып:

Көтерілші, дауысым,
Көрікті көлдің қуындай.
Ерлік іске келгенде,
Отанның бол батыр ұлындай.
Досым болса, сүйінсін,
Дұшпандарым күйінсін.
Ерегіскен жауыма
Сөзім бір болсын найзағай –

деп, жүрек түкпіріне жиналған шер мен шеменді жыр етіп төкті. Сөйтіп, өзінің кегі кеткен жауларына қарсы өлеңмен оқ атты.

Отызыншы жылдардың аяқ шегінде Молдахмет Тырбиұлы орындаушылық шеберлігімен, ақындық өнерімен Есілдің екі бетін, Сырымбеттің саласын аузына қаратты.

1933 жылы Марьевка (бұрынғы Октябрь ауданының орталығы) селосында өнер олимпиадасы болды. Міне, осы тойда талай жүйрік өнер өрінде өзінің бағын сынады. Солардың ішінде Молдахмет Тырбиұлы да болды. Өнер олимпиадасы Молдахмет Тырбиұлын дүйім елге танытты. Нағыз өнерді қастерлей білген көрермен әділ бағасын берді. Бұл сапарда бас бәйгені еншілеген ақын елге көтеріңкі көңілмен оралды: мерейі өсіп, халықтың алдында қадірі бар екенін сезініп қайтты, жаны жадырай түсті.

Қыркыншы жылдары Молдахмет Тырбиұлының шығармашылық деңгейі ерекше өсті. Ақын дауысы, әсіресе, Ұлы Отан соғысы кезінде ерекше екпінді естілді. Осы кезде ел басына түскен ауыр жағдай оның да өміріне терең сызатын түсірді. Қаншама ағайын-туысқандары, ауылдастары қан майданнан қайтпады. Осы оқиғалар ақынның қарт жүрегін қатты тебірентіп, жаңа жырлар туындатты. Ол ауыл-ауылды, үйді-үйді аралап, халыққа жігер беретін жырларын төкті:

Ал сендер, аға – келіндер,
Жеткіншек жас балалар.
Ерінбеңдер еңбекте
Ерлерге болып пара-пар.

Сөйтіп, Кеңес халқы Ұлы Отан соғысын жеңіспен аяқтады. Елдің еңсесі көтеріліп, жаңа құрылысқа қадам басты. Қыркыншы жылдардың аяқ шені мен елуінші жылдардың ішінде Молдахмет Тырбиұлы ақындар айтысына көп түскен еді. Аудан, облыс, республика көлемінде өткен жыр бәйгесінің бірінен де қалған жоқ. Әсіресе оның Нұрқан ақынмен айтысы әлі де көпшіліктің есінде. Молдахмет Тырбиұлының ақындық өнерінің шарықтау кезені де осы жылдарға сәйкес келеді. Ел ішінде беделі өсіп, Атығай-Қарауыл елінде ақынның есімі кең таралады. Осы жылдары Молдахмет Тырбиұлының айналасына топтасқан жас талаптар да байқалды. Ақынның осынау өнерін ұстап қалауға тырысып, қолына домбыра алған, «әу» деп ән салған азаматтар да шықты. Солардың бірі – Темірғали Қасенов еді. Оның өнеріне, шәкірттік ынтасына риза болған қарт ақын Темірғали Қасеновке арнап, «Қалдырған» әнін шығарып, шәкіртіне аманат етіп қалдырады.

Ақын Молдахмет Тырбиұлы әншілік өнерімен де елге танымал.

Жұрт білді: сөз ұстасы Молдакең деп,
Саусағы шекте ойнаған жорға екен деп,
Біржан сал, Ақан сері, Ыбырайдың
Өрнекті өлеңдері сонда екен деп –

жерлес ақынымыз Ахметжан Нұртазин ақын ағасы жайлы сыр шертсе, Молдахмет Тырбиұлы өнер жолын алдымен ән айтып, өлең, жыр, терме жаттап, белгілі әншілеріміздің шығармаларын елге танытып насихаттаудан бастайды.

«Молдакең айтатын әндердің көпшілігі Сегіз сері, Ақан сері, Нияз сері, Балуан Шолақ, Үкілі Ыбырай, Шәрке сал, Жаяу Мұсаның шығармалары болса, термелері Жанақ және Орынбай ақынның толғаулары болушы еді» – деп соғыс ардагері Қайырбек Сыздықов есіне алады [34].

Сондай-ақ Зейнұр Қоспақов әншілік өнердің тарихынан сыр тартып: «Балуан Шолақтың әндерін жинап, зерттеуде музыка зерттеушісі Б.Г.Ерзаковичтің еңбегі өте зор. Ол 1938 – 1940 жылдары Көкшетау, Солтүстік Қазақстан облыстарында экспедициялық сапарларында Балуан Шолақтың Бәтен деген

қызымен, сондай-ақ Балуан Шолақты көрген адамдармен әңгімелесіп, әндерін Тұрғын Жантеміров, Молдахмет Тырбиұлы, Ілияс Шаймерденов, Нұғыман Әбішев, Қосымжан Бабақов, Темірболат Арғынбаев, Мұқан Қалапбергенов сияқты белгілі әншілердің айтуынан жазып алады» [37, 44] – деп жазады. Иә, Молдахмет Тырбиұлы жоғарыда аталған әнші-сазгерлеріміздің әндерін орындап, насихаттап қана қоймай, олардың орындауындағы әндерінің әуенін, айту стилін келтіріп, айта білген. Және өнер қорына түскен әндердің нотаға түсірілуіне ат салысқан. Үкілі Ыбырайдың «Гэкку», «Ақтайлық», «Қаралдым», «Шалқыма» деген әндері Молдахмет Тырбиұлының орындауында нотаға түсірілген. Бұдан басқа Үкілі Ыбырайдың «Қарақат көз», «Жиырма бес», «Былқылдақ» әндерін де шебер орындап, жұрт көңілінен шығушы еді – деп Қайырбек Сыздықов есіне алады [34].

Молдахмет Тырбиұлы бабалар мұрасын насихаттап, шебер орындап, жұрт көңілінен шықса, өзі де ән шығарған. Өнер сүйгіш осынау сазгер ақынның өлеңдерінің әндері әлі ел арасында айтылып жүр. Мысалы, музыка маманы Кәрібай Құсайынұлы Молдахмет Тырбиұлының «Аттан ауылым» әнін орындап, нотаға да түсіріп берді.

Молдахмет Тырбиұлы Біржан сал, Ақан серінің әншілік мектебінен өтіп, әншілік өнерді кейінгі ұрпаққа жеткізе білді.

Ақын бірде Ақан сері әнін естіп, ұйқыдан оянады. Бұл 1951 жылдың қыс айы болатын. Молдахмет Тырбиұлының аз уақыт денсаулығы келіспей, жатып ұйықтаған кезі болатын. Түсінде Ақан келіп: – Мына әнді естіп пе едің? – деп, ән айта бастайды. Ақын оянып кетіп, естіген әніне өлең құрап, домбыраға салады. Ол бұл өлеңін «Бақытты өмір заман-ай!» деп атайды. Бұл өлеңнің бірінші шумағын ол Ақан серіге арнап:

Өтіпті ән бұлбұлы Ақан сері
Топта озып жұлде алған Құлагері.
Саласын Сырымбеттің күңірентіп,
Арқаның асау туған ардагері –

деп жырласа,

Біржан сал, Ақан сері қалдығымын,

Өзіндей болмағанмен тандығымын.
Солардың ізін қуып әнге басқан,
Грамофон алшындаған сандығымын.
Біржан сал, Ақан сері құрдым салтын,
Жақсы ой келтіреді көңіл жарқын –

деп, әншілік салт – дәстүрді кейінгі ұрпаққа жеткізуде өзін ән сандығына теңейді.

Көкшетау туып өскен жерім дарқан,
Ен байлық өскен малға толған алқам.
Сый қылып осы әнімді тарту еттім
Басарсың өзімдей қып Мұса қалқам –

деп келесі жас буынға осы дәстүрді жалғастыраар деген үмітпен шәкірті Мұса Асайыновқа аманат етіп қалдырады.

Молдахмет Тырбиұлының шығармашылық болмысы жан-жақты, сан қилы. Ол:

- 1) ақын,
- 2) әнші,
- 3) жыршы,
- 4) термеші,

5) айтыскер ақындығымен бірге ауыл өміріндегі жетістіктер мен кемшіліктерді көрімпаз, байқампаз жан болған. Ойын көпшілік ортасында айтып, сақтандырып отырған.

Жасы ұлғайып, сақал-шашына ақ кірген шақта ақын артына өсиет боларлықтай ұлағатты сөз қалдыруға тырысқан. Бұған дәлел ақынның соңғы жылдары жазған өлең-жырлары.

Мысалы, «Егін» өлеңіндегі:

... Ынталы еңбек сіңір, жұмыскерлер,
Жақсарады еңбекпенен біздің тұрмыс,
Қол ұстас, күш біріктірі қоян-қолтық,
Сескенбе еш адамнан сірә қорқып.

... ..

Тайсалма ешнәрседен қорғалақтап
Жігіттің күні туды талабы бар.

... ..

Мамандар шығып жатыр өзімізден
Енді біз басқаларға болмаймыз жем, –

деп келген өлең жолдарында ол болашақ ұрпақ тәрбиесіне ден қойып, өзінің көкейін кернеген ізгі ой, ақыл – парасатын осы бағытқа арнайды.

Молдахмет Тырбиұлының шығармашылығы сан қилы. Ол ақын, әнші, жыршы, термеші, сонымен қатар, төкпе айтыскер ақын. Төкпе ақындық табан астында туындалатын шығарманың әнмен, әуенмен белгілі бір аспаптың сүйемелдеуімен болатын өнер. Төкпе ақындыққа тән сезімталдылық, шабыттылық, шешенділік, ой ұшқырлығы, дүниетанымдылық қасиеттер ақындар айтысынан-ақ көрініс табатыны белгілі.

Академик М.О.Әуезов: «Қынаптан қылыш суырғандай жалт еткіш, өткір өнер иесі» – дей келе – «Шабыты келген ақпа ақын бабындағы қыранға меңзес, томағасын тартқанда алғыр қыран бар өңірді сәтте көріп, шолып өтіп қимыл еткен шөп басын, қыбыр еткен тышқан жүрісін, қылт еткен түлкі түгін лезде шалып қалатынындай, айтыс ағымындағы ақпа ақын да сондай көмескіні көргіш, былдырды білгіш болмақ шарт. Бұл қасиет оңай орнамайды, ол шын ақпа ақын өнеріне бейім болған күнде де ұзақ сонар жол кешіп, сан сайыста сілкісе жүріп сан рет жаға жыртып, тон тоздырып барып келеді» [38, 15] – дейді. Халық ақыны Молдахмет Тырбиұлының да табан астында суырып салып айту өнері ақынның әбден төселіп, кемеліне жеткен шақта, айтыс өнеріне қатыса бастағанда біліне бастады және ақын айтыстың сүре айтысында ғана қарсыласымен кездесіп отырған. Сүре айтыс – тек суырып салма өлеңге әбден төселген, ысылған нағыз ақындардың әр кезекте ұзақ сөйлеп, көп жыр төгіп, көсіле жырлайтын түрі болады, деп берілсе [39, 43], қырқыншы – елуінші жылдары, бұл уақытта ақын Нұрқан Ахметбековпен айтысқа түсіп, өзін сынға салған болатын. Ақын Торғайдың топжарғаны Нұрқан ақынмен екі рет кездеседі, алғаш рет 1943 жылы сөз сайысына түсіп, өзінің сөз саптаудағы шеберлігін, өткір ойын танытып, жұрт көңілінен шығады.

Ақындар айтысы бір-бірінің хал-ахуалдарын сұрасып, ортақ тілектестік білдіруден басталады. Айтысты Молдахмет Тырбиұлы бастайды. Ол:

Тайпалған тарлан жүйрік топтан озған,
Кең алып айдын көкке құлаш созған,
Өлең – жыр терең сырдың қазынасы
Деген бар күй төгілер кәрі боздан –

деп, өзін тарланға, алыпқа теңеп, кәрі бозға шендестірсе,
Нұрқан ақын:

Қу ілген айдын – көлдің сұңқарымын,
Ешкімге жібермеймін намысымды.
Сайраған Сарыарқаның бұлбұлымын,
Торғайдың топтан озған дүлдүлімін –

деп бастайды. Екі ақын да, алдымен, дәстүрлі жолмен өздерінің ақындық қуаттарын айтып алады. Одан кейін ел қорғаған батырларын айтып тебіренеді.

Мәселен, Молдахмет ақын:

Мың батыр, жүз дүлдүлді мақтасаң да,
Қазақта одан қандай жан артады.
Жауымды дүрліктіріп ойрандады,
Атақты батыр Мәлік майдандағы –

деп келсе, сонымен бірге Көкшенің сұлу табиғатын, ән бұлбұлы Ақан серіні, жезтаңдай Біржан салды, кемеңгер Шоқанды айтып, мақтан етеді. Бұл айтыста екі ақын да елдегі жетістік – өзгерістерді, қызу еңбекті ғана айтып қоймай, қарсыластарына сауал қойып, кемшіліктерді айтып сынайды.

Мәселен, Нұрқан ақын:

Тағы бар орден таққан Ақтанбаев,
Сегіз мың қой өсірген баптап жайып.
100 қойдан – 150-ден қозы өсіріп,
Келеді шетнетпей баққан малын.
Жүлде алған тракторист Батырғали,
Тетігін машинаның қоймай тауып,
Төңкеріп жер құйқасын жүлде алған,
Осындай батырыңды берші тауып –

деп келсе,

Молдахмет Тырбиұлы:

Мақтайтын бір ауданың Семиозер,
Жері орман, қалың тоғай түлкі кезер.

Байымдап саған айтып ескертейін
Ақыным көрінесің сөзді сезер
Ауданда 39 колхоз саны
Отызы қазақ болып саналады.
Қатынас, бұйрық-жарлық – бәрі орысша,
Келмейді түсінуге шамалары –

деп сын айтады да,

Әрине таласым жоқ Көбеевке
Таласып шын сырынды ішке бүкпе,
Үлгі алған Көбеевтен тәрбиелі
Сұраймын Көбеевтер көбейіп пе?
Өрлеген мәдениет сағат сайын
Тудырып солдан жұлдыз, оңнан айын.
Нұрқаным айтысқалы біраз болды
Сұраймын енді сенен соның жайын – деп,

сауал қояды. Қарсыласының осал жерін дәл тауып, дөп басып, шындықты дәл кесіп айтып, қармағына түсіру – төпке ақындыққа тән қасиет болса, Молдахмет Тырбиұлының айтыстары соның көрінісі.

Молдахмет Тырбиұлы өз шығармаларында халқым, елім, туған жерім деп тебіренсе, бар ғұмырын туған жері «Еңбек» кеншарында өткізеді. Ол туып өскен ауылында «халқына қалаулы, еліне елеулі» болған халық ақыны Молдахмет Тырбиұлы 1957 жылы бұл өмірмен қоштасып, сонда жерленеді. Ақынның басында құлпытас, аппақ күмбезді үй бар. Қазақстанның Жазушылар Одағы орнатқан тақтадағы жазулар оның ақындық, әншілік еңбегін айқындап тұрғандай. Ақ күмбездің алдыңғы оң жақ, сол жақ беттеріне ақынның аты жөні, руы, нәсілі, туған жылы берілсе, екінші қатарына ескеркішті қойған балалары Сүндет, Қайрат, Сәуле және Манарбек, Маралбек, Қайсарбек, Болашақ деген балалары мен немерелерінің есімдері беріліпті.

Міне, халық ақыны Молдахмет Тырбиұлының туған жері, елімен қоштасып, көз жұмғанына да елу жылдан астам уақыт өткен екен. Дегенмен «Жақсының аты өлмейді» немесе «Өнерліге өлім жоқ» демекші еліміз құрметтеп өткен

жақсыларымыздың бірі, өнерімен өрге өрлеп, өнер төріне шыққан майталман сөз шебері, ақын Молдахмет Тырбиұлы есімі кейінгі жастарға танылып, құрметпен ел есіне алынып жүр.

Еліне аяулы да, сыйлы болған ұстазына шәкірттері алғысын білдіріп жыр арнаған. Сол шәкірттерінің бірі – Мұса Асайынов. Ол «Ұстазға алғыс» өлеңінде:

Ақ сағымда сондайда тізіп көрген,
Е, Молдеке өзіңсің жүзіп келген.
Ұстаз кезің кетеді еске түсіп,
Өнеріңнің бір шетін үзіп берген.
Қылт еткенде алдымда көрген жарық,
Жыр сабылтам шығуға шерден қанып.
Мың алғысым осы де жырға орап
Жүрегімнің жұлдызы берген анық –

деп ұстазына деген алғысына қоса сағыныш сезімін де білдіреді.

Молдахмет Тырбиұлының немере інісі, ақын Кәкімбек Салықов та ақын жайлы есіне алады. Ол: «Үйге атақты ақын ағамыз Үкілі Ыбырайдың төл шәкірті Молдахмет Тырбиұлы келгенде домбыра шертісіне құштар болдым. Кейін бөле – ағам әйгілі айтыс ақыны болған Мұса Асайынов «Елімайдан» бастап домбыра үйрете бастады» [40] – деп жазса, «Молдахмет Тырбиұлына» [41, 199] деген арнау өлеңінде:

Біржан-сал, Ақан-сері қиялындай
Үкілі Ыбырайдың тұяғындай,
Бөлеген Көкше өңірін ән мен күйге
Молдеке, сізді өлімге қиямын ба-ай?!

Асқақ ән тік шырқауы қайырылды
Отты жыр өр жалыны майырылды.
Ел жұрттың Бота дейтін атыңызды
Ақбура ботасынан айырылды.

Туған ел ардағыңа жетті тұзақ,
Тарлан ер ақын ұлың кетті ұзап.
Жалғыз тау шоң қабағы омырылып,

Есілге құба жартас кетті құлап – деп, елімен бірге қатты қайғырып, тебіренеді.

Сонымен бірге, әріптестері де ақын Молдахмет Тырбиұлы жайлы еске алып, өздерінің ізгі ниеттері мен алғыстарын жырға қосып отырған.

Бұл орайда, халық ақыны Ахметжан Нұртазин Молдахмет Тырбиұлының ескерткішіне өлеңін арнайды [42, 54-55]:

Арқаның ардагері әркім өскен,
Ән салып домбырасын шертіп өскен.
Ақ жарқын ақын аға Молдекеңнің
Қашанда шығармайды ел кейпін естен.
Аспанда асқақ әні тербелген жан.
Әсері жиын топқа әз берген жан.
Әкетіп бірден бірге ән салдырып,
Қызығы Арқадағы ел көрген жан.

Халық ақыны Молдахмет Тырбиұлы келешек ұрпаққа асыл қазына, рухани мол мұра қалдырады. «Ата өнері – балаға мұра» болып келген айтыс, ән айту өнерін кейінгі жастарға, шәкірттеріне аманат етіп, туған жерім, елім деп шыққан жыр шумақтарын үндеу етіп, әркімнің жүрегіне сүйіспеншілік сезімін ұялатты.

Ендеше аспандағы аққуға әнін қосқан атақты Үкілі Ыбырайдың жиені, әнші, ақын Молдахмет Тырбиұлы есімі әр уақытта еске алынып, еш ұмытылмайды. Өйткені Қызылжар, Көкшетау өңіріндегі әншілік – ақындық мектептің қалыптасуындағы зор үлес Молдахмет Тырбиұлына тиесілі деп айта аламыз.

Ақын Игібай Әлібайұлының шығармашылық өмірбаяны бір жүйеге келтіріліп, ақын тұлғасының қалыптасуын өнердің әр қырынан танып білуге мүмкіндік туады.

Игібай Әлібайұлы 1903 жылы 5 мамырда Солтүстік Қазақстан облысының Преснов ауданына (қазіргі Жамбыл ауданында) қарасты Айтуар ауылында дүниеге келген. Игібай Әлібайұлының өз әкесі Тәжібай, оның ағасы Әлібай (Игібайды бауырына басып, бала етіп алған) – бәрі әнші, өлеңші, өнерпаз

болған. Бұл адамдар атақты Біржан салдан тәлім алады. Игібай Әлібайұлы жастайынан сауатын ашып, өнер-білімге ерте ұмтылады. Жасында молдадан сабақ алған ол – 1921 жылы Қызылжарда ашылған қазақ педагогика техникумына түсіп, оны төрт жылда бітіреді де, содан бастап 1963 жылы зейнетке шыққанға дейін ауылдық жерлерде бастауыш мектептерде мұғалімдік қызмет атқарады.

Жасынан әнді сүйіп, өнерге құштар болып өскен Игібай Әлібайұлы әрине ұстаздық еңбегін өнермен ұштастыра білді. Ол 1925 жылы 22 жасында Мәскеу мен Ленинградта өткен қазақ өнері шеберлерінің концертіне қатысады. Жас өнерпаздың өнер белесіндегі осы бір жігерлігі – өнер иесінің тұлғасын танытқанды.

Ал, отызыншы жылдары Игібай Әлібайұлы белгілі сахна шеберлері Серке Қожамқұлов, Қалибек Қуанышбаев, Иса Байзақов, Елубай Өмірзақовпен бірге қазақтың академиялық драма театрында өнер көрсетеді. Бұл орайда, Сәбит Мұқанов Игібай Әлібайұлының өмір жолы жайлы: «Игібайдың өнері екі жүйеде өрбиді. Ұстаздықта және сауықта. Біраз жылдар ұстаздық етсе, бір жағынан театрдағы және концерттегі сауықтарға қатынасып, ел көзіне артистігі және әншілігімен де көрінеді. Бұның аяғы Алматы, Мәскеуде өткізілген қазақ өнерінің сауықтарына ұласып, бірнеше рет жүлде алады. Игібайдың өлеңдері пластикаға жазылып астанада да шырқалды» [43] деп жазады.

Сонымен бірге, Игібай Әлібайұлы – ақын. 1970 жылы оның бірнеше өлеңдері Республика ақындарының жинағына кірсе, 1972 жылы жарық көрген айтыскер ақындардың іріктелініп алынған «Еңбек күйі» [44] атты жырлар жинағына Игібай Әлібайұлының да біраз өлеңдері енгізілген. Одан көп ұзамай, 1974 жылы ақынның «Айтуар» [45] атты өлең кітабы жарық көрді.


Игібай Әлібайұлының әншілігі, ақындығы жайлы Сәбит Мұқанов «Өмір мектебі» трилогиясында: «Біздің Қызылжар уезіндегі бес болыс Керейде ән мен күй екі руға ғана ерекше қонған деседі: бірі – Шағалақ, екіншісі – Таз. Бес жүз үйлі Тазда

домбыра шертпейтіні, ән салмайтыны жоқ дейді, қалжындайтын адамдар. – «Таздың иті де ән салып үреді». Игібайдың руы осы – Таз» [43, 239] – дейді. Бұл орайда, шежірені қарауызға болады [46].

«Тәжібай да, Әлібай да кедей шаруалы адамдар екен. Бірақ олар жалшылыққа тұрмай, күндерін сауық – сайрандарға араласып ән айтумен өткізген» – деп, сал-серілік өнер жолындағы әншілік өнер әкелерінен қалған мирас екенін айта келіп: «Игібай да жасынан домбырашы, әнші болған. Талдырмаштау орта бойлы, аққұба кескінді, қыр мұрынды, томпақ қара көзді, қалың шашты сұлу жігіт» – деп, ақын келбетін сипаттайды.

Ақын өмірінің соңғы кезеңін көбіне Сәбит Мұқановпен бірге жүріп, ел аралап, домбыра шертіп, ән айтумен өткізеді. Жамбыл Жабаевтың 125 жылдық тойына да бірге барып, Игібай Әлібайұлы тойбастар әнін арнаған болатын. Бұл орайда, Сәбит Мұқанов: «Екі түнге созылған мәжілісте әндерін халық сүйсіне тыңдаған Игібайдың аузы жабылмады, даусы сембеді десек, асырып айтқан болмаймыз.

Шын халықшыл өнерпаз неше жасқа келсе де, білген өмірінен халқына қызмет етуден жалықпайды. Игібай Әлібайұлы сондай өнерпаздардың бірі» [47] – деп, ақынның шеберлігін айтса, «Игібай Әлібайұлы араласқан сауық-сайранда оны көрген, сөзін естіп, әнін тыңдаған халық, аяқ өре тік тұрып, ду қол шапалақтаумен құрмет көрсетеді» [48] – деп берілген. Ол ақындық, әншілік өнерімен ел құрметіне бөленіп, республика жұртшылығына да танымал болады. 1979 жылы Қазақ ССР Ғылым академиясының Мұхтар Омарханұлы Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты шығарған «Ақын – жыраулар» атты анықтамалықта Солтүстік Қазақстан облысынан Молдахмет Тырбиұлы, Ахметжан Нұртазин, Төбетов Шағрай, Берденов Біржан, Игібай Әлібайұлының қысқаша өмірбаяндары берілген. Игібай Әлібайұлының орындауында Біржан салдың, Ақан серінің, Балуан Шолақтың, Үкілі Ыбырайдың кейбір әндері грампластинкаға жазылғаны жайлы деректер баршылық. Яғни, Игібай Әлібайұлының шығармашылық өмірінің басты



мақсаты, міндеті XIX – XX ғасырларда өмір сүрген қазақ халқының өнер әлемінде қайталанбас жеке-жеке тұлғалардың – Сегіз сері, Ақан сері, Біржан сал, Балуан Шолақ, Әсет, Ғазиз, Мәди, Үкілі Ыбырайдың әндерін шебер орындап қана қоймай, олардың әндерін де орындау нақышын да өз заманына, өзінен кейінгі жастарға жеткізіп, мұра етіп қалдыру болған.

Бұл орайда Шаншар Жетеев, Игібай Әлібайұлының зайыбы – Гауһар апамыздың ағасы Серікбай Жетеевтің баласы «Туыстық себептермен Иекең жездейдің үйіне жиі барып, араласып жүрдім» – деп, әңімесін бастайды. «Бірде жездемнің үйіне келсем, Иекең домбырасына қосылып, баяу дауыспен ыңқылдап ән айтып отыр екен. Кірген бойда жездейге сәлем берудің орнына ол кісінің көңілін бұзбайын деп әнге құлақ салдым. Тыңдасам: «Екі жирен» әні сияқты. Бірақ әнді көтерерде, аяқтарда бірнеше өзгерістер бар көрінеді. Бұған таңғалып тұрған мені Иекеңнің өленді тоқтатып: «Әй, мырза, сәлемің қайда?» деген сөзінен ыңғайсызданып қалдым. Сәлем беріп, амандықты біліскеннен кейін ол кісі әлгі өлеңнің хикаясын айтты: «Бүгін түнде түс көрдім. Түсімде Үкілі Ыбырай келіп: – Сен мынау әнді айт, сөзі мынандай, орындалуы былай, – дегенде, – Ойбай-ау, бұл кәдімгі «Екі жирен» емес пе? – десем, – Сен мына жерлерін көтере-көтере былай-былай айт, – деп, үйрете бастады. Содан оянып кеттім де, әлгі әнге өлең жазып, әнін үйреніп отырғаным мынау. Ал тыңда, өлеңнің аты «Бала жирен», – деп әнін бастады:

Баласы боз жорғаның бала жирен,
Басына бәйге сайын бала мінген,
Мәпелеп кілем жауып әшекейлеп,
Жібекпен жал – құйрығын бірдей өрген.
Аһ-ау, бала жирен
Әнім сүйген.
Кербезден кекіліне
Маржан түйген.
Аты екен бұл әнімнің бала жирен
жирен,
Бірақ мен білмеуші едім бала

күннен,
Дәл бүгін ақын Ыбырай
түсіме еніп,
Бұл әнді – «Бала жирен» –
сонда үйренгем –

деп, әнін орындап, кейінгі ұрпаққа мұра қылып қалдыру үшін Қайырбек Сыздықовқа тапсырғанын айтты» – деп, әңгімесін жалғастырды: «Бұл әннің тағы бір сыры бар. Игібай Әлібайұлы Алматыға барып жүргенде Сәбит Мұқановтың үйінде бір мәжілісте отырып, осы әнді айтады. Сол үйде бірге болған Жүсіпбек Елебеков әлгі әннің көтеріңкі жерлеріне қызығып, қағып алып үйренгенімен, сөзін жазып алмапты. Әйтсе де есінде қалған бұл әнді «Екі жиреннің» екінші түрі қылып, талай концерттерде орындаған екен. Мен Қайырбек Сыздықовпен бір кездескенде:

Осы «Бала жирен» әнін айттыңыз ба? – деп сұрадым.

– Игібай аға маған дауысым бұзылып, ән айтпай жүргенде кездесті. Сондықтан бұл әнді орындаудың сәті түсе қоймады. Дегенмен, Игібай Әлібайұлының екі өлеңіне арнап ән шығардым. Біреуі – «Туған жерім Айтуар», екіншісі – «Шалқиды жыр». Бірінші ән – «Туған жерім Айтуарды» республикалық мемлекеттік филормониясының белгілі әншісі Әскербек Еңкебаевтың орындауында бірнеше рет радиодан естідім» – деді Қайырбек. Яғни, Игібай Әлібайұлының Үкілі Ыбырай әндерінің орындалуындағы нақышын, ырғағын, әуезділігін сақтап, кейінгі ұрпаққа жеткізудегі еңбегін байқасақ, Көкен Қопышев та Игібай Әлібайұлының осы бір зор еңбегі жайлы есіне алып әңгімелейді: «Бір мәжілісте Игібай:

– Рұқсат болса, өлеңге жол берейік: – деп қобдишаға жайғасты да бірнеше ән орындады, бірінен-бірі қызықты екен. «Япырау, осының бәрін ойына қалай сақтай білген, кәдімгі Біржан мен Ыбырайдың өзі ғой» – деп дуылдасты кәрілер жағы [49].

Көкен Қопышев әңгімесінде Игібай Әлібайұлының әнді шебер орындап қана қоймай, әннің кімдікі екенін, әннің шығуына себеп болған жағдайларға тоқтап отыратынын айта

келіп, «Жиылған жандардың аса ынтыға тыңдаған әндерінің бірі «Ғайни» болды. Жастар бұл ән Сегіз серінікі екенін білгенмен, әнін білмейді екен, содан жастардың өтініші бойынша Иекен жайлап екі-үш рет қайталап, жастар қосылып, «Ғайни» әнін біздің өңір түгел үйреніп алдық» деп әңгімесін аяқтады [50].

Игібай Әлібайұлы Сегіз серінің әндерін елге таныстырып қана қоймай, Ақан серінің алты – жеті ән-күйін күйтабаққа түсіруде де еңбегі зор болды. Оның орындауында Үкілі Ыбырайдың «Шылқыма», «Қызыл асық», Біржан салдың «12-ші взвод», «Ақсеркеш», Ақан серінің «Жастық», «Ақтоты», Шыныбайдың «Аңшы» және «Жастық» халық әні таспа лентаға жазылып алынған [51].

Ақын ән айтып, жыр шумақтарын туындаса, сазгер ақын қырынан да танымал. Ол «Біржан ауылында», «Сол бір кез менің есімде» т.б. өлеңдеріне ән шығарса, өнер сүйгіш жас қауым ол әндерін үйреніп, ел арасында айтып та жүрген. Мәселен, музыка маманы Кәрібай Құсайынұлы Игібай Әлібайұлының «Домбыра» өлеңін орындап, әнін нотаға түсіріп берді.

Екінші жағынан қазақ ұлтының бір болмысы болып табылатын үкілі домбыралы сал-серілік, айтыс дәстүрін жалғастыру болып табылады.

Бұл орайда, Көкен Қопышевтың мына бір етелігіне назар аударсақ «1927 жылдың тамылжыған жаз айы болатын. Ауылдың Қакен, Бейсембай, Базар деген жігіттері Андағұл Аю мешітінің жанындағы Өрнек ауылында екі айлық әскер ойынына жүргелі жатады. Сол ауылға Игібай бастаған бір топ жігіттер келеді. Ауыл адамдары шуылдасып салт аттыларды қарсы алады. Сонда Игібай ат үстінде отырып:

Баласы Әлібайдың Игібаймын,
Гүлбақшада сайраған бұлбұлдаймын.
Домбыра қолымдағы жан серігім,
Алуан түрлі ән саламын
жаңылмаймын –

деп, жиылған жұртқа өзін таныстырады да,
Ассалаумағалейкум қалың елім,

Тыңдар ән айтамын
Шырқап бүгін.
Әпен, Қапен, Бейсембай,
Базар менен,
Сауық-думан құруға арнап
келдім –

деп күйкылжытады.

– Сонда мен ересектеу Сейтақтан:

– Игібай неге жолдастарынан бөлек, оқшау келіп тоқтап, ат үстінде тұрып өлең айтты? – деп сұрадым. Бұрын – сонды мұндайды көрмеген едім.

Қарт Сейтақ сонда: – Білмейді екенсің ғой, сал – серілердің ежелгі әдеті солай – деп қысқа қайырған екен». Осы бір мысалдың өзі Игібай Әлібайұлының сал-серілік қырларын танытқандай.

Игібай Әлібайұлы 1942 жылы, күзде Ұлы Отан соғысына барып, ауыр жараланып, 1944 жылы оралады. Бұл орайда соғыс ардагері Сағат Сауытбеков Игібай Әлібайұлы жайлы еске алып: «Игібай Ұлы Отан соғысының қанды жорықтарын бастан кешірген қару мен қаламды қатар ұстаған соғыс ардагері. Біз 1943 жылы бір полкте қызмет еттік. Нелер қиыншылық шақта жауынгерлердің жұбанышы болды. Қысқа мерзімді үзілісте де қаруластарды әдемі әнімен аялайтын еді» [48] – деп әңгімелейді.

1944 жылы облыстық филормонияда көркемдік жетекші болып қызмет атқарады. 1948 жылдың күз айынан бастап қайтадан мұғалімдік қызметіне ауысады.

Игібай Әлібайұлы 1941-1945 жылдардағы ерен ерлігі үшін (1946 ж.), «Еңбекте үздік шыққан үшін» (1958 ж.) медальдармен марапатталады. 50-60 жылдары Игібай Әлібайұлы республикада ақындар айтысына қатысып кемелдене түседі.

Ақын бірнеше рет облыстық және республикалық айтыстарға қатысады. Айтыстардың кейбіреулері газет беттерінде және «Қазақтың қазіргі халық поэзиясы» жинағында жарық көрді. Ол Қаһарман Жантасовпен, Темірғали Қасеновпен, Ахметжан Нұртазинмен, Әшім Меңдібаевпен, Уахит Темірбековпен, Мұса Асайыновпен айтысады. Айтыстың сүре

түрінде ақындарымыз елінің ерлерін, еңбегін, жеңісі мен жетістіктерін жырға қосып, кемшіліктерін айтып, түзеу боларлық жөн айтады.

Мәселен, Жамбыл Жабаевтың 125 жыл толу құрметіне облыстық ақындар айтысында Игібай Әлібайұлы Қаһарман Жантасовпен айтысады. Ол:

Малға жайлы жерім бар,
Құсқа жайлы көлім бар,
Ел үшін еңбек сіңірген,
Атақты талай ерім бар – деп,

жері мен еңбек ерлерін айтып, толғанады. Ақынның айтыстарында халықтың бақытты болашағы, еңбек табыстары, сонымен қатар, заманына сай партияны, октябрьді сөзге тиек етіп отыратындығы да байқалады.

Игібай ақынның айтыстарындағы келесі бір ерекшелігі – халқына, жастарға қаратыла айтылған сөздерімен еңбекке шақырып, үндеу етіп отыратындығы. Мәселен:

Тыңға тегіс қар қалап,
Молайтайық ылғалды.
Құрылсын тұқым жетімді.
Трактор, соқа жөнделсін.
Малымыз болып күтімді,
Егіздеп аман төлдесін –

деп, табысты еңбек етуге шақырса,

Келесі іс, кең дәулетке
кенелейік,
Жасарып күннен-күнге
гүлденейік,
Отырар шал мен емес, от
басында,
Ән, өлең-жырға толы өне
бойым,
Өлкеде, өндірісте, тыңда,
көлде,
Үлес көп әлі еліме мен
беретін –

деп, жарқын болашаққа шақырып, үндеу салады.

Игібай ақынның Мұса ақынмен айтысында нақыл түрде толғану құрылысы да өзіндік бір сипат береді.

Мәселен:

Әй, бұл өмір мені не қылсын,

Ағызбасам сөзімді.

Халқым мені не қылсын,

Танытпасам өзімді.

Уа! Далам мені не қылсын,

Даналығын сезбесе.

Өлім мені не қылсын,

Жан алуын сезбесем.

Ас қылып маған не қылсын.

Шақырғанда келмесем.

Домбыра алып қолыма,

Керегін айтып бермесем.

1961 жылы облыстық халық ақындарының айтысы Игібай ақынның сөзімен басталады.

Ол:

Құтты болсын, уа, халқым,

Қырық жылдық тойларың.

Қаһармандық ер даңқың,

Әлемнен асқан ойларың –

дей келе,

Халқымды көріп тоймадым,

Құрметтеп бәрі келгенде,

Тасқын судай тасамын.

Сөйле деп домбыра бергенде,

Жыр қақпасын ашамын –

деп, құттықтау сөзімен бастайды да, кезекті айтыс ақындарына бермес бұрын, кеңес айтып, жөн сілтейді.

Ол:

Ал, ақындар, сөйлеңдер,

Елдің мұқтаж керегін.

Сөйлеген сайын өрлеңдер,

Сіздерге кезек беремін –

дейді де,

Әділ сынды тура айтсаң,
Сол болар елге көмегің.
Тағы да, тағы сөйлендер
Сынды зиян демендер –

деп, елдегі жалқауларды мінеп, төресымақтарды түйреп айтуларын сұрайды.

Елдегі кемшіліктерді айтып, түзеу боларлық сын айту ақындар айтысының негізгі мақсаттарының бірі. Бұл орайда, Игібай ақын:

Ақындар, айтысыңдар, жөн айтыңдар,
Шындықты әсіресе, көп айтыңдар.
Әрқашан сын түзелмей мін түзелмес,
Сондықтан сынды аяусыз зорайтыңдар –

деп, тайсалмай шындықты айтуға шақырады. Қарап отырсақ, Игібай ақын ақындар айтысын ашу, қатысушыларды рухтандыру, сөз сайысына түскен ақындарға төрелік жасап, басу айтып, ағалық, ақсақалдық танытып отырған.

Айтыс ақынына тән өзінің ақындық қуатын таныту – Игібай айтыстарының өзіндік сипатын аңғартады. Ол:

Ал, халқым, келді кезек сөз тыңдайтын.
Ән-жырдың күні туды толқындайтын.
Бәсеке, күрес, тартыс – менің жаным,
Көзі мол жырым – мұхит сарқылмайтын.
Сәулетті колхоз, совхоз ауданым бай.
Өткір тіл – өмір сырын айқындайтын.
Әдетім айтыс десе айды құшып,
Атылған ақ жамбыдай жарқылдайтын –

деп, айтыс өнерінің қасиеті мен ерекшеліктеріне назар аудартқандай.

Бұл орайда, осыдан қырық жыл бұрын жазылған Ілияс Омаровтың «Ескі мұра жаңа мазмұнда» [52] деп аталатын мақаласына назар аударамыз. Автор ақындар айтысы, оны жандандырып, қайта оралту жайында пікірін айтып, облыс, аудан көлемінде өткізілген айтыстарға қатысқан айтыс ақындарының дәстүрлі өнердің жандануына қосқан үлестерін

айтады. Темірғали Хасенов, Игібай Әлібаев, Ахметжан Нұртазин есімдері аталып, айтыстарына баға беріледі.

Сонымен, сол кездегі айтыс дәстүрінің жандануына, дамуына Игібай Әлібайұлының зор еңбегінің айтарлықтай ықпалы болды деп айта аламыз.

Игібай Әлібайұлының ұстаздық қасиеті де орасан. Ол еңбек еткен мектептерінде әншілік, ақындық өнерінің таңбасы танылып отырды. Өнерге құмартқан жастарға ұйытқы болып, қомдап отырды. Игібай Әлібайұлының сол бір шәкірттерінің бірі – Илияс Шаймерденов. Оның орындауында Сегіз серінің «Қарғашы», Мәдидің «Қаракесегі», Мұхиттың «Айнамкөзі» 1936 жылы күйтабаққа жазылды. Ал Көкен Қопышев ұстазынан дәріс алып қана қоймай, Игібай Әлібайұлының кейбір өлеңдеріне ән де шағарған.

Игібай Әлібайұлының осынау бір өнері туған балаларына берілмеген көрінеді. Бұл орайда, ақынның ұлы Жалбыр: «Әкеміздің өнері ешқайсымызға дарымаған, тек ұлым Жақсығұлдың домбыра шертіп, ән айтуға құштарлығы – осы атасынан берілген қасиет деп ойлаймын. Келешекте ата жолын жалғастырар» – деп үміт артады [53].

Игібай Әлібайұлы сонымен бірге үш баланың әкесі. Үлкен ұлы Алтай 1928 жылы туады, одан 1930 жылы Роза деген қызы дүниеге келеді. 1938 жылы зайыбы Гауһар ұл туып, атын Жалбыр қояды. Алтай да, Роза да ауыр науқастанып, өмірден ерте кетеді. Жалбыр Игібайұлы қазіргі таңда зейнеркер, Смирнов қаласында тұрған. Ол екі ұл, екі қыз баланың әкесі. Мамандығы инженер – механик. Әке – шешесін асырап – күткен де осы баласы болатын. Ақынның зайыбы Гауһар, 1994 жылға дейін өмір сүріп, бұл дүниеден өткен.

1973 жылы Игібай Әлібайұлының 70 жасқа толуына қатысты туған жері Айтуарда үлкен той болды. Ақынның еңбегі жоғары бағаланып, Құрмет грамотасымен марапатталады. Игі тілектер айтылып, ақынға арналған өлең жолдары газет беттерінде жарық көрді. Туған елі ақынды «ел еркесі» деп аяласа, бұл орайда әріптесі Уахит Темірбеков мерей той иесіне арнап «Ел еркесі» [54] өлеңін арнайды. Ол:

Ел еркесі – әрі әнші, әрі ақын,
Қаламдасым, жерлесім – бәрі жақын.
Жетпіс жасқа толыпты Игібайым,
Тағы жетпіс жасауға бар ғой хақың –
деп тілесе, Ғалым Малдыбаев «Самғай бер» [55] деген өлеңінде:
Туып ең тумысыңнан өлең жаттай,
Шапқылап жүрсің әлі дөнен аттай.
Күндіз – түн қолыңнан бір түскен емес,
Жасыңнан желіктірген «жорға тақтай».
Осылай жетпіске де жеттің бүгін,
Ризасың – той-думанмен өтті күнің.
Тілегім: сол жорғаңмен жорғалай бер,
Тағы да тамсаңдырып көпті бүгін! –
деп, достық әзілмен тілек білдіреді.

Бұл орайда, ақын да өз өлеңін келтіреді:
Жетпістегі кейбір шал,
Қолынан түспей таяғы
Бүкірейіп белдері
Қамыттанған аяғы,
Сондайларды көргенде
Алшаң басып кетемін,
Қатарласып келгенде
Жасықтай жайнап өтемін –
деп, домбырасын шертіп-шертіп жіберіп, жанары жайнай түседі
екен.

Билетемін, ойнаймын,
Домбырамның күйіне,
Ойнаймын да, тойлаймын
Заманыма сүйіне –
деп, желдірте жырлағанында Игібай Әлібайұлы неше жасқа
келсе де, елдің еңсесін көтеріп, рух беріп, елі мен жерін
жырлаудан жалықпаған.

Игібай Әлібайұлы:

Бұрыннан қалған ұрпақ біз қатарлы,
Бір кезде кедей, батрақ, жалшы атанды,
Міне бүгін жалшы емес, әнші атанды–

деп, Арқаның дүлдүлдері Біржан сал, Ақан сері, Үкілі Ыбырай сынды әйгілі әнші, сазгерлердің дәстүрін жалғастырған, «бұрыннан қалған ұрпақ» деп өзін айтса, атадан беріліп келе жатқан салт – дәстүріміздің жалғасып жатқанын да айтады.

Келсем де осынша жас қырларына,
Арқау боп айбынды өмір жырларыма.
Жақсы ай, сәтті күндер, отты жылдар –
Толтырған күнде менің нұр маңыма.
Жетсе де жетпіс өтіп сексенің де,
Келтіріп мұнан да егде, кексе күнге
Қоя алман өлең – жырды, тоя да алман,
Қоярмын тек үзіліп кетсем мүлде, –

деп келген жолдардан ақынның өнерді жанындай аялап, қаншалықты қастерлейтінін байқаймыз. Міне, осынау бір адам өмірінің соңына дейін өнермен өзегі бір болып, бұл өмірмен қоштасады, яғни 1978 жылы 75 жасында қайтыс болып, туған жері Айтуарда жерленеді.

Игібай Әлібайұлының өнерге деген осынша құштарлығын, әншілік, ақындық өнердің бойына дарығандығын алдымен атадан, әкесі мен анасынан яғни сүйегіне, қанына, жанына берілген қасиет деп түсінеміз. Оны ақынның өзі жайлы әңгімесінен байқаймыз [56]. «Әке көрген оқ жонар» деп халқымыз бекер айтпаған ғой. Біздің тұқым түгел әнші еді. Әкем Әлібай әнші болған кісі. Оның ағасы Тәжібай осы өңірге әйгілі әнші Біржан салдың шашбауын көтерген сері. Өзімнің туған ағам Рамазан қолдан домбыра жасап, күй тартатын. Өзі етікші еді, етік тігіп, үй-ішін асырап тұрады. Өз шешем Қали өлең шығаратын өнерлі еді. Осындай ортада өскен соң әншілік өнер маған да дарыса керек. Тоғыз жасымнан бастап шаршы топтың алдында домбыраммен ән салуды әдетке айналдырдым» [53] – деп әңгімелейді.

Иә, Игібай Әлібайұлының бұл дүниеден өткеніне 20 жылдай уақыт болып қалған екен. Дегенмен ақын жайлы естеліктер, әңгімелер, оның өлеңдері, әндері әлсін-әлсін еске алынып отырады. Халқымыз қашанда өнерді сүйіп өткен, бойына өнер дарып, оны әдемі де, мәнді етіп халқының жүрегіне

жеткізе білген майталман шеберлерімізді дәріптеп, әсіресе көзі көрген қарттарымыз жиі – жиі естеріне алады. Петропавл қаласының тұрғыны Сәркен Барқытов жастық шағында бірнеше рет Игібай Әлібайұлымен жүздес болады. Ақын 1969 жылы бір үлкен сайыста жүлделі орынға ие болып, сыйлыққа домбыра алады. Сол домбыраны: «Екеуін ұстап жүріп қайтемін, осыны саған сыйладым, Сәркен» – деп, маған берді – дей келе, – бір парак ақ қағаз сұратып, мына өлеңді жазып қалдырды дейді:

О, Сәркен Барқытов,
Ән саласың аңқытып,
Жазасың өлең шалқытып.
Өлеңді оқысам,
Жібереді денемді
Қорғасындай балқытып.

Бұл арнау өлеңді Сәркен Барқытов ақынның берген батасы етіп қабылдаса, ол Игібай Әлібайұлының да Қылыш ақыннан он жасында бата алғаны жайлы әңгімелейді. «Әлібай ауылына Қылыш деген ақын келеді. Дауысы зор, әнші, сөзі өткір, бір беткей, қайсар болса керек. «Қылыш» деп аталуы да – содан болар. Ол Қалпақ Көшебе Тұрлыбайдың баласы. Қылыш ақын қайтқанда, ауылдың бір бай адамы, оның мүрдесін зираттан бөлек қойғызған екен деген сөз де бар» – дей келе, – міне, сол қарт ақын Қылыш жас Игібайдың өнеріне сүйсініп, өз батасын берген екен. Әкесі ақынға он тиын күміс ақша сыйлапты» – деп, бұл әңгімені Игібай Әлібайұлының өз әңгімесінен естігенін айтты [57].

Осынау өнер тұғырынан өршелене өрлеп шығып, өнердің әр қырынан көріне білген өнер иесінің есімін елі қалай ұмытпақ. Әрі әнші, әрі ақын, әрі сазгер, домбырашы, күйші, сал-серілік, айтыс дәстүрін жалғастырып, өзінен бұрын өткен әнші-ақын бабаларының әндері мен өлеңдерін сақтап, бүгінгі күнге жеткізуде зор еңбек сіңірген Игібай Әлібаев – бүгінде халқының ұлы, ұлтының болмысы, өнегелі ұстаз.

Қазақстанның қандай түкпірін араламасын Игібай Әлібайұлының жүрген жері ақындық пен әншіліктің дамуына айналып отырған. Оның әсем әнін Қызылжар, Көкшетау,

Ақмола, Атбасар, Қарағанды, Қарқаралы, Керекү – Баянауыл, Өскемен, Жетісу, Алатау мен Алматы тыңдап тебіренеді. Ел құрметі мен қуанышына бөленеді. Елінің сый-құрметін, мерей – тойларын көзімен көрген, шаттыққа толы осынау бір тума дарынның бейнесі – қолында үкілі домбырасы, әуезді әнімен, баянды, жігерлі сөзімен ел есінде сақталары хақ.

Көкшелік ақын Мұса Асайыновтың есімі ақын Молдахмет ағасының және әріптесі Игібай ақынның шығармашылық өмірбаянына қатысты аталған болатын. Ендігі жерде, осынау тұлғаның шығармашылық жолда қалайша қалыптасуын қарастырамыз.

«Көкше» деп сөз бастасақ, сұлу табиғаты тымылжыған жер шоқтығы – кербез Көкшетау сонау атам заман, қилы кезең жылдардан бері әншінің әніне, күйшінің күйіне, ақынның жыр – термелеріне арқау, тиек – перне болды. Киелі, қасиетті топырақта небір өнер тарландары дүниеге келіп, әнші, ақын, жыршы, күйші, балуан, батыр атанып, есімдері халқына әйгілі болып жатса, әнші – ақындардың «Ер Көкше», «Кербез Көкше», «Көк мұнар Көкше», т.б. деп, Көкше жерін дүние жүзіне мәшһүр еткен болатын. Сол саңлақтардың ішінде, тұлғасы дара ақын, жез таңдай әнші Үкілі Ыбырай:

Арқаның асау туған ардагері,
Кім сүйіп, кім жырламас, Көкше сені,
Суың бал, шөбің шүйгін, қойының ырыс,
Жиһанда, бағаң артық сен бір сері.
Жоталы жер кіндігі Көкшетауым.
Ән, күйге толы екен ғой омырауың,
Артынан дабыл қағып, осы әнімнің, осы әнімнің
Сыпырып ұшырайын балақ бауын [58, 103]-

деп, Көкшеге арнап сөз кестесін өрнектесе, туған жерінің, атадан берілген осынау қасиеті немере інісі Мұса Асайыновқа беріліп:

Сұлулық, байлық кернеге,
Көркем Көкше бауырын.
Мақтауға тіл жетер ме,
Сарыарқаның сауырын.

Көкорай шалғын қойыны,

Тіл үйірген мойылы –

деп, Көгілдір Көкше жайлы елжірей толғанады.

Ерке Есіл – Қызылжар, көрікті Көкше – жерінде сал-серілік, ақындық – әншілік дәстүр бастауын алып, мирас болып кейінгі ұрпаққа беріліп жатса, Мұса Асайынов өмірінің, шығармашылығының мәні мен мақсаты – осынау бір дәстүрді сақтап, жалғастыру, өзінен кейінгілерге жеткізу. Мұса Асайынов жайлы Еркеш Ибраһим: «Мәдениет қызметкері, белгілі әнші ұса Асайыновтың есімі республикамыздың өнер сүйер қауымына айтысқа түскен ақтаңгер ақындығымен таныс. Оның орындауымен Біржан салдың, Ақан серінің, Балуан Шолақтың, Үкілі Ыбырайдың әндері күй-табаққа жазылып шықты. Ертеңгі халық ақындары Молдахмет Тырбиұлы, Нұрқан Ахметбеков, Тайжан Қалмағанбетов сияқты жүйріктердің жүрісін бұзбай көзге елестетіп, өнерлерін ел арасына таратуда ол көп еңбек етті» деп, ақынның еңбегіне баға беріп қана қоймай, айтыс ақыны, ақындық, әншілік қырынан елге танымал еткен де Еркеш ағамыз.

Осынау бір тума, дарын, әнші, ақын, сазгер Мұса Асайынов өміріне тоқталатын болсақ, ол өнер жылғасы Кербез Көкше жерінде 1929 жылы дүниеге келген екен. Ақын өміріне тоқталған кезде, оның Үкілі Ыбырай Сандыбайұлының немере інісі екенін айтқан болатынбыз.

Мұса Асайынов Ахмет Жұбановқа арналған «Құттықтау» өлеңінде де:

«...Белгілі күйші, дана жыр тануың,
Көз тартар Көкшегүлдің қылтаңымын.
Кім десең, атым Мұса, тұлпар тұяқ
Үкілі Ыбырайдың ұрпағымын» –

деп, өзін Алматылық жыр қауымға таныстырған.

Ұшқыр ойлы Тайжан Қалмағанбетов те туыс болып келеді, яғни Сандыбайдан Ыбырай мен Мейіз туады да, ал Мейізден Тайжан туады. Бұл туыстық тізбегін шежіреден [59] байқауға болады.

Қарап отырсақ, Дәріпсалдан Әбле, Маңдай, Сандыбай туады. Әбледен ұрпақ болмаған. Маңдайдан Асайын, Үсейін, Қосшығұл деген ұлдар туады. Асайыннан Смағұл, Қожағұл, Мырзағұл туады. Бүгінде Мұса Асайыновтың ұлы Еркін Алматыда тұрады. Шежірені жазып берген Сүлейменов Ағзан Сандыбайдың ұлы Шалғынбайдан туған ұрпақ. Белгілі қаламгер Кәкімбек Салықов та Мұсаға туыстығы бар, яғни Мұса – Бағидан, Кәкімбек – Ақықтан туады, ал Бағи мен Ақық апалы – сіңлілі, ендеше Мұса Асайынов пен Кәкімбек Салықов бөле болып келеді. Ал, халық ақыны Молдахмет Тырбиұлы Мұса Асайыновқа туған жиен. Міне, бір атаның бұтағынан тараған өнер перзенттері тек туыстықтары ғана байланыстырып қоймай өнер шаңырағының, мектептің, әншілік-ақындық дәстүрдің болуы да олардың өнерлерін ұштай түседі.

Мұса Асайынов өнерге құштар болып өседі. Ол жасынан қазақтың ауызы әдебиеті нұсқаларын жиып, батырлар жырын, қисса, дастан, ұзақ толғауларды жаттап айтып машықтанады. Ерте домбыра тартып үйреніп, халық әндерін өзіндік мәнермен шырқауға талпынады. Ол алғашқы жыр шумақтарын мектеп қабырғасында жүріп шығара бастайды. «Бірде мереке қарсаңы болуы керек. Сулықөл ауылының алқаптағы егінін шөменеге салысып, тас соқамен бастырысуға барады. Сүйреткімен масақ – баудан итарқа шошаққа жеткізіп жүрген өгіздің сыңары көзін аларта өлексідей қыбырсыз жатып алмасы бар емес пе. Сонда бала Мұса үш салалы ағаш айырын домбырадай безілдетіп:

Ала өгіз қитарланып

тұрмайды,

Әкеліндер талғажау етсін

қурайды.


Жан тапсырса әлде қалай

бұл не

Болсаңдаршы, құнын бізден

сұрайды – деп,

кам көңілімізді сейілткені бар-ды», – деп, жас Мұсаның тағы бір өлең шумағын айтып, есіне алады:



«Алтыншы «б» – ның
балалары,
Екілікті алыпты «салдары»

Түлкібай мен Сәрсеннің
Қандай болмақ бұдан әрі
халдері» –

деп, жиналыста екі оқушының тәртібін қарастырғанда шығарған өлең шумақтары болатын» – деп, Көкшетаулық әнші, ақын, сазгер Кәрім Есмағұлұлы Ілиястегі балғын жас шақтарын бірге өткізген кездерін есіне алады [60].

Одан Мұса Асайынов 15 жасында Қызылжар филормониясына оқуға түседі. Әнші, бишілермен ел аралап, Біржан салдың, Ақан серінің, Үкілі Ыбырайдың әндерін тамылжыта орындап, жұрт көңілінен шығады, «әнші ақын» атанады. Ол:

Мен үйрендім өленді атандардан,
Заңы берік өнерге қатандардан,
Сал-серілік дарыды бала жастан,
Үкілі Ыбырай, Біржан сал, Ақандардан... –

деп, келген өлең шумағында әншілік, ақындық қасиет аталарынан берілген дарын екенін де айта кетеді.

Мұса Асайынов аталарының шабытын жалғастырып, әндерін шебер орындап қана қоймай, туындыларын насихаттауда да зор еңбек етті.

Мұса Асайынов: «Ән – адам жанының нәрі, жүрек тілі, сезім шырағы, көңіл кілті, тіршіліктің шырайы. Ән – бойға қуат, ойға азық, сезімге – самғау, көңілге – қанат бітіретін өмірдің ажары мен базары» деп әннің құдіреттілігін айтса, Мұса Асайыновтың ән орындауындағы шабыты, шеберлігі жайлы, Жұмабай Есекеев еске алып: «Мұсаның өлең айтқанда үйдің қабырғасы сыңғырлайды деседі. Бірде ол ауылға барып жолдастарымен концерт береді. Бір үйде түстенеді. Үй иесі өлең айтыңыз деп өтінеді. Ол кезде ел керосин құйылған шам шағады. Шам аласа жайма үстел үстіне қойылады. Мұсекеңнің бір әдеті әнді тікелей айтпай, алдымен «әу» деп шырқай

жөнелгенде оның дауыс екпінінен жайма үстелдің үстіндегі шам жалп етіп сөніп қалды деседі» – деп әңгімелейді [61].

Сонымен бірге Мұса Асайынов сазгер ақындығымен де танымал. Ол өзінің бірнеше өлеңдеріне ән жазған. Әнші, сазгер Кәрім Ілиясов ақынның шебер орындаушы, сазгер екендігін айтады. Ол: «Мұса майданда жүрген өнерпаз ағаларының орнын жоқтатпауға тырысты. Олардан келген өлеңдерге ән шығарды. Оның шығарған әндері сол тұста жиі айтылып, ауыл-елдегі, кәрі-құртан, қатын-қалаш, бала-шаға көңілдерін жұбататын. Оның әзілге құрылған әндері көп еді.

Ол Біржан сал, Ақан сері, Балуан Шолақ, өз атасы – Үкілі Ыбырай әндерін алқалы топ алдында жиі-жиі шырқады. Өзі көп өнеге алған ұлағатты ұстаз, тағылымды тәрбиеші, халық ақыны, нағашысы Молдақмет Тырбиұлы, жиені – Тайжан Қалмағанбетов, Нұрқан Ахметбеков сияқты сандал саңылақ ақындардың өлең – жырлары мен әсем әндерін ел арасына насихаттауда да ол көп еңбек сіңірді».

Ол туған өлкесінің тамылжыған табиғаты мен ондағы адамдардың өмір тынысын өлең толғауларына арқау етті.

«...Өмірі бір күйінен арылмаған,

Жайнай бер, таусылмайтын әнім – далам!» – деп

Мұса Көкшесін мақтан ететін» [60] – деп есіне алса, әңгімесінен кейін ол ақынның әндерін орындап, «Мөлдір көздер» өлеңінің әнін нотаға түсіріп берген еді.

Бала Мұса әкеден ерте айрылып, өмір тәлкегіне түссе де, әншілік-ақындық өнер дарыған жас өнерпаз бұл жолдан тайған жоқ. Шығармашылық шабытымен көп ізденіп, үйреніп, шынығады, өнерге деген құштарлығы артып, қажымай еңбек етеді. Оның өнерге деген сүйіспеншілігі, нәзік сезімі шабыттандырып, рухтандырып өмірге жаңа туындылар әкеледі. Өнер сүйгіш сезімі мен асқақ шабытынан туған сөз маржандары меруерттей тізіліп, Мұса Асайынов поэзиясын сомдайды.

Мұса Асайынов поэзиясы – сан қырлы, шағын лирикалық өлеңдерден ірі поэма, толғауларға ұласып жатады.

Ақын шығармашылығы әсіресе 60 жылдары өркенін жайып, шарықтап өсті. Ол «Қамсақты», «Ауыл», «Мөлдір

көздер» т.б. әндерін шығарып, «Көгілдір Көкше», «Тың толғауы», «Батырларға мың алғыс» толғауларын, «Аңшы аңызы» поэмасын, өлеңдерін жазды.

«Тұлпардың сыны толар ма, тосыннан шауып, топта озбай. Сен де түс думан сонарға, қасында ешкім жоқта озбай» – деп Жұмағали Сайын айтқандай, Мұса Асайынов өнер сайысына да бел буып, сынға түседі.

Көкшетау облыстық алғашқы ақындар айтысы 1958 жылы Көкшетау қаласында өтеді. Бұл айтысқа Айыртаудан Мұса Асайынов та келеді. Облыстың басқа аудандарынан да ақындар қатысады: рузайлық суырып салма ақын Көкен Шәкеев, қызылтулық төкпе жырау Жұматай Мәдиев, зеренділік жас талап Дулат Мәженов, еңбекшілдерлік терме ақын Қабиден Жаудин сияқты аудандық ақындар айтысының жеңімпаз майталмандары. Ақындар бұл айтысқа үлкен дайындықпен келеді. Қазақстанның халық ақыны айтыс өнерінің ақтангері Көкен Шәкеев Мұса Асайыновпен бірге жүрген кездерін есіне алады: «Айтысқа түсетін ақындар бәріміз ел аралап, қарттармен әңгімелесіп және аудандық газеттерді қарап, ел ішіндегі кем-кетіктерді көрсететіндей дәлелдер жинастырамыз. Оны бюроға салып қарастырады. Айтыстың мәні – мақсаты да сол – елінің жақсыларын және кемшіліктерін айтып, түзеу салу. 1958 жылы болатын, Мұсамен сөз сайысына түсетін болдым. «Айыртау» газетін түгел қарап шықтым, қарап отырсам, «Жөндеу жасалмаған қоралар, қойлар қырылып жатыр», деп жазыпты.

Содан екеуміз айтысқа түстік. Екеуміз де елдің табысын айтып, жетістіктеріне тоқталдық. Мұсаға кез келіп: «Табысың, малың бар екен, 300 бас қой қайда, тауып әкел, әкелмесең сенімен айтыспаймын» деді. Сол кезде жаным қысылып, маңдайдан тер бұрқ етті.

Мұсаға жауап беруім керек, газеттен оқығандарымды есіме түсіріп, қой мен қойды бауырластырып, үйлестірдім:

Сен де қарауыл, мен де сонда,

Мұса жан көрдің бе Тереңкөлден

Бұркырап тағы міне өлең келді

Тереңкөлден маңырап зар шыққанда

Біздің қойлар соған ауып
Жылайды сіздің кәрі саулық -
«Қой едік Тереңкөздік Айыртаулық
Жел өтіп, аяз қысты арқамыздан
Болады қайтып бізге денге – саулық,
Сен мана Ақан дедің, Жақан дедің
Екеуі Айыртаулық ағам дедің
Атақты аты шыққан Ақтоқтының
Айтыс десе соларды бас саласың
Ескерткіш орнатуға жасқанасың
Басына бір ескерткішті орнатуға
Жастардың бастамайсың бастамасын
Мінінді айтсам жолдастығым
Жасыру бұл мінінді болмас бүгін
Ақан ескерткішіне бөлініп қойған
Ақшаны жеп қойды ғой бір бастығың

деп қайырдым» [62] – дейді. Бұл тақырып айтыстың басты мақсаты болып табылса, сөз сайысына сан рет түсіп, қыр – сырын түсіне білген Мұса Асайынов: «Айтыс дегеніміз – өлеңді жон-жосықсыз, оңды – солды бората беру емес, айтыс қарсыласының сауалы мен жауабына қарай айтар сөзің мен толғар пікіріңді шашыратпай, тақырыптан ауытқымай өте дәл жеткізетін, айла - әдісі мол, көп қырлы күрделі өнер. Айтыс ақыны осыған мейлінше машықтануға тиіс. Айтыс өнері өзінің осындай ерекшеліктерімен құнды» [60] – деп тоқталады. Осынау бір қасиеттерді ақын бойынан-ақ аңғаруға болады.

Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген қызметкер, ақын Төлеген Қажыбаев: «Аруақты атасындай айбарлы мінез өр көкіректігі жоқ өрлік, ерсілігі жоқ еркелік мінез Мұса ақында да мол болатын. Ол айтысқа шығар алдында іштей жарап алатын да шиыршық атып ширай беретін аруақтанып, ағынды жүйріктей, керме үзердей екпіндеп, есіле түсетін.

Өзіне ғана тән самғауы биік әуенді аспанға ақ жамбыдай атып жіберерін, өзіне ғана тән ұшқыр қимылмен қақпақылдай қағыстырып, сөзден сөз оздыра жарыстырып қотарыла беретін, аста – төк молшылықпен буырқанып төгіле беретін» [63] – деп,

айтысқа түскен Мұса Асайыновтың өзіндік мінез – қылықтарын, қасиеттерін сипаттайды.

Қазақстан Республикасының халық ақыны Көкен Шәкеев [1925-1999] те өзінің әріптесі, өнер жолындағы серігі, сонымен бірге сөз сайысындағы қарсыласы Мұса Асайыновтың суырып салма акынға тән ерекшеліктерін, мінезін айтып, жырға қосады:

«Дейтұғын» бір тілегім аға саған,
Жай жүргенде кіші боп сізге жағам.
Айтыста артық кетсем айып етпе,
Ұстауға сөз шіркінді болмас шамам».

Бұл шумақтағы «айтыста артық кетсем айып етпе, ұстауға сөз шіркінді болмас шамам» деген жолдардан-ақ Мұса Асайыновтың қызба, төкпе акын екендігін байқаймыз. Ол:

«Айтысы ақындардың басталатын,
Сөз семсер, жүректер жоқ жасқанатын.
Мінезі Мұса марқұм қызық еді-ау,
Алдымен «А» дегенде бас салатын.
Қызба акын, қызулы акын, ағатұғын,
Қиыннан сөз қисынын табатұғын.
Дауысы, домбырасы бірдей сайрап,
Тыңдаған тыңдаушыға жағатұғын.
Жарқылдап, жәй отындай жайнап көзі,
Бұрқанып, тоқтата алмай өзін-өзі
Тілге бай, сөзге шешен ділмәр еді.
Алтын боп кететұғын жәй бір жезі –

деп, акынның айтыс десе, арқасы қозып, шабыты өсіп, сөз орнын дөп басып, қисынын келтірудегі ерекше мінез – қылықтарын сипаттайды.

Ақындық сөзге шіркін ұста болды,
Білгенге айтқандары нұсқа болды,
Шабыты шаңқай түске шыққан кезде,
Арман-ай қайран ғұмыр қысқа болды – деп,
акын өлімін өкінішпен айтса,
Артында сөзі қалса өлгені жоқ,
Айтыста еш бір акын жеңгені жоқ.
Атақты сан акынмен айтыссам да

Ақынды дәл Мұсадай көргенім жоқ – деп, Мұса Асайыновты қазақтың бірегей тумасы етіп көрсетеді.

Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қызметкері, филология ғылымдарының кандидаты Көбей Сейдеханов Жамбыл Жабаеттың 125 жыл толуына арналған салтанатты жиында Мұса Асайыновпен кездеседі. Ол: «Оның жүріс-тұрысы, сахнадағы отырысы, домбыраны шертісі, кең тынысты ашық даусы, айтыста арқаланып, екпіндеп, ерекшелене түсетін мінезі, шешен тапқырлығы есімде қалыпты» [64, 6] – деп жазады. Қарап отырсақ Мұса Асайынов айтыс өнерінде төкпе, қызба ақындығымен танылса, әлеуметтік тақырыпқа арналған айтыстарды ақынның халық тұрмысының шындығын суреттеп, жетістіктерін айтып, кемшіліктерін сынауы да ақындық тұлғасын танытса керек.

Яғни, «қызу айтыс үстінде ағыл-тегіл өлең шумақтары ақындық қиял – шабыттың жемісі ғана емес, әлеуметтік шындықтың сыртқа шыққан көрінісі» [65, 11].

Мұса Асайынов ақын Қабиден Жаудинмен айтысында:

«Төрт мыңдай тұрғын жанға бір монша жоқ,
Монша үшін Степнякқа шұбырады.
Соңында осындай жай сындырады.
Жұмысқа тиіп-қашып жүргендер де,
Моншаны сылтау қылып қыдырады.
Осындай кемшілікті айта берсем,
Құлдырап түсіп кетер сенің еңсең.
Әрқашан қуанар ем табысыңа,
Алдыма оза шығып, үлгі берсең.
Келер жыл қолынды алып құшақтаймын,
Әлгі айтқан кемшілікті жойып келсең –

деп сауал қояды.

Жамбыл Жабаеттың 125 жыл толуына қатысты салтанатты жиында Мұса Асайынов Бикен Сембаевамен сөз сайысына түседі. Екі ақын да өз елдерінің еңбек ерлерін, мол өнімдерін айтып мақтан етеді. Бұл айтыста Мұса Асайыновтың туған жер табиғатының сұлу көріністерінен әсер қалдырарлықтай жігермен сипаттайды. Ол:

«Жәкең салған ізбенен
Шақырып шабыт толғанып,
Бурабайдай балқиын,
Оқжетпестей өрлейін.
Сырымбеттей шалқиын,
Сексен көлдей тебіреніп,
Жыр асылын қалқиын –

деп келсе,

Бал шырын таза ауасы,
Дертiнiң бiрден дауасы,
Қолы кiлем секiлдi
Шаң тимеген жерiне
Аққу ұшып, қаз қонған
Айдын шалқар көлiне
Ғашық болған көрген жан
Жерiме де, елiме –

деп, шабыттана жырлайды.

Бiрде Сәбит Мұқанов Мұса Асайынов пен Кәрім Тахауиннiң айтыстарынан кейiн: « – Бәсе, паһ, паһ. Тума талант, арқалы ақын Ыбекемнiң мирасқорлары елде бар екен-ау! Бәрекелдi, жарады. Дауылпаз Сәкен ағаларының құдiрет – қасиетi екеуiндi де жебеп – желеп, Кәрім қалқам, сен Үкiлi Ыбырайдың айта алмай кеткен сөзi, Мұса шырағым, Үкiлi Ыбырайымыздың өзi, халқымыздың шырағданы, көреген көзi болуға машықтаныңыздар...» [43] – деп, ақыл айтып, батасын берген екен дейдi.

Бұл орайда ақын Мұса Асайынов Жамбыл Жабаевтың 125 жылдық тойына қатысып, одан алған әсерi жайлы айтады. Ол: «... бұл менiң республика ақындарының айтысына екiншi рет қатысуым едi. Бұл секiлдi үлкен жиында сынға түсiп, алдыңғы аға буын ақындардың жыр сайысынан тәрбие алу ақындық шабытыңды шыңдай, жiгерiңдi қайрай түседi екен. Мен Жәкең тойынан, сондағы болған айтыстан естен кетпестей, көңiлiме азық болғандай үлкен әсер алып қайттым» – деп жазса, Жамбылға арнаған толғауымды бөгелмей бастап кеттiм:

Қазiрет, сұлтан, билердi

Өткір сөзбен түйреген.
Жалғыз атты сабалап
Бүгінде киім кимеген.
Патша тұрсын, хан тұрсын
Еңкейіп басын имеген.
Жамбыл бабам тойы бұл –

деп, ұзақ жыр айтып, толғана тоқтағанда, қол соғып қошемет көрсеткендердің ортасынан екі-үш қарт көтеріліп, «Шырағым даусың да, домбыра тартуың да, сөзің де жақсы екен. Өнерің күннен – күнге өркендеп өсе берсін» - деп – игі тілек, ақ ниеттерін білдірді» [62] – деп, есіне алады.

Өкінішке орай кенеттен кезіккен сырқат, өкпенің қабынуы Мұса Асайыновтың бұл өмірмен қоштасуға мәжбүр етті. Өнердің даңғыл жолына түсіп, өрісі өркен жайып, шабыты шарықтаған кезі еді.

Мұса ақынның:

Арманым жоқ әннен болса табытым,
Тірі жанға түспей өтсін сабытым.
Өліп кетсем бейітімнің басында,
Сандуғаштай сайрап тұрар шабытым.
Тіршілікке кінәм жоқ қой тағатын,
Көрдім талай жұлде берген сағатын.
Ризамын інілердің барына,
Домбыраның үнін үзбей қағатын.
Сөкпе балам, ұнамаса бағытым
Менде әкеме жасаушы едім қағытым.
Туған елдің күй сандығы сияқты,
Аталардың жалғастырып шабытын –

деп, аталардың дәстүрін жалғастырудағы ақындық шабытын айтып, өзінен кейін де осынау дәстүрдің жалғасатынына өнерлі інілеріне үміт артады.

Қазақстанға еңбегі сіңген ақын, өнер жолындағы інісі Төлеген Қажыбаев: «Мұса ірі талант, шалқар шабыт иесі болды. Ол туған жұртының абырой – қасиетін биіктен – биікке жетелей білген, сол жолда ой – қиял, ақыл – парасат, шабытын жұмсай

білген сөз жүйірігі» [63] - деп ақын ағасының сый – құрметін айтып сөз жүйірігіне теңейді.

Ақынның бұл өмірден кеткеніне де 40 жылдай болып қалды. Дегенмен ақын есімін ардақ тұтып, өнерін әлі күнге дейін таңырқай әңгімелей, жырға да қосып жатыр. Бұл орайда Қазақстан Республикасының халық ақыны, Қазақстан ақын – жыршылар одағының президенті, марқұм Көкен Шәкейұлы Шәкеевтің естелігі мен арнау өлені Мұса Асайыновтың өмірі мен шығармашылығы жайлы әңгіменің түйінін түйіп, ақынның келбеті мен мінезін бір сәт көз алдымызға елестеткендей болады.

Ол:

«Қара сұр, мұрындылау, өткір көзді,
Жасынан ұнататын жарқын сөзді.
Ақындық сапарымен бірге болып,
Өткіздік ұмытылмас талай кезді» –

деп, ақынның сырт келбетін сипаттап, бірге болған шақтарын айтса, «Алғаш рет Мұса Асайыновпен 1958 жылы кездестім, Мәдениет министрлігі қозғау салып, Ілияс Омаров Қызылжарда хатшы, айтысты ұйымдастырады. Ол кезде Рузайда есепші болып жүргенмін. Қабиден Жаудин, Қызылтудан – Жұматай Мадиев, Чкаловтан – Рамазан Спанов, Зерендіден – Дулат Мәжитов айтысқа түсті. Үйде жатқан едім, есікті ашып біреу келіп кірді де:

– Сен ақынсың ба?

– Оны қайдан білдің?

– Осы жолы не сен, не мен бәйгені аламын – деді, мұрны қонқиган қара жігіт. Бұл жігіт – Үкілі Ыбырайдың немересі, Мұса болатын. Мейлінше әнші, өнерпаз, жан. Азаматшылдығы ерекше, туа біткен дарын. Ақкөңіл, бір беткей, үлкенді сыйлай білетін ерекше жан еді.

Жатпайтын сол жақ шашы қайырса да,
Қайтпайтын, төбесінен жай ұрса да.
Мінезі, кескін – кейпі көз алдымда,
Мезгілсіз тағдыр бізді айырса да –

немесе,

Ақ көңіл, ақжолтайдың өзі еді ғой.

Сенетін «солай» десе балаға да –

деп Көкен Шәкеев ақын мінезінің қайсарлығы мен аңғалдығын бөле-жара айтады.

«Мұса екеуіміз мәжілістерде бірге болып, айтысқа да түсіп, сыйлас болдық. Өттең Мұсаның күтімі болмады. Мұса ауруға кезігіп, қатты ауырып жүрген кезі болатын. Түсімде Мұса екеуіміз айтысып жатырмыз. Тер иектен шүмектеп ағып тұр, неге қысылдың деп, маңдайынан сүйдім. Таңертен тұрып, шай ішіп, түсімді жорып отырып едім, телефон соғылды. Мәдениет қызметкері Мұрат Жексенбин: - Мұса қайтып кетті. Өскенге барыңыз – деді. Солай 47 жасында Мұсаны Өскенге жерлеп келдік» – деп Көкен ағамыз есіне алады.

Дегенмен ақын артына асыл мұра қалдырды, оның аталар жолын жалғастырған өнері бүгінде өз жалғастығын тауып, жандануда.

Сәбит Мұқанов: «Ақынға ақындық атақ әперетін поэзия жанры, көбінесе, «айтыс» – деп жазса, Мұса Асайынов Алматы, Ақмола, Көкше, Қызылжар қалаларындағы ақындар айтысына түсіп, жүлдеге ие болды. Ол Игібай Әлібайұлымен, Бикен Сембаевамен, Тұяқ Мақитовпен, Нұрмияш Көбеновпен, Қабиден Жаудинмен, Совет Баймағанбетовпен, Көкен Шәкеевпен сөз сайысына түсіп, елін өнерімен тамсандырған ақындардың бірі.

Оның айтыстары «Қазақтың қазіргі халық поэзиясы» (1973), «Жамбыл және қазіргі халық поэзиясы» (1975), «Аңшы аңызы» (1978) жинағында жарық көрді.

Сонымен, Мұса Асайынов әнші, ақын, сазгер. Әншілік, ақындық өнеріне қоса, суырып салма, айтыс ақыны. Оның сөз сайысындағы суырып салмалығы, тапқырлығы, әсерлі де өткір сөз қолданысы келешек өнерлі жас буынға үлгі-өнеге. Онымен қоймай, әншілік айтыс дәстүрін жалғастыруда ата-баба мұраларын бүгінгі күнге жеткізіп, насихаттауда көп еңбек сіңірген мәдениет қызметкері.

Мұса Асайыновтың алуан шығармалары, шешен тілі ұлттық мәдениетіміз бен әдебиетіміздің қорына қосылған асыл

мұра. Әріптестері ақынға «сөз ұстасы», «сөз жүйрігі» деп баға берсе, елінің қуанышы мен қайғысына ортақтасып, халық құрметіне бөленген ақын.

Ақын Мұса Асайыновтың өнер әлемінің тұңғығына сүңгіп, шыңынан шығуына – ата желпуі, өнер мектебі, туған жер топырағы негіз болса, ақынның алғырлығы, жүйрік ойы, шешен тілі, зейінділігі мен зерделілігі тұтасып ақын тұлғасын сомдайды. Яғни, ақын Мұса Асайынов қазақ өнеріне үлес қосқан, шығармашылық тұлға.

Қорыта айтқанда, Солтүстік Қазақстан аймағындағы әншілік, ақындық дәстүрді, сол ортада үлгі, тәрбие алып өскен халық ақындары Молдахмет Тырбиұлы, Игібай Әлібайұлы, Мұса Асайыновтардың өнерпаздық болмысына қатысты, мынадай әдеби-тарихи һәм теориялық мәселелерге назар аударамыз.

Біріншіден, Молдахмет Тырбиұлы, Игібай Әлібайұлы, Мұса Асайынов ХХ ғасырдың 30-60 жылдар аралығындағы қоғамдық – әлеуметтік ортада қалыптасқан тұлғалар. Олар келешек ұрпаққа терең толғамды, мазмұнды, әрқайсысының өзіне тән мәнді ерекшелігі бар әдеби мұра қалдырған.

Екіншіден, ақындық, әншілік дәстүрдің Көкшетау, Қызылжар жерінде қалыптасуы және сол сал-серілік дәстүрдің өкілдері Сегіз сері, Біржан сал, Ақан сері, Балуан Шолақ, Үкілі Ыбырай қалыптастырып дамытқан мектептің болуы. Осынау бір атадан балаға мирас болып келген дәстүр жалғастығы және өнер мектебі Молдахмет Тырбиұлы, Игібай Әлібайұлы, Мұса Асайынов бойына дарыған өнердің жандануына басты себеп болды.

Олар әншілік, ақындық, орындаушылық дәстүрді жалғастырып қоймай, қазақтың айтыс өнерінің шарықтап, алға басуына да ат салысты.

Үшіншіден, Молдахмет Тырбиұлы, Игібай Әлібайұлы, Мұса Асайынов Солтүстік Қазақстан аймағының әншілік, ақындық мектебінің өкілдері. Олардың өнер ұстанымындағы мақсаттары – дәстүрді жалғастыру, елдің елдігін, жетістігін мақтап немесе кем-кетігін айтып, сынға алып түзеу салу болса,

ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келген жыр – жырлау мен қисса – дастан, әндерді елге танытып, насихаттау болып табылады.

Зерттеуде тұңғыш рет Молдахмет Тырбиұлының, Игібай Әлібаев, Мұса Асайыновтың ақындық ерекшеліктері, шығармашылық өмірбаяндары мен әдеби мұралары тұтас сараланып, жүйеленіп қарастырылды.

Жұмыста бұрын еш жерде жарияланбаған поэзиялық үлгілер жинақталды.

Еңбекте аталмыш ақындарымыздың шығармашылық өмірінде сырлас болған қаламгерлерімізден, әулеттік архивтен алынған тың деректер пайдаланылды.

Ақындарымыздың әртүрлі нұсқадағы өмірбаяндық деректері ғылыми салыстырулар мен талдаулар арқылы бір ізге түсірілді.

Жұмыста әншілік, ақындық, айтыс дәстүрінің даму заңдылықтары мен ерекшеліктері анықталып, сипаттама берілді.

Молдахмет Тырбиұлы, Игібай Әлібаев, Мұса Асайынов мұраларының көркемдік ерекшеліктері таразыланып, тың қорытындылар жасалды.

Молдахмет Тырбиұлы, Игібай Әлібаев, Мұса Асайынов мұраларының негізінде ХХ ғасыр әдебиетіндегі ақындық дәстүрдің сабақтастығы, үйлесімі ашылды.

Зерттеу жұмысының негізгі мақсаты – Молдахмет Тырбиұлы, Игібай Әлібаев, Мұса Асайынов шығармашылығының негізінде Солтүстік Қазақстан өңіріндегі ақындық дәстүрдің сабақтастығы мәселелеріне назар аударту.

Зерттеуде мынандай міндеттер қойылды:

- Молдахмет Тырбиұлы, Игібай Әлібаев, Мұса Асайыновтың шығармашылық өмірбаяндарына қатысты әдеби-тарихи деректерді толықтырып, әдеби мұраларын жан-жақты, толық, терең таныту;
- Молдахмет Тырбиұлы, Игібай Әлібаев, Мұса Асайынов мұраларының сал-серілік поэзияның ықпалы мен жаңашыл ағымының үндестігін көрсету;
- Молдахмет Тырбиұлы, Игібай Әлібаев, Мұса Асайыновтың шығармаларының жанрлық, тақырыптық, көркемдік, тілдік

ерекшеліктерін тексеру және ұлыттық поэзия тарихындағы орны мен маңызын айқындау;

- Жыршы ақындар поэзиясының музыкалық және образдық – бейнелілік қырларын ашу.

- Молдахмет, Игібай, Мұсаның айтыс ақыны екендігін көрсету.

Қортындылай келе, мына жайларға назар аударымыз.

Біріншіден, Молдахмет Тырбиұлы, Игібай Әлібаев, Мұса Асайынов шығармашылығының қалыптасуына сал-серілік, әншілік-өнерпаздық дәстүрдің әсері болғаны.

Екіншіден, Молдахмет Тырбиұлы, Игібай Әлібаев, Мұса Асайынов шығармашылығы бірнеше өнердің тұтастануымен қалыптасады.

Үшіншіден, Молдахмет Тырбиұлы, Игібай Әлібаев, Мұса Асайынов шығармалары негізінен әлеуметтік тақырыпқа құрылады.

Төртіншіден, Молдахмет Тырбиұлы, Игібай Әлібаев, Мұса Асайынов айтыстарына еңбекші халық, шаруашылық табыстар үндеу болып, кемшіліктерге түзеу боларлық сын жол салынды.

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың 40 жылдарына дейінгі халық ақындарына арна болған орта – Арқа жеріндегі дәстүрі қалыптасқан ақындық мектеп, яғни тамыры тереңде жатқан салдық пен серілік.

Сал-серілік дәстүрдің аясында, біріншіден, емін – еркін өмір сүруге, тұрмысты қызықты өткізуге деген талпыныс жатыр. Екіншіден, бұқара халықтың рухани қажеттілігін өтеу пейілі бар.

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың 40 жылдарына дейінгі өмір сүрген әнші-ақындар – сал-серілер дәстүрін жалғастырушылар. Қазақ әдебиеті тарихында осынау өнерпаз жандардың есімдері аталып, қысқаша мәлімет берілгенмен, олардың шығармашылық өмірбаяндары жайлы жүйелі зерттеулер жок. Осы орайда, Молдахмет Тырбиұлы, Игібай Әлібаев, Мұса Асайынов өмір тарихы, шығармашылығы жайлы деректер мен мәліметтер сараланып тексерілмек.

Әнші-ақындар поэзиясын өзінше жеке құбылыс ретінде шарықтау шегіне жеткізген ХІХ ғасырдың екінші жартысында қазақ даласында қалыптасқан тарихи-әлеуметтік жағдай. Әрине, оның түп тамыры тым әріден бастау алады, ХІХ ғасырдың екінші жартысында ол халық мәдениетінің өзінше бір ерекше түрі ретінде бой көтерді.

2 СОЛТҮСТІК АЙМАҚТАҒЫ АҚЫНДЫҚ ДӘСТҮРДІҢ СИНКРЕТТІЛІГІ МЕН СИНТЕТТІЛІГІ

Арқа жерінде сал-серілер поэзиясының көрнекті өкілдері – Сегіз сері, Жаяу Мұса, Біржан сал, Ақан сері, Үкілі Ыбырай, Балуан Шолақ, Шөже, Арыстанбай, Орынбай т.б. қасиетті, киелі әншілік, ақындық өнердің туын көтерсе, олардың өнерпаздық ерекшеліктері мен жолдарының негізінде шығармашылық мектептер де қалыптасқан. «Шәкіртсіз ұстаз тұл» демекші, соңынан ерген шәкірттері мен олардың туындыларын таратушылары да болған. Атап айтсақ, Молдахмет Тырбиұлы, Игібай Әлібаев, Мұса Асайынов, Темірғали Қасенов, Уахит Темірбеков, Жарман Рахымов, Ахметжан Нұртазин сынды әнші ақындар айтулы өнерді жалғастырудағы атаулы буын болып табылады.

Кезінде елі мен жерін әнімен де, сөзімен де сусындатқан бірқатар ақын, әнші, жыршылардың өмірбаяны мен өнерпаздық жолдары туралы зерттеулер, деректер, мағұлматтар берілсе, енді бірқатар жыршы ақындарымыз жайлы мәліметтер жоқтың қасы немесе олардың әдеби мұралары жинақталып, жүйеленіп, толық тексерілмеген деуге болады.

Халық ақындары мен әншілерінің азды-көпті өмірбаяндық деректері бұрын кейбір еңбектерде «Ақындар» (1956) [14], «Пернедегі термелер» (1965) [66], «Қазақтың қазіргі халық поэзиясы» (1973) [67] қосымша ретінде беріліп келсе, «Ақын-жыраулар» (1979) [8] анықтамалығында едәуір түзетіліп, жаңа мәліметтермен толықтырылып, қайтадан жазылды. Сонымен қатар көп жылғы іздестіру нәтижесінде тағы да жүз алпыстан астам ақын-жыраулардың өмірбаяны жинақталып, алғаш рет осы аталған кітапта жарияланды.

Көкшетау, Қызылжар өңірі әнші-жыршы, ақын-композиторларға кенде болмағаны белгілі. Олардың шығармашылығы, өмір тарихы жайлы облыстық баспасөз беттерінде естелік, мақалалар арқылы республика көлемінде танылып келді. Халқының қалаулысы болып келген Қызылжар, Көкшетау елінің жыршы-орындаушылары, әнші-ақындар

Молдахмет Тырбиұлы, Игібай Әлібаев, Мұса Асайынов есімдері де қалың елге мәшһүр. Олар бір шығармашылық мектептің, яғни сал-серілік дәстүрдің негізінде өз өнерлерін жетілдіріп, қалыптастырып, солтүстік өңірдегі ақындық дәстүрдің жалғас табуына үлкен үлес қосты.

Халық таланттарының өмірбаяндарына қарағанда, біріншіден, әншілік, ақындық, сал-серілік өнердің ұрпақтан-ұрпаққа сәтті жалғасып келе жатқан игі дәстүр екендігі, екіншіден, әрбір аймақта белгілі бір шығармашылық мектептің қалыптасқандығы аңғарылады. Мәселен, Арқада әнші-ақындардың, Атырау мен Жайықта жыраулардың, Сыр бойы мен Жетісуда айтыс ақындарының көбірек болуы байқалатындығы айтылады [8, 10].

Мұндай белгілі бір мектептердің, дәстүрлердің, аға буындардың болуы – сонынан шәкірт ергізіп, өнердің жалғас табуына әкелетін заңды құбылыс деп те қарауға болады.

Ендеше Молдахмет, Игібай, Мұсалардың өнерпаздық болмысында байырғы ақындық-әншілік, сал-серілік дәстүрдің ұштасып жатуы тегіннен-тегін емес. Біріншіден, үшеуі де ән мен жырға тербелген Арқа жерінің перзенттері болса, екіншіден, үшеуіне ортақ шығармашылық мектептің болуы және әлденеше өнердің бір адамның табиғатынан табылуы да бұларға тікелей қатысты.

Өмірде бір өнердің бір адамға берілуінің өзі жиі құбылыс емес, немесе әнші болса, ақын емес, ақын болса, әнші емес, ал бірнеше өнердің бір адамның бойынан табу тіпті де сирек құбылыс. Осынау біртұтас синкреттік қалың өнерді Молдахмет Тырбиұлы, Игібай Әлібайұлы, Мұса Асайынов шығармашылықтарынан табылатындығын терең аңғардық. Мұның өзі синкреттілік құбылыстардың өміршеңдігін анықтаудағы нақты себебі деуге болады.

Молдахмет Тырбиұлы, Игібай Әлібайұлы, Мұса Асайынов та өнер шыңына бірден өрмелеп шыққан жоқ, бір өнерді сүйіп, содан екінші өнер қалыптасып, егіз өнер жымдасып, шыңдалып үшінші өнердің тууына әкелсе, өнер

жолдарын бұл үшеуі алдымен домбыра ұстап, жыр тоқып, ән шырқаудан бастаған.

Бұл орайда «Молдахмет Тырбиұлы, Игібай Әлібайұлы, Мұса Асайыновтың орындауларында халық сүйіп тыңдайтын Сегіз сері, Жаяу Мұса, Біржан сал, Ақан сері, Үкілі Ыбырай, Балуан Шолақтың әндері өте шебер орындалып, жұрт көңілінен шығатын», – деп жазады қаламгер ағамыз Қобылан Хамзаұлы [68].

Молдахмет Тырбиұлы бала кезінен ән-өлеңге әуес болып, қолына домбыра алып, ән шырқағанды жақсы көруші еді. Жас әнші бірден Ақан серінің көзіне түседі. Содан Ақан сері баланы алдына алып: «Сенің әкең Тырби, өзің боларсың қырғи», – деп айтқан екен. Өнерге ұмтылып, өнердің өріне өрлеген Молдахмет Тырбиұлы буыны бекіп, бұғанасы қатпай өз қарсыластарын қырғидай қағып түскен екен» – деп әңгімелейді Шашубай Ғалымұлы Малдыбаев [69].

Молдахмет Тырбиұлының айтатын әндерінің көпшілігі Сегіз сері, Нияз сері, Біржан сал, Ақан сері, Шәркей сал, Үкілі Ыбырай, Балуан Шолақтікі болса, термелері Жанақ және Орынбай ақынның толғаулары болатын.

Молдахмет Тырбиұлы жоғарыда аталған ақын-композиторлардың әндерін насихаттаумен қатар, өнер қорына түспегендерін белгілі композитор – ғалымдардың нотаға түсіруіне де ат салысты. Атап айтатын болсақ, «Гэкку» әні, Үкілі Ыбырайдың «Ақтайлақ», «Шалқыма», «Қаралдым» деген әндерін нотаға түсірілген. Үкілі Ыбырайдың, әсіресе, «Қарақат көз», «Жиырма бес», «Ыбырайдың былқылдағы» деген әндерін орындағанда, тыңдаған жұрт Молдахметке риза болушы еді – деп, қарт ардагер Қайырбек Сыздықов есіне алады [70].

Игібай Әлібайұлы да ел арасында, алдымен, әншілігімен таныла бастайды. Ән-өлең, сауықтар кімді болмасын еліктірмей қоймайды, жас Игібай да бала кезінен әнге құмар болып өседі. Оған басты себеп болған әкеден берілген әнге деген сүйіспеншілік, өйткені Игібайдың туған әкесі Тәжібай Біржан салға ерген атақты әншінің біреуі болатын.

Игібай Әлібайұлы Алматы, Мәскеуде өткізілген қазақ өнерінің сауықтарына қатысып, бірнеше рет жүлде алады. Оның орындауындағы Біржан салдың, Үкілі Ыбырайдың, Ақан серінің, Балуан Шолақтың кейбір әндері грампластикаға жазылды [8, 26] – деп берілген. Бұл орайда, Зейнұр Қоспақов: «1958 жылы Қазақтың Ұлттық Ғылым академиясының музыка секторына белгілі ақын, әнші Игібай Әлібайұлы келіп Ақан серінің, Үкілі Ыбырайдың, Біржан салдың 23 әнін магнитофон таспасына жаздырады» – деп мәлімдейді [37, 53].

Естай, Мәди, Әсет, Ғазиздің әндерін халық арасында таратқандардың бәрі және Сегіз серінің көптеген өлең-әндерін алғаш орындаушы да Игібай Әлібайұлы болатын.

Үкілі Ыбырайдың немересі – Мұса Асайынов есімі республикамыздың өнер сүйгіш қауымына айтыскерлігімен танылса, оның да өнер жолындағы алғашқы қадамы ән айтудан басталған болатын. Мұсаның орындауымен Үкілі Ыбырайдың, Балуан Шолақтың, Біржан салдың, Ақан серінің әндері күйтабаққа жазылды.

Солтүстік Қазақстан филормониясының әншісі болып алынғанда Мұса он бесте ғана еді, ол одан арғы өмірін өмірден өткен өнер алыптарының жолын қуып, өнерлерін насихаттауға арнайды. Ол Көкшенің сал, серілерінің тамаша өнерлерін жалғастырған өнер иесі еді – дейді Қазақстанның халық ақыны Көкен Шәкеев [62].

Жазушы Сәбит Мұқанов «Айтыс және ақын» деген мақаласында қазақтың ауыз әдебиеті дәстүрінде ақындық атақ тек айтыста ғана беріледі, көпшілік алдында тұтқиылдан сөз туып, ойын өткірлеп айта білген, екінші ақынмен айтысып бәйге атындай озып шыққандары ғана шын ақын аталған дейді [71, 4-5].

Қазіргі халық ақындарының көпшілігі суырып салма ақын, айтыс ақыны. Ал, айтыста ақын сөзге шешен тапқырлығын, өткір сезімталдығын, ақындық ұшқырлығын танытады. Ендеше, Молдахмет Тырбиұлын, Игібай Әлібайұлын, Мұса Асайыновты да ақын, айтыс ақыны қырынан да шеберлігі қалыптасқан өнер иелері деп қарауымыз керек.

Молдахмет Тырбиұлының, Игібай Әлібайұлының, Мұса Асайыновтың өнер жолында өсу сатысы, бірінші кезеңі ән – өлең айтып, үлгілі туындылары кеңінен насихаттау болса, келесі кезеңде олар ән айтып, насихаттаумен қанағаттанып қоймай, өздерін сынға салудан бастайды; шығарғыштық, ақындық таланттарын жарыққа шығарады, үлкен ақындарға сыналады, айтысады, шындалады.

Молдахмет Тырбиұлының ақындық өмірінің шарықтау кезеңі қырқыншы жылдардың аяғы мен елуінші жылдардың іші болатын. Осы кезеңде «Қайран жастық», «Сағындым кешегі өткен жақсыларды», «Ақан серіге», «Көкшенің бауырында» және Ұлы Отан соғысына байланысты жырларын жазған. Бірақ көп шығармалары қағаз бетіне түспей қалған. Осы уақыт ішінде Молдахмет Тырбиұлы ақындар айтысына да көп түседі. Әсіресе, Нұрқан ақынмен айтысып, бәйге алуы оны республика көлеміне танытты.

Ал, Игібай Әлібайұлының ақындық дарыны «Айтуар» [45, 5-6-18] атты поэмасы, «Біржан ауылында», «Домбыра», «Қош бол, жастық», «Марқакөл», «Алтайға», т.б. жырлары арқылы көрінсе, айтыс өнеріндегі жеңістері оның ақындық келбетін көркейте түседі.

Игібайдың:

Баласы Әлібайдың Игібаймын,
Гүл бақшада сайраған
бұлбұлдаймын,
Домбыра қолымдағы жан серігім,
Алуан түрлі ән саламын
жаңылмаймын [72] –

деп келген шынайы лебізі, ақын бейнесін көз алдымызға елестетеді.

Игібай Әлібайұлы өлеңдерінің тақырыптары негізінен туған жері мен еліне арналады және де Ұлы Отан соғысының батыры Ысқақ Ыбырайұлына арналған «Батырға» [73], Еңбек Ері Сәруар Байсаринаға арналған «Жұлдызды қыз», Қазақстанның мәдениет қайраткері Мархаба Иманқұловаға арналған «Биші қыз» [74] өлеңдері еңбек, өнер адамдарын,

халқын мақтанышпен тебірене жазған толқынды жырлары оның ақындық талантын айқындай түсері хақ.

Мұса Асайыновтың ақындық жолына тоқталатын болсақ, оның ұстаздары Молдахмет Тырбиұлы, Нұрқан Ахметбеков, Тайжан Қалмағанбетовті айрықша айтуымыз керек. Ақын ағаларының соңынан еріп, іздерін баса отырып, жыр әлеміне енеді. Оның қаламынан «Жамбылға», «Ақын інілеріме», «Достық құшақ», Ахмет Жұбановқа арналған «Құттықтау», Молдахмет Тырбиұлына арналған «Ұстазға алғыс» т.б. өлеңдері мен «Аңшы аңызы» атты поэмасы мен «Көгілдір Көкше», «Тың толғауы» деп аталатын толғаулары «Аңшы аңызы» [75, 36-38] деген атпен жинақ болып жарық көрді. Әрине жүрегінен шыққан бұл тебіреніс, ыстық жалын, әр тақырыпқа жазған ақын лебізі болып табылады.

Мұсаның айтыс өнері де бір төбе. Мұса Асайынов Тұяқ Мақитовпен, Қабиден Жаудановпен, Нұрмияш Көбеновпен айтыстарында бас бәйгеге ие болып, шын саңлақ ақын екенін танытты.

Молдахмет Тырбиұлы, Игібай Әлібайұлы, Мұса Асайынов әнші, ақын, айтыс ақыны ретінде атағы жайылса, «халық ақыны» деген атқа ие болған өнер қызметкерлері. Жалпы «халық ақыны» деген ұғымға: «Халықтың сөз өнеріне ертеден қалыптасқан дәстүр бойынша, шынайы ақындар өлеңді табан астына суырып салып айтқан. Ондай жағдайда өлеңді, жырды домбыра немесе қобыз сияқты музыка аспаптарына қосылып орындаған. Оларды халық әдебиетінің дәстүрлерін сақтайды деген мағынада біздің заманымызда «халық ақыны» деп атайтын болды», – деп академик Зәки Ахметов түсінік береді [76, 25].

«Ақын немесе халық ақыны десек те поэзиялық туындыларды шығаратын сөз шеберлері. Бірақ халық ақыны деп алдыменен суырып-салма ақындарды айтамыз және олардың білімі болмаған. Халық ақынына тән басты қасиет – табан астында сөз туып, сөз өрнектеу болса, келесі бір ерекшелігі – халық ақындары, елінің ерлерін, халқын мақтаған және кем-

кетіктерді айтып, мәселе етіп қойған» [62] – дейді өз әңгімесінде Қазақстан Республикасының халық ақыны Көкен Шәкейұлы.

Біз, Молдахмет Тырбиұлын, Игібай Әлібайұлын, Мұса Асайыновты айтыс ақыны, яғни импровизатор ақын ретінде жоғарыда айтып кеттік және олар айтысқанда, өлендерінде еңбекші, өнер сүйгіш халқын сөзге әрдайым тірек етіп отырған. Өкінішке орай, әлі күнге дейін аталмыш халық ақындарының өмірі мен шығармашылығы толық қаралып, зерттелмей келген.

Молдахмет Тырбиұлы, Игібай Әлібайұлы, Мұса Асайынов жайлы да зерттеулер жоқ. Тек естелік ретінде немесе мерей тойларына байланысты Көкшетау, Қызылжар өңіріндегі мерзімді баспасөз беттеріне шыққан мақалалармен ғана шектеліп қойған.

Молдахмет Тырбиұлы жайлы естеліктер, өмір, өнер жолындағы зор еңбегі, мерей тойларына байланысты ақынға арналған мақалалар негізінен «Ленин туы», «Көкшетау» газеттерінің бетінде жарық көріп отырған. Молдахмет Тырбиұлы жайлы қалам тартқан қаламгерлер – бұл көзі көрген қарт ардагерлеріміз, журналистер, баспа, мәдениет және әдебиет саласындағы қызметкерлер болып табылады. Атап айтсақ, Малдыбаев Шашубай, Сыздықов Қайырбек, Мұстафин Бақыт, Сейітбеков Жұмаш, Хамзаұлы Қобылан, Қайырқенов Мұрат, Қазбеков Есілбай, Кәкімов Тұрсынбек, Есекеев Жұмабай тәрізді көзі ашық, көкірегі ояу ел зиялылары Молдахмет Тырбиұлы есімін ардақ тұтып, елге танытып, ақынның өнер жолындағы зор еңбегіне баға берген.

Ысмайылов Есмағамбет осыдан қырық жылдан астам бұрын шыққан «Ақындар» [14, 332] атты кітабында ХІХ ғасырдағы әнші – ақындардың өміріне қысқаша мәлімет берген. Осы кітапта Молдахмет Тырбиұлының да өмірі жайлы мәлімет беріліп, ақынның туған жылы 1892 жылы делінсе, «Ақын-жыраулар» [8, 137] жинағында Молдахмет Тырбиұлының туған жылы 1881 жыл деп береді. Ғалымұлы Шашубай «Молдахмет» [69] деген мақаласында ақынды 1882 жылы туды деп көрсетеді. Ал Молдахмет Тырбиұлының туған қызы Сәуле әкесінің өмірбаяны жайлы әңгімелей келе, 1883 жылы туды [32] деп

мәлімдейді. Сондықтан туған қызы қателеспеген болар деп, Молдахмет Тырбиұлының туған жылы 1883 жылы деген қорытындыға келдік. Жалпы Молдахмет Тырбиұлының өмірі, шығармашылығы жайлы мәліметтер болғанымен, ақынның арабша жазған өлеңдер кітапшасы біреудің қолында кетіп, сақталмаған. Тек ақынның жекелей қағазға жазып алған немесе жаттап алынған өлеңдері ғана есте қалып сақталған. Сондықтан Молдахмет Тырбиұлының өлеңдер жинағының жарық көруі – игілікті іс.

Игібай Әлібайұлының 1974 жылы «Жазушы» баспасынан жарық көрген «Айтуар» атты өлеңдер жинағы мен айтыс өнеріндегі бір белестер «Қазақ әдебиеті» [77] газеті мен «Жұлдыз» [78, 152] және «Еңбек күйі» [44, 20-30] жинағында шыққан өлеңдері Игібай Әлібайұлының есімін республика көлемінде танымал етті деуге болады. Игібай Әлібайұлының өмірі жайлы Сәбит Мұқановтың «Өмір мектебінде» [43, 239-240]: «Көп жыл бойына жүрген маңының әнмен құлақ құрышын қандырған, кейінгі жастардан талай әншілер бұны еліктей, шәкірт бала шыққан, қыз мінезді Игібайды халық мұғалімдігінен гөрі, «әншіміз» деп, шын көңілден қадыр – құрмет тұтады...» – деп көрсетілсе, «Ақын-жырауларда» [8, 25-26] ақын өмірінен қысқаша мәлімет беріледі. Әнші әрі ақын Игібай Әлібайұлы есімін елінде де, республика көлемінде де ардақтап, өнеріне тәнті болғанмен, ақынның шығармашылығы жайлы бірде-бір ғылыми зерттеу жоқ. Ал Игібай Әлібайұлының поэзиясының тілін, көркемдегіш құралдардың қолданысын, мазмұнын, т.с. жан-жақты талдап, қарастыратын болсақ, өнер тұғырынан шарықтап көрінері сөзсіз. Жалпы Игібай Әлібайұлының өмірі, шығармашылық жолы жайлы деректер «Ленин туы» газеттерінің беттерінде көп жағдайда естелік түрінде беріледі.

Игібай Әлібайұлының әнші, ақын және айтыс ақыны ретінде көзін көрген замандастарының, ардагер ағалардың, ақын-журналистердің естеліктері мен мақалалары ақынның адамгершілік қасиетін, өнегелі, ардақты өнер иесі екенін танытады. Бұл орайда, Қопышев Көкен, Сыздықов Қайырбек,

Малдыбаев Шашубай, Қанғожин Мұталап, Барқытов Сәркен, Мұстафин Бақыт, Қонарбаев Ермек, Құрманғалиев Қайрат, Тынымбаев Кенжеболат, Жетеев Шаншар, Сәрсекеев Қайролла, т.с. есімдерін атауға болады. Олар аға жолын ұстаған інілер ғана емес, ұстаз жолын өнеге етіп, үлгі тұтқан шәкірттері деуге болады. Солардың бірі Қопышев Көкен өлең ғана жазып қоймай, ұстазы Игібай Әлібайұлының және Жамбыл Жабаевтың кейбір өлеңдеріне ән де жазған. Қарап отырсақ, халық ақыны Игібай Әлібайұлы әнші, ақын, айтыс ақыны, сазгер, домбырашы, яғни өнердің әр қырынан көріне білген дарын және ұстаз. Ендеше Игібай Әлібайұлы сынды өнер тарланының шығармашылығы зерттеліп, толық танылуы қажет-ақ.

Молдахмет Тырбиұлы мен Игібай Әлібайұлының есімдері Көкшетау өңірінде қалай мәшһүр болса, әнші, ақын Мұса Асайынов есімін де Қызылжар елі жақсы білетін.

Мұса Асайынов есімін, ұлағатты өнер иесінің шеберлігін бағалай, құрметтей білген көзі көрген аға-інілері, кейінгі жас буын өнер сүйгіш қауым ұмытқан жоқ, керісінше Мұса Асайынов жайлы жиі еске алып, оның өміріне, өнеріне арналған толғамды ой туғызатын мақалалары шығып тұрды. Атап айтсақ, «Көкшетау», «Степной маяк», «Көкшетау правдасы» газеттерінің бетінде жергілікті қаламгерлер Ілиясов Кәрім, Қажыбаев Төлеген, Шаймұқанов Жәкән, Бектұрғанов Жәніс, Сейітов Райхан, Нұрғалиұлы Өмірсерік сынды қаламгерлеріміз Мұса Асайынов есімін елге таныту мақсатымен қалам тартса, «Қазақстан өнері» кітабында Ақтаев Сүлейменнің мақаласы және әуесқой композитор Ілиясов Кәрімнің «Асайынов Мұса» деген қолжазбасы бар.

Көкшетау, Қызылжар өңірін домбыра үніне қосылған асқақ әндерімен, шебер қиысқан сөздерімен қызыққа бөлеген Молдахмет Тырбиұлы, Игібай Әлібаев, Мұса Асайынов есімдері еш ұмытылмайды. Өйткені, олар халықтың жүрегіне қуаныш сезімін ұялатып, өнерді қастерлей білген адамдар. Ал өнер ешқашан ескірмейді. Өнер адамының рухани азығы, өмірінің мәні, қызығы. Онсыз адам солған гүлмен тең. Ал өнер адамдары адамзат тіршілігін жандандырып, рух беріп отырады. Ендеше

күні бүгінге дейін Сегіз сері, Біржан сал, Үкілі Ыбырайдың өмірі мен әншілік өнерінің мүмкіндігінше толық зерттеліп қаралмауы өкінішті-ақ. Ал, Молдахмет Тырбиұлы, Игібай Әлібайұлы, Мұса Асайынов мұраларының зерттелуі – үлкен игі іс және ол әлі де өз жалғасын табады.

Әнші ақындар өнері – көп қырлы мұра, сондықтан оның күрделі табиғатын айқындап, өзіндік болмысын ашу үшін бір ғана поэзия деп қарап, әдеби тұрғыдан ғана баға беру жеткіліксіз. Ол үшін тұтастай алып, жан-жақты қарастыратын, комплексті көзқарастар қажет.

Белгілі фольклор зерттеушісі Е.В. Гусев өнердің морфологиялық құрылымына талдау жасай келе өнерді қабылдау ыңғайына қарай көзбен, құлақпен қабылданатын және осы сезім мүшесінің екеуімен қатар қабылданатын түр деп жіктейді [79, 80-83].

Ол фольклорды синкретті синтетикалық түрдегі өнер ретінде атап, оның уақытты-кеңістікті (пространственно-временное), яғни көруге және естуге арналған образды көркемдегіш және бейнелегіш құралдарды қолданатынын айтады. Бұл пікірді қазақ фольклорын зерттеуде де басшылыққа алуға болар еді.

Әнші ақындар өнері біздің дәуірімізге синкреттілік ақындар өнері біздің дәуірімізге синкреттілік – драмалық, артистік болмысынан, кейбіреуі музыкалық қуатынан айрылып, құр текст түрінде ғана жетіп отыр. Біздің қолымызда көне көз қарттардың естеліктері мен қолжазба қорында хатқа түскен бірен-саран деректер ғана бар. Осы там-тұм жеткен деректерге сүйене отырып сал-серілік өнердің сан қырлы сипатын ашуды мақсат еттік. Оны қазақтың төл топырағында пайда болған тумаларды синкретті (тұтастық) өнер, тамаша (цирк), балет секілді үлкен өнер салаларының бастау көздері ретінде қарастырғанымыз орынды секілді.

Сөзіміз жалаң болмас үшін халық арасына да аттары кең танымал кейбір сал-серілердің әмбебап қасиетіне аз-кем тоқтала кетелік.

Осындай өнерімен замандастарын тәнті еткен әйгілі ақын – Шашубай Қошқарбайұлы. А. Жұбанов, Ә. Тәжібаев естеліктерінде Шашубайдың ат үстінде тұрып, гармонмен ән салатынын, оның бас терісін жүгіртіп ойнатқанда қалпағы төбесінде мөңкіп жүретінін, бет-аузын адам танымастай өзгертетінін, таяғымен сиқыршыдай ойнайтынын, таяғының ұшында қалпағын ойнатып тұрып қалпағын секіртеп басына кигізетінін өз көзімен көргенін баяндаса [80], Әбенев Боранқұл оның дастархан үстінде қоянша жорғалап, қонақтардың алдына қойылған түрлі ыдыс-аяқ, тағамдардың ешбіріне қол-аяғын тигізбейтінін айтады [81, 218-220].

Шашубайдың замандасы Тайжан Қалмағанбетовтың сиқырлық, фокусшыл қабілеті туралы да ел аузында аңыз әңгімелер көп.

Сал-серілік өнерді Орталық Қазақстанда орнықтырушылардың бірі Кемпірбай Бөгенбайұлы туралы Ысқақ Бегалин тапсырған деректер оның әрі ақын, әнші болудың үстіне өнерпаз, ойыншы екендігі хабарланады.

Сал-серілердің белгілі дәрежеде үлес қосқан саласы – би өнері. Әзірге сал-серілердің репертуарында қандай би болғандығы бізге мәлім емес. Дегенмен де Кемпірбайдың, Ағашаяқ Көпенұлының биші ретінде халыққа танылғаны жоғарыда айтылған деректерден мәлім. Маңғыстаулық атақты сері Өскенбайда Айша деген сұлу қызды күй тарта отырып, би билетеді. Оның «Кербез Айша» атты күйі мен әні осы оқиғаның куәгері десе болғандай.

– Халқымыз бізді жорға күйші дейді,

Сізді жұрт жаннан асқан биші дейді.

Жолдасым құлағыма сыбырлайды,

Айшаның ақылына тиші дейді, –

деп ауылдың қызына би билетуі төңкеріске дейінгі қыз тәрбиесіне қатты қараған қазақ ауылы үшін тосын, салт-санаға қайшы келеді. Одан сал-серілерге тән мінез, еркіндік байқалады. А. Жұбанов деректерінде Өскенбайдың өзі де би билейтіндігі айтылады. Сал-серілер өнер саласында әкелген жаңалығының бірі – қосылып хормен өлең айту. Маңғыстаудың «Жеті қайқы»

деп халық еркелететін сал-серілері – Шолтаман, Тастемір, Досат, Тұрсын, Жылкелді, Әділ, Өскенбайлардың қосылып өлең айтуы ел үшін бұрын үрдісте жоқ соны жаңалық болды. Орталық Қазақстанда Біржан мен Ақан маңында бір топ әнші топтасты, олар осы төңіректе қосылып ән айтуды дағдыға айналдырды. Сал-серілердің сан қырлы өнер иесі болып, бірнеше саланы меңгеруі, заман талабынан туған жағдайлар, себебі сахнасы мен театры жоқ, циркі мен балеті жоқ далаға жан-жақты өнерпаздар қажет еді. Мысалы, төңкеріске дейінгі жазу – сызуы дамыған елдермен салыстырғанда біздің поэзиямыз арқалаған жүк әлдеқайда ауыр болды, бірнеше қызметті көп бағдарлы міндетті қатар атқаруына тура келді. Фокус, гипноз, өнері сал-серілер шықпай тұрғанда болғаны мәлім. Алайда, оның функциясы басқаша болып еді, ол бақсының құралы, яки гипноздық, емшілік мақсатта жұмсалды. Сал-серілер басқа мағынада, сауық-сейілдік, халықтың көңілін көтеру қызметіне бағыттады. Спорттық, акробаттық өнер туралы да осыны айтуға болар еді, жаугершілік дәуірде, яки ел қорғау міндеті бірінші кезекте тұрған сәтте, жауынгерлердің жаттығуы, күш-қуатын арттыру, денесін шынықтыру дамуына жүрсе, бейбіт кезеңде оны басқа мағынада, эстетикалық-сейілдік мағынада жаңғыртты. Кейін ұлттық өнердің дамуына орыс циркінің, музыкасының тигізген ықпалын айтпай кетуге болмайды. Қазақ даласында жәрмеңкелердің көптеп ашылуы, үлкен қалаларда орыс өнерпаздарын көре жүруі одан көп нәрсе қабылдауға, үйренуге мүмкіндік берді.

Синкреттілік өнер бір сала бойынша мамандануды жоққа шығармайды. Жоғарыда айтылған қасиеттердің бір адамның бойынан табылуы шарт емес. Мәселен, Ақан сері мен Біржан сал тек әнші-ақындық өнерімен ғана танылған.

Фольклор – коммуникациялық қатынастың бір түрі. Осы қатынас кезінде табиғи каналдар – адам сөзі, яғни бірнеше таңба жүйесі пайдаланылады. Бұл кезде сөз синкретті түрде интонация (дамыған формада) - әуен және ым (би) көмегімен беріледі.

Ауыз әдебиетіндегі автор өз тыңдаушысымен жүзбе-жүз отырады, объектінің тікелей қатынасы текстен тыс

элементтердің қатарласа жүруін керек қылады. Демек, сал-серілердің дене қозғалысы, бет-әлпетінің өзгерісі, дауыс ырғағын құбылтуы, интонациялық лептілік, шығармаға эмоциялық қуат беріп, эстетикалық әсерін арттыра түседі. Қазақтың сал-серісі әрі актер, әрі артист болуының өзі киіз үйді сахна еткен өнерпаздардың өз көрерменімен, аудиториясымен бетпе-бет жүздесе отырып, өз өнерінің оларға тигізетін әсерін тікелей бақылай алатынынан туатын мүмкіншілік.

Үкілі Ыбырай айқайға басқанда отырған орнынан жортақтай есікке қалай келіп қалғанын өзі де аңғармай қалады екен. Сал-серінің бойындағы актерлік, артистік қабілетінің мәні халқымыздың өткендегі рухани өмірінде алатын орны ақындық өнерінен де бір кем емес. Арқалы әншілер ән айтпас бұрын, жұрт ықыласын өзіне аудару үшін даусын ең жоғарғы нотадан бастап, кіріспе жасауы мен орныққан. Алайда мұндай деректердің бұрын арнайы жиналмауы салдарынан оны қайта қалпына келтіріп, қағаз бетіне түсірудің өзі оңай іс болып отырған жоқ.

Қазақ әні екі түрлі өнердің – поэзия мен музыканың бірігуінен тұратын синтетикалық шығарма. Поэзияның ауызша табиғаты – автор – орындаушы – тыңдаушы арасындағы коммуникативтік байланысқа үлкен ықпалын тигізген.

Сал-серілер өз шығармасының орындаушысы болумен қатар, оның шығу тарихын айтып беретін әңгімеші қызметін де атқарады. Себепсіз ән тумайды. Әннің шығуына арқау болған бір драмалық жайды, не оқиғаны баяндайтын әңгімені «ән аңызы» деп атаған жөн секілді.

Синтетикалық образды тыңдаушы бір тұтас образ ретінде қабылдаған. Міне, сондықтан да әнге қосарлана айтылатын әңгіме, аңызды ескермей, оның шығу тарихын, шын табиғатын түсініп, синтетикалық болмысына терең бойлау мүмкін де емес.

Ән арқауында әуен мен текстің тұтастығы бар. Оның бойындағы өлең тексі мен әуен тікелей қабыса келіп, екі компонент бір-бірін демеп, бүтін шығарманың, бір поэтикалық ойдың өрімін түзеді.

Қатарласа келген әуен мен сөз бір-бірінің шашбауын көтерісіп, бірғана көркем образды сомдауға бағытталады, музыка адам сезімінің тілмен айтып жеткізу қиын иірімдерін ашуға септеседі.

Ән өлеңі музыкамен тікелей сабақтастықта дамыған, яки өлеңнің құрылымына, бунақтардың жіктелістеріне әуен із салса, керісінше музыканың ладтық-ырғақ жүйесіне, өлең құрылымы өз ықпалын тигізген.

«Халық өлеңдеріндегі әуен мен текстің қарым-қатынасы, бір-біріне тигізген әсері өте күшті, күрделі құбылыс, сондықтан әрбір әнді жеке-жеке алып тексермесек түсіну қиын» [82, 75] деп жазады Б. Құрбанов.

Қазақ әннің сөзбен байланысын, оның теориялық мәселелерін тексеріп, көркемдік құрылымын, мелодиялық оралымын, ладтық-ырғақтық өзгешеліктерін айқындауда музыкатанушы мамандардың да үлкен еңбек сіңіріп келе жатқанын айтып өту ләзім [22].

Әнші ақындар өлеңдеріндегі тұтастықты алғашқы қауымдық құрылыс кезінде синкретті өнермен эсте шатастырмауға тиіспіз, көркемдік ойлаудың төмен сатысындағы ажырап бітпеген синкреттілік болса, ал әнші ақындар өнеріндегі синкреттілік – синтетикалық сипат өнердің жеке-жеке жіктелуі алдындағы тұтастық деп ұққан абзал. Адамзат көркемдік өнері дамудың көне дәуірлерінде жанрлық-текстік жағынан анық сараланып үлгермеген, оның құрылысында мифтік, эпикалық, лирикалық, әдет-ғұрып, элементтері араласқан күйде жүретін. Әу баста өнер діни, адамның дүниетанымдық түсініктерімен бірлікте туған (идеологиялық синкретизм), сонымен қатар діни-магиялық практикадан (формальды синкретизм) [83, 14] іргесін бөлектеп үлгермеген еді. Демек осы айтылғандар бұл екі феноменнің сырттай ғана ұқсас екендігін, яки әнші ақындардың архаикалық-фольклорлық дәстүрдің жалғастырушысы емес, басқа әлеуметтік-тарихи жағдайда пайда болған, жаңа құбылыс екенін пайымдатады. Егер көне дәуірдегі өнерде утилитарлық, практикалық функциясы басым болса, ал әнші ақындар

творчествосының көркемдік-эстетикалық мәні қызметі жоғарылау болады.

Қазақ халқы өнеріндегі тұтастық бірте-бірте жайылып, жеке-жеке өнер түрлерінің пайда болуына негізгі себептердің бірі – бүкіл этнос өмір салты мен тұрмысындағы өзгерістер, сөзді дыбыстық-музыкалық жағынан ажыратқан жазудың дамуы, жазба әдебиетінің бел алуы.

XIX – XX ғасырда өмір кешкен Мұрат, Дулат, Ақан, Әсет, Үкілі Ыбырай, Жаяу Мұса т.б. ақындардың хат тани тұра өздерінің негізгі шығармаларын табан астында суырып айтуға машықтануының себебі неде? Бұған себеп – ауыз әдебиетінің үлкен дәстүрі, жазба әдебиетке қарағанда ауыз әдебиетіне деген сұранымның мықтылығы, қалың бұқараның хат тану дәрежесінің төмендігі, баспа жұмысының әлі де дұрыс жолға қойылмауы.

Әнші ақындар өз алдындағы фольклордың ықпалынан, ауызша поэзияның үлкен дәстүрінен оқшауланып, біржолата қол үзіп кеткен емес, қайта оның жетістіктеріне иек артып, оның бары мен нәрін, жақсы қасиеттерін бойына жиып, бұрынғының үлгісімен дамыған. Қазақтың ауыз әдебиетіндегі ақындардың дара төл шығармасы туа бастаған дәуірден бермен қарай авторлы әдебиет пен фольклор бір-бірімен тығыз байланыста аралас, қатар өмір сүрді. Бұл екі бағыт бір-біріне әсер етіп, бірін-бірі толықтырып, байытып отырды. Коллективтің игілігіне кіретін жолдардың әрбір нақты жағдайда даралық сипатқа айналуы да заңды құбылыс. Әнші ақын жеке басының сезімін білдіру үшін «ортақ жерлерден» бас тартпайды, халық өлеңдеріндегі өз сезіміне үндес шумақты ойып алып, қажетіне жаратады.

Дүние жүзіндегі халықтар әдебиетінің мысалдарына қарасақ, олардың дамуына тән ортақ заңдылықтар бар екенін аңғарамыз, ол – әдебиеттің өз қозғалысында коллективтік творчествоның биіктеріне арқа сүйеіп, дәстүрді тірек ете алға жылжуы. Алайда фольклорды пайдалану түрі барлық кезеңде бірдей болмаған, оның тарихи даму белестері, сатылары бар.

С. Қасқабасов әдебиет пен фольклор арасындағы байланыстың төрт кезеңін атап көрсетеді:

генетикалық (тектес),
оппозиция (қарсы),
үндестік байланыс
және кері байланыс [84].

Қазір ғылымда фольклор мен әдебиет бір-бірінен елеулі айырмашылықтары бар, екі эстетикалық жүйе ретінде қарастырылып жүр. Ю.М. Лотман көркемдік жүйенің екі түріне тоқтала келіп, біріншісін, «тепе-тең эстетика» (эстетика тоаждества) және «қарама-қарсы қою эстетика» (эстетика противопоставления) деп атайды, соңғысы фольклорға қатысты.

Әнші ақындар поэзиясында дара өрнектері жеткілікті болумен қатар, бір ізділік, ежелден қалыптасқан ұғымдардың моделі, формулалар, жалпылық мәні бар тұтас көшпелі шумақтар аз емес. Себебі ауыз әдебиеті коллективтік творчестводан даралық ойысу кезінде фольклорлық рухтан арылып, біржола дәстүр шеңберінен шығып кете алмайды. Демек олардың творчествосында Ю.М. Лотман атаған екі эстетикалық жүйенің тұтасып келуі, синтездік бірлігі, араласа жүруі, өзіндік үйлесімі бар. Осы орайда У.Б. Далгаттың жыршы импровизатор, ақын, ғашықтар творчествосын даралық бастама мен коллективтік дәстүрдің диалектикалық бірлігі тұрғысынан қарау керек деген [85] теориялық пайымдауына ден қоямыз. Жалпы мұндай қасиет жалғыз қазақ әдебиеті ғана емес, дүниежүзілік орта ғасыр әдебиеттерінің көбіне ортақ десек артық айтқандық емес.

Ақан сері – халық ауыз әдебиетінде бұрыннан бар, сан алуан эпитеттерді образды ойға көрік беріп, ажарландыра түсу жолында шеберлікпен қолданған сөз зергері. Енді Ақан сері шығармаларында кездесетін «қас» сөздерінің анықтауыштарына назар салайық: Көз: күлім, кәукәр, қарақат, жаутаң, нәркес, гауһардай, ителгі, бота. Қас: қалам, қиғаш, қаламдай қиғашталған, қанжар, жай, керілген, қиылған сымдай, қиылған, қиылған айдай сұлу қара немесе оның «Ақ көйлек» атты әніндегі «етегін ақ көйлектің алтындаған», «етегін ақ көйлектің

бүрмелеген», «етегін ақ көйлектің кестелеген», «етегін ақ көйлектің мажандаған» деген бірнеше тіркестер түрінде келуі де ақынның сөзді түрлендіріп, нақыштауға ерекше көңіл бөлетіндігін дәлелдейді. «Ақ көйлек» деген айшықтау Мұхитта; Үкілі Ыбырайда бар. Жалпы ауыз әдебиетінде «ақ» эпитетінің эстетикалық мәні аса қуатты. Әйелдің көрікті сұлу бітімін оның портретін: ақ бет, ақша маңдай, ақ білек, ақ тамақ, ақ жүз деп сипаттау – әнші ақындарда көп қолданылатын баламалар:

Ой, қалқа, сен де ақ маңдай, мен де ақ маңдай.

(Мұхит)

Қарағым, сен де ақ маңдай, мен де ақ маңдай

Арасы екі ауылдың шам жаққандай.

(Әсет)

Жоғарыда келтірілген мысалдардан екі аймақта өмір кешкен екі ақын өлеңдеріндегі үлгі өрнектер бірен-сараң айырмашылықтары болмаса, ортақ, үндес екендігіне қол қоясың.

Әнші ақындардың шеберлігінің бір дәлелі ретінде «ақ» эпитетімен келетін тұрақты бейнелеулерді үстемелеп қолдануы, сол арқылы тындаушыға эмоциялық-эстетикалық сезім дарыта білуін айтуға болар еді. Мәселен, Ақан сері «Ақ түлкі өзенді өрлеп талда жатыр» атты өлеңінде, «ақ» сөзін қайталауға ерекше мән берген, ақынның «ақ түлкі», «ақ тұйғын», «аққұйрық», «ақсұңқар» деген тіркестер құрамында төрт рет пайдалануы тегін емес. Әсеттің «Үлкен Ардағында» қыз тұлғасын мүсіндеуге «сен ақсұңқар бақшадағы», «біреудің мәпелеген ақ тамағы», «секілді айдын көлдің ақ шабағы», Мұхиттың «Ақ Алуашында» «Ақ Алуаш», «ақ жүзді», «айдында жүзген аққу құсап» деген тәрізді өрнектердің жиіленіп жұмсалуды да белгілі бір көркемдік міндеттерді атқарып тұр. Мұндай нақыштар бір жағынан әннің эстетикалық әсерін арттырса, екінші жағынан «а» - дыбысынан басталатын сөздерді үстемелеп беру, өлең ішіндегі ассонанстық үйлесімге, саздылық пен әуезділікті ұшқырлауға қызмет етеді.

Ақан серінің бір өлеңіндегі «Ақ түлкі өзенді өрлеп талда жатыр, Оралдың ақиығы Айда жатыр» дегені қыз бейнесінің тұспал суреті. Алайда осы ишара түріндегі берілген жолдардан

жеке тұрғанда ақынның нені меңзеп тұрғанын түсіну қиын. «Әр қарпі алуа-шекер балдай татыр сөзінің әр ширегі мың ділдалық» деген теңеулері бір жағынан алдыңғы ойды айқындай түссе, екіншіден айтып отырған, ол ғашық болған қыздың бейнесін сомдауға қызмет етеді. «Ақиқат менің көңілім қайда жатыр, Кірпіш шай китайский не қылайын, аққұйрық помильный шайда жатыр» деген символдар ақын көңілін ынтықтырған қыздың жай ғана көптің бірі емес екендігін аңғартады.

«Толықсыған он төртінде Айда жатыр» деген жолдар осы ойды, қуаттай түседі. Бірнеше образдардың, символдардың түйдектеле, қатарласа келуі жалпы ауыз әдебиетіне тән қасиет. «Баласын ақ тұйғынның бөктергі алып, қапаста ақ тұйғыным торда, шығыршық жібек бауы қолда жатыр» деген жолдар ақынның негізгі ойына барар жолдағы баспалдақ тәрізді. Халық ұғымында ақтұйғын өте кірпияз, кінәмшіл, наз құс. «Дариға, қыздың теңі малда жатыр» деген жолдар тура мағынасында айтылған жалғыз ғана жол. Өлеңнен өз теңіне қосылмай, қалың малға сатылып, «бір жаманға қор болып бара жатқан» қыздың күйін, оған деген ақынның ынтықтығын ишарадан ғана ұғамыз.

Ақын өлеңдерінде кездесетін символдардың кейбіреулері ауыз әдебиетінде бұрыннан бар образдармен ұштасып жатады. Символдап, жұмбақтап, алыстан орағыта сөйлеу, әсіресе билер сөзі мен шешендік толғауларда жиі кездесетін әдіс.

Орал таудың ор түлкісі,

Айнала қуса, ит жетпес.

Орал таудың ақиығы,

Ақиық келсе тек кетпес.

Бұл Бекболат бидің Абылай ұстап әкеткен баласын ажыратып алуға барғанда ханға айтқан сөзі. Бекболаттың астарлап айтқан сөзін Абылайдың қасындағы билер шеше алмай, ханның өзі шешіпті:

«Орал таудың өр түлкісі» - деп өзін айтқан. «Айнала қуса ит жетпес» дегені сендер, ал «ақиық» деп мені айтқан. «Ақиық келгесін, тек кетпес» дегені әлі де хан кешірер деген екен Абылай.

Бекболат сөзіндегі «Орал таудың ақиығы, ор түлкісіне» теңеген образдарды Ақан серінің жоғарғы өлеңінде кездесетінін айттық, демек ақын ауыз әдебиетінде бұрыннан бар тәсілді өз қалауына сәйкес жарата білген.

Алайда, ауыз әдебиеті мен сал-серілер поэзиясындағы бейнелеу жүйесіндегі ұқсастықтар бір жанрдан екінші жанрға көшіп жүрген деген ұғым тудырмауға тиіс, бұл көркемдік ойлау жүйесіндегі бір тектестікті білдіреді. Астарлап, символдап сөйлеу тек ауыз әдебиетінің жанрларына ғана тән нәрсе емес, бұл халқымыздың әдет-ғұрып, салт-дәстүрлеріне, этикалық жүйелеріне етене белгі сипат.

Осы орайда Н.М.Гродеков жазып алған мына бір салтты келтіре кеткен жөн сияқты: «Оңтүстік облыстардың қызға құда түсу салтында қызға құда түсуге келген жаушы қыз әкесіне: «Сізде аққу бар екен, бізде сұңқар бар» деп сөзін астарлап, тұспалдап бастайды.

Басқа да поэтикалық құралдар іспеттес астарлау түрлерінің қалыптасу тарихы да ұзаққа созылған құбылыс. Тұрмыс, салт, әдет-ғұрыптағы сөз саптау, айшықтай айту бедеріндегі кейбір элементтер дәстүрлі поэтикалық формаларға септігін тигізген деуге айғақтар жеткілікті. Сол тәрізді лирикалық поэзияның өзіндік құралдарының пайда болып, ұзақ мезгілдегі қалыптасу кезіндегі өзіне дейінгі көркемдік ойлаудың жетістіктері, бай арсеналдары негіз болған. Ақан сері «Сырымбет» әнінде дәстүрлі бейнелеу құралдарын шебер пайдаланады. Мұнда ақын жайдан-жай тілін безеп отырған жоқ, әлде бір жайлардан хабар беріп, біреулермен тілдесіп отыр. Жамал қызға ынтық көңілін «Ақ сұңқар саласына ғашық болдым» деп өрнекті баламалар арқылы білдірсе, бидайыққа лайық қарағым-ай, бектергіге жем болып» деген астарлы жолдармен мал берген біреулерге еріксіз ұзатылып кете баруын меңзейді.

Енді әнші ақындардың поэзиясында жиі кездесетін символдар «ақ сұңқар» және «ақ тұйғын»:

Тұғырын ақ сұңқардың ителгі алып,

Ақ сұңқар сол күні көңілі жабы.

(Үкілі Ыбырай)

Ақ сұңқар ұшса қолыңнан
Бектергі түссе соңынан
(Үкілі Ыбырай)

Ақ сұңқарды бектергі іле ме деп,
Ерегескен дұшпанды жерге тықтым.
(Балуан Шолақ)

Ұядан жаңа ұшқан ақ сұңқарым,
Қараған екі көзің жаудырасын.
(Ақан сері)

Бір жақсы бір жақсыны өкпелетпес,
Жем жеген ақсұңқарым қолдан кетпес.
(Ақан сері)

Алма мойын, ақ сұңқар
(Біржан сал)

Ардақжан, сен ақ сұңқар, бақшадағы
(Әсет)

Қанатын күн шалмаған ақ түйғынның
Жапалақ иемденер басқан ізін.
(Біржан сал)

Баласын ақ түйғынның бөктергі алып,
Қапаста ақ түйғыным торда жатыр
(Ақан сері)

Қолыма ақ түйғынды қондырғаным,
Ақ түйғын деп жүргенім қарға болып,
Отырып, шаппай, желмей болдырғаным
(Үкілі Ыбырай)

Ақ түйғын құс, қолымда сырғақты ма
Басып-басып алайын ырғақты ма
(Біржан сал)

Халқымыздың ән-өлеңдері түрлі-түрлі жағдайларда дүниеге келген. Себепсіз ән тумайды. Ән бойындағы астар мен тұспалдың мәнін ашу үшін оны тудырған нақты өмірлік жағдаяттарды елемеу немесе ескермеу оны түсінуге кедергі келтіреді, ол турасында теріс қорытындылар жасауға соқтыруы да ғажап емес. Бір қарағанда Біржан салдың «Ләйлім шырақ», «Көлбай-Жанбай» әндерінің негізгі сарыны шідерді жоқтау

тәрізді болып та көрінуі мүмкін, ал ән текстінен көрінбегенімен, әннің мақсаты шідерді сылтауратып, қызға деген ынтық көңілін білдіру екенін ақын өмірін зерттеушілердің барлығы дерлік жазып келеді.

Тұспал мен астардың артында тұтас халықтың өмір салты, жеке адамдардың тағдыры, олардың арасындағы түрлі қарым-қатынастар, іс-әрекетіне қозғаушы болған күштер жатқанын да естен шығармаған абзал. Халқымыз ежелден қыз тәрбиесіне қатаң қарап, оларды әдептілікке, адалдыққа баулуға аса көңіл бөлген. Бұрынғы салт-дәстүрлерімізге көз салсақ, қыздарды үлкендер жағы өзара пәтуаласып айттырып, күйеуге ұзатып беретіні аян. «Қызға қырық үйден тыю» дегендей қыздың ұшқалақ қылықтарына жол бермей, оны ұят келтіретін әрекеттерден қорғаштап, қадағалап отыратын ата-ана, туған-туыстары бар. Қыздың жаңа жұртына артынан сөз ертпей, арулық қасиетін жоғалтпай құтты орнына қонуға ата-анасы үшін де, өзі үшін де үлкен абырой, кейінгі отбасылық жарастықтың басы. Жігіттің қызға деген пәк сезімін, ғашықтығын жеткізудің тәсілі түрлі-түрлі, әнде де екі ара делдалдық, дәнекерлік қызмет атқарады.

Қорытындылай келе айтарымыз, ауызша ақындық дәстүр – көркем сөз, музыкалық, орындаушылық т.б. өнер түрлерін өзара ажыратпай біртұтас сақтап келе жатқан халықтық мұра. Адамзаттың ежелгі дамуында болған синкретизм аңғарындағы бірнеше өнердің тұтастана жүретін осы ерекшелігіне қарай дүниежүзі халықтарының ақындық өнері рухани табиғаты жағынан үндеседі.

3 ЖЫРШЫ АҚЫНДАР ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ БЕЙНЕЛЕУ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ СИПАТЫ

Қазақ әдебиетінің тарихында ақындардың әр түрлі типтері белгілі. Ол ақындар дәстүрдің даму өрісіндегі өзара сапалық өзгешеліктері бар өнер иелерінің даралануымен түсіндіріледі. Бұл орайда, академик Мұхтар Әуезов ақындықтың бірнеше саласын ажыратады: «эпик ақындар – бұған Марабай; әнші ақындар – бұған Біржан, Ақан, Жаяу Мұса; айтыс ақындары – бұған Шөже, Құлмамбет; халық мұңшылары – бұған Асан қайғы секілді ақындар тобын жатқызады. Сонымен бірге тарихи өлеңдер шығарып, хан, патша зорлығына қарсы күреске үгіттейтін жауынгер ақындардың да мол екенін ескереді» [25, 418]. Біз, Мұхтар Әуезовтің осы пікірін басшылыққа ала отырып, Молдахмет Тырбиұлы, Игібай Әлібайұлы, Мұса Асайынов шығармашылығына тән, даралана қалыптасқан стиль, машық мәселелерін анықтауға тырыстық.

Біржан, Ақан, Жаяу Мұса т.б. әнші ақындар типі ақындық, әншілік, сазгерлік өнер түрлерін ажыратпай қатар қолданудың дәстүрін қалыптастырса, Молдахмет Тырбиұлы, Игібай Әлібайұлы, Мұса Асайынов осы ақындық мектепте қалыптасып, түрлендіре отыра жаңашылдықпен жалғастырады. Бұл орайда, профессор Т. Тебегенов ақындардың бәріне тән мәселеге тоқталады. Ол: «XVIII – XIX ғасырлардағы ақындық дәстүрдің өкілдері барлығы да жыраулық, ақындық поэзияға тән дәстүрлерді кейде ежелгі қалпын сақтай, кейде түрлерінде, дамыта жандандырып отырады, яғни, біріншіден, бұлардың кейбірінің өлеңді жазып шығаратын мүмкіндіктері бола тұра, суырып салма импровизаторлық дәстүрді сақтап отыру, екіншіден, бұлардың барлығы да өздерінің табан астында тұтқиылдан туған қысқа не эпикалық туындыларын қобыз, бері де домбыра, сырнай секілді музыкалық аспаптарға қосыла белгілі әуендермен, мақамдармен, саздармен орындау» – деп айтады [23, 205]. Бұл ой – тұжырым Молдахмет Тырбиұлы, Игібай Әлібайұлы, Мұса Асайынов шығармашылығын айдындауға негіз болатын құбылыс. Себебі, Молдахмет

Тырбиұлы, Игібай Әлібайұлы, Мұса Асайынов шығармашылығына тән ортақ белгі, ерекшеліктер осынау айтылған ойдан туындайды. Біріншіден, үшеуі де суырып салма импровизатор ақындар, олардың мақсаттары да ортақ, яғни дәстүрді сақтап қалу және жалғастыру, екіншіден, олар табан астында туған туындыларын домбыра үніне қосып, өзіндік әуенмен, сазбен орындай алады. Жалпы әнші ақындардың шығармашылық ерекшеліктері қазақ әдебиеттануы мен фольклористикасында, музыкалық фольклористикасында, музыкалық фольклорға байланысты А.Жұбановтың, Е.Ысмайыловтың, С.Қасқабасовтың, Р.Бердібаевтың, З.Қабдоловтың т.б. еңбектерінде қарастырылған болатын. Осы еңбектерді негізге ала отырып, Молдахмет Тырбиұлы, Игібай Әлібайұлы, Мұса Асайынов шығармашылығындағы әншілік ақындық дәстүрдің жалғастығын айқындадық. Әрине, ақындық дәстүр жалғастығы әр ақын шығармашылығында өзіндік ерекшеліктерімен дараланып отырғанымен, бір арнаға әкелетіндігін аңғаруға болады. Себебі, олар бір мектептен тәрбие алып, қалыптасқан ақындар. Бұл орайда, көрнекті ақын Ә. Тәжібаев: «Лириканың негізі халық өлеңдерінде, әсіресе, сал-сері атанған Ақан, Біржан, Жаяу Мұса, Ыбырай, Өсеттерде жатқандығын» айтса [86, 265], Молдахмет Тырбиұлы, Игібай Әлібайұлы, Мұса Асайынов шығармашылығына да сал-серілер мектебі үлгі болған. Олар сал-серілердің әндерін орындауда, нақышын сақтап қалуға тырысқан және өз өлеңдерін де белгілі бір мақамға, сазға қосып айтуға тырысқан. Әрқайсысына тән сарыны да болған. Яғни шабыт отын маздататын.

Сал-серілердің халыққа қызмет ету дәстүрінің жалғасындай ХХ ғасырдың орта шеніне қарай концерттік үгіт бригадасы түріндегі өнер шеберлерінің топтары ұйымдастырылды. Молдахмет Тырбиұлы, Игібай Әлібайұлы, Мұса Асайынов та осындай өнер шеберлерінің топтарын ұйымдастыруға ат салысып қана қоймай, ел-елді аралап, халық әндерін шырқайды, үгітшілік жасайды. Мұны әнші ақындардың жаңа үлгідегі дәстүрлі жаңалығы деп түсінеміз.

Өнердің алуан түрін жеке бір өзіне жинақтаған осындай өнерпаз ақындардың қоғамдық-әлеуметтік өмірге араласуы, алдымен, олардың дүниетанымына, сезімталдығына байланысты болса, ақындықтың күші – ақындық шабытқа байланысты екендігі де белгілі. Ақындық шабыт өмірге талай туындыларды әкелуге жетекші күш болып табылса, Молдахмет Тырбиұлы, Игібай Әлібаев, Мұса Асайыновқа тән дүниетанымдық, сезімталдық, ойлылық, ақындық шабыт сал-серілер поэзиясы тарихында айтарлықтай орын алатын туындыларды дүниеге әкелген болатын. Ендігі жерде біз сол әдеби мол мұраның қыр-сырына тоқталамыз.

Сонымен, Молдахмет Тырбиұлы, Игібай Әлібайұлы, Мұса Асайынов шығармашылығында өзіне дейінгі ақындық дәстүрдің жалғас табуы – кейінгі ғасырларда да ақындық, жыраулық поэзияға тән ортақ белгілердің сақталып қалуы деп түсінеміз. Мысалы, толғау, арнау жырлардың жанрлық ерекшеліктері ақындық поэзияда қолданып келеді. Яғни, Молдахмет Тырбиұлы, Игібай Әлібайұлы, Мұса Асайынов шығармаларына тән ерекшелік – азаматтық пафосты толғау, арнаулар мен сезімге, лиризмге толы поэзиялық шығармалардың қатар келуі.

«Лирикалық шығарма ақынның ой-сезімін, толғанысын көрсету арқылы жалпы адам баласына, қоғамға тән сипаттарды, заман, дәуір келбетін танытатын қасиет – ерекшеліктерді жақсы аңғартады деп берілсе [87, 217], уақыттың талабына сай ақын ағаларымыз өз кезеңінің өзгеріс – құбылыстарын ой елегінен өткізе отырып, алуан тақырыпты қамтыған.

Жалпы әдебиетте лириканың:

1) Саяси – әлеуметтік (азаматтық) лирика

2) Махаббат лирикасы

3) Табиғат лирикасы

4) Философиялық лирика

5) Көңіл-күй лирикасы – деген бес түрі белгілі [39, 133].

Лириканың осы түрлерінің ішінде әнші-ақындар поэзиясы саяси-әлеуметтік және табиғат тақырыптарына жазылған өлеңдерімен ерекшелінеді. Әсіресе, саяси-әлеуметтік тақырыпқа

жазылған өлеңдері жиі ұшырайды. Өйткені бұл тақырыптың ауқымы өте кең және адамзат өмірінің алуан қырларын қамтиды. Олар туған жерін, елін, халқын жырларына тиек етіп, елінің елдігін, өмірдегі өзгеріс – құбылыстарды, халқының еңбектегі, майдандағы жеңіс – жемісін де әрдайым жырға қосып отырады. Және осы тақырыптан ауытқымаған, бағыт қылып ұстап, мақсат етіп қойған. Оларды халық ақындары деп атап келдік. Бұл орайда, Е.Ысмайылов халық ақындарының өзіндік ерекшеліктеріне қарай үш топқа бөліп қарауға болатындығын айтады [14, 318 – 319]. Яғни, хат танымайтын және жазба әдебиет үлгілерін ауызша естіп білетін ақындар, хат танитын, бірақ жазба әдебиет үлгісін терең ұғынып, меңгермеген ақындар және хат танитын, жазба әдебиет үлгісін өз бетімен оқып меңгеріп отыратын ақындар деп қарастырады да, Молдахмет Тырбиұлын екінші топқа, яғни Әбдіғали, Қуаныш, Көшен, Әлібек, Төлеубай т.б. қатарына жатқызады. Бұдан халық поэзиясының өз дамуында жазба әдебиетімен ұласып, тоғысып жатқандығы байқалады. Олар өмір шындығын халық ұғымына жақын көркемдік ерекшеліктер арқылы бейнелеген.

Халық ақыны дегенімізде, оның мағынасын тереңірек қарастыруды талап етеді. Қазақтың кемеңгер ақыны Абай Құнанбайұлы да, сол сияқты орыстың ұлы ақыны А.С.Пушкин де халық ақындары және оларды кең мағынасындағы халық ақындары деп қарастырады [2, 38-39]. Себебі, Абай Құнанбайұлының поэзиясында, өзімізге белгілі, қазақ өмірінің, қазақ халқының барлық ішкі сыры, жан сезімі, ұлттық характері, тіл байлығы, ой-арманы толық берілген. Сол сияқты, Белинский де Пушкинді кең мағынасындағы ұлт ақыны, сонымен бірге халық ақыны деп қарайды. Осы анықтамаға Пушкин дәл келеді деп ол туралы Гогольдің Пушкинге берген тамаша терең бағасын келтіреді.

«Пушкинде – деп жазды Гоголь, орыстың табиғаты, орыстың жаны, орыстың тілі, орыстың характері сондай таза, мүлтіксіз көрінеді» [88, 100 б.]. Кең мағынасындағы халық ақындары деп атауымыздың бір ерекшелігі – олар өлеңдерін жазып шығарады және олардың өмір шындығын қорытып

түйіндеп көрсетуде әр алуан тапқырлық, көркемдік шеберлікпен жазуларына мол мүмкіндіктері бар. Бұған қарағанда, халық ақындарының шығармашылық өрісі тар, бір үлгіні, бір көркемдік дәстүрі көбірек қайталайды. Сондықтан оларды тура мағынасындағы халық ақын деп қарайды [88, 12 б.]. Молдахмет Тырбиұлы, Игібай Әлібайұлы, Мұса Асайынов – халық ақыны және тура мағынасындағы халық ақыны деп қарастырамыз. Ал бұлардың көш басында жыр алыбы, айтыс өнерінің майталман шебері, суырып салма халық ақыны Жамбыл Жабаев тұрса, әрине, оның ықпалы болғандығын да айту керек. Ақын – өз заманының көркем шежіресін жасаушы деп пайымдасак, жыр атасы Жамбыл жырлаған кеңестік идея, кеңестік шындықты Молдахмет Тырбиұлы, Игібай Әлібайұлы, Мұса Асайынов та өз өлеңдеріне арқау етіп отырған. Бұған біз ақын ағаларымыздың Октябрьді, Партияны, Сталинді жырлап, кеңестік саясатының, идеологиясының шеңберінен, құрсауынан шыға алмағандығын байқаймыз. Қалай болған күнде де, әнші-ақын ағаларымыздың шығармашылықтары ешбір көлеңкеленбей, керісінше, бізге жеткізген мұрасын, жырларын аталық мұра деп қастерлеуіміз керек. Өйткені, халықтық поэзияның өн бойы, өзегі «халқым», «жерім» деп жырлаған сүйіспеншілік сезімнен туған шаттықтың, қуаныштың жыр шумақтары болып табылды. Бұл орайда, Молдахмет Тырбиұлы «Көктем жыры», «Жеңіс жыры», «Оянған өлке», «Толға, толға, қызыл тіл», «Май келді», «Аттан ауылым егіске», «Келді міне жыл құсы», «Егін басында» т.б. өлеңдеріне, Игібай Әлібайұлы «Қазақстан», «Отаным», «Біржан сал ауылында», «Ертіс әні», «Жаз күні», «Зайсан», «Алатау», «Алтайға», «Марқакөл» т.б. өлеңдерінде, Мұса Асайынов «Теңіз», «Тың толғауы», «Көгілдір Көкше», т.б. өлеңдерінде туған жерін, халқының жеңісі мен жетістіктерін жырға тиек етіп қана қоймай, өрен еңбекке, жеңіске үндеп, рух беретін жырларын төгеді.

Жалпы, Молдахмет Тырбиұлы, Игібай Әлібайұлы, Мұса Асайынов шығармаларына тән ортақ ерекшелік – ол арнауға құрылған поэма, толғаулары мен өлеңдері.

Қазақ әдебиеттануы мен фольклортануында З.Қабдолов, Қ.Жұмалиев арнауларды «жарлай арнау», «зарлай арнау», «сұрай арнау», Н.Төреқұлов ақындарға, жазушыларға, мемлекеттік қайраткерлерге, еңбек ерлеріне, еңбек озаттарына арналған құттықтау арнаулар деп бөледі [89, 402].

Арнаулардың түрлеріне қатысты айтылған классификацияны негізге ала отырып, Молдахмет Тырбиұлы, Игібай Әлібайұлы, Мұса Асайынов шығармаларында жарлай арнау, дидактикалық ой – толғаныстарға толы сұрай арнаудың және Н.Төреқұлов анықтаған «құттықтау арнаудың» орын алатындығын анықтадық. Мәселен, жарлай арнауға құрылған Молдахмет Тырбиұлы өз өлеңдерінде:

Құлазыған кең дала қала болып,
Шөлейіт жерге өзен, көл суын беріп,
Өзгертіп табиғатты халық күші,
Жемісін сол еңбектің жатыр теріп –

немесе,

Егін салса, трактор болат дүл-дүл
Жолға шықса, жел жетпес автомобиль
Түйе жолын Турксиб меңгерген соң,
Екі күнге қысқарды айшылық жол –

деп келсе,

Трактор тұрмыс тұлпары
Тракторист өмір сұңқары
Жансыз – болат, жанды адам,
Екеуі заман батыры –

деп, қазақ даласындағы болып жатқан өзгерістерді, жұмылған еңбекті асқақ үнмен жырға қосады. Ақын «Іске сәт» өлеңінде:

Көрдiң бе, көп диханшы – колхозшы өрiм,
Ақталды жаздай төккен маңдай терiң
Жайқалып бидай, арпа, сұлы, тары
Өсiптi тамаша боп бейне өрiм.
Пiсiп тұр, «менi ор» деп бiр қатары,
Күтуде қара бидай, сұлы, тары,
Орып ал дер кезiнде, шашпай – төкпей,
Жемiсi еңбегiңнiң мұның бәрi –

деп, егін жинау маусымында аянбай еңбек ет, жемісін көр деген ниетпен халқына жар салса,

Уа, ерлері еңбектің
Шебері еңбек өрнектің
Игілікті іске сәт! –

деп, қызу еңбектің ерлеріне сәттілік тілейді. Бұл орайда, Игібай Әлібайұлының жарлай арнау үлгісінде берілген «Жеңіс жемісі» толғауы мен «Жастарға» өлеңін айтуға болады. Мәселен, ол «Жеңіс жемісі» толғауында:

Мен – дәуірдің жаршысымын,
Жырлаған сәнді сәулетін.
Жиырмасыншы ғасырымның,
Атақ – даңқын дәулетін,
Жырым менің паш етер,
Отыз жылдың жеңісін –

деп бастап,

Бәрі Жеңіс олжасы,
Ғасырға талай теңерлік
Жайнады елдің гүл бағы,
Рахат күнге кенелдік –

деп шаттанады. Ал, «Жастарға» өлеңінде:

Ежелден еңбек сүйгіш ел ерлері,
Кен қазып, тыңды тіліп, қопарған жас.
Бөлейік Ұлы Отанды бақша-бауға,
Тағы бір соққы болсын қас пен жауға

деп, екпінді еңбек етуге үндеу салады да,

Айбынды айқын таудай берік тобың,
Табысыңа тамаша ел сүйсінген,
Қымбатты жас құрылысшы, құрыш қолым –

деп, үміт артып, мақтан етеді.

Халық ақындарының туған жеріне, халқына деген патриоттық сезімі, асқақ үні табиғат көріністеріне арналған жырларымен орайласып жатады. Мәселен, Молдахмет Тырбиұлының «Жағасында Есілдің», «Көкшенің бауырында» деген өлең – толғауларында туған өңірінің көркем суреттері мен

еңбекші халқының көңіл-күйімен тұтастай әдемі бір көріністі елестеткендей. «Жағасында Есілдің» деп келген өлеңінде:

Сылқ-сылқ күлген сұлудай, сылаң қағып,
Сырласқандай сыбырмен сырғи ағып
Еркелеген Есілдің күміс сулы
Жағасында тұр едім рахаттанып
Түн түндігі сырылып көк аспаннан
Күн көрінді қанталап шығыс жақтан –

деп, акын Есілдің сылдырлап аққан суын сұлудың күлкісіндей, ал өзенді сылаң қаққан сұлудың өзіндей етіп көрсетсе, сұлу табиғаттың аясында қызарып атқан таңды тамашалап, осынау сұлулықтан жаны рахат тапқанын жырға қосады. Мұның өзі туған жеріне, оның сұлу табиғатына деген үлкен сезімнің пәктігін, күшін аңғартады.

Ал,

Құба белге қарасам қызған еңбек,
Күнді алмаққа созғандай құлаш сермеп.
Колхоздың еңбекте озық өрендері
Салып жатқан секілді тарихқа өрнек
Тау суындай тасыған табыстары,
Тасқын берген табысқа жарыстары –

деп, қызу еңбектің табысын табиғат үніне қосып жырлайды.

Сол сияқты, «Көкшенің бауырында» толғауында талай ақынның жырына іліккен Көкшенің сұлулығын бейнелі етіп береді:

Бурабай – жер сұлуы, жер жұмағы,
Суы бал, дертке шипа топырағы
Сексен көл саясында жарқыраған
Күмістей сымға тартқан бұлақтары.

Одан әрі ол Көкше жеріндегі еңбекші халықтың табысын, жетістіктерін, әлеуметтік, тұрмыстағы өзгеріс – құбылыстарды бірінен соң бірін тізбектеп шаттана мақтан етеді.

Ынталан, еңбек сіңір жұмыскерлер
Жақсарады еңбекпенен біздің тұрмыс
Қол ұстас, күш біріктірі қоян – қолтық,
Сескенбе еш адамнан сірә қорқып –

деп, қарқынды еңбек етуге үндеу салады.

Молдахмет Тырбиұлы, Игібай Әлібайұлы, Мұса Асайыновтың туған халқына және туған жеріне қаратыла айтылған арнау өлеңдерінің негізінде үндеу, насихат жатқанын байқаймыз. Молдахмет Тырбиұлының «Тасқындайды өлеңім», «Аттан ауылым егіске», «Келді міне жыл құсы», «Егін басында» т.б. атауға болады. Ол өлең – толғауларында байтақ елінің байлығын, еңбек сүйгіш халқын жырға қосып:

Уа, халқым, құлақ сал!

Алдыңда өсу биік жар.

Ілгері өрле, қарышта,

Қатарыңнан қалыспа!–

деп, жалынды үндеу салады. Оның көпшілікке қаратыла айтылған азаматтық үні асқақ естіледі және жырда қандай орта, кімдер екені айқын көрініп отырады. Мәселен, «колхозды менің ауылым», «уа, ерлері еңбектің», «ынталан, еңбек сіңір, жұмыскерлер» т.б. деп келген жолдар белгілі бір ортаға қаратыла айтылады.

Арнау өлеңдерінің ішінде ақынның өзіне, домбырасына арналатын арнау – жолдар мен арнау – шумақтар кездеседі. Мысалы, «Құттықтау» деген өлеңінде.

Молдахмет домбыранды қолыңа алшы,

Тот алып, кіршік басқан көңілді аршы.

Жетпіске келіп қалдың кәрі тарлан,

Қимылдар жерің келді тимей қолың –

деген шумақ өзіне арналса, «Жеңіс жыры» өлеңінде:

Жүйріктей жүйіткі желпініп,

Айыр көмей қызыл тіл –

деп, «Арнау» өлеңінде:

Бебеу қаққан домбыра

Келді кезің желпінер –

деп, сыр шертер домбырасына арнайды.

Игібай Әлібайұлының да кіндік қаны тамған туған жеріне арналған өлеңдері үлкен сүйіспеншілікпен, сезімнен туған жыр шумақтары болып табылады. Мәселен, «Туған жерім Айтуар»,

«Жырлаймын Отанымды», «Қазақстан» т.б. өлеңдерін атауға болады.

Ол:

Есімде менінің ауылым,
Кезімде балғын дәуірім,
Мекендеп өткен аталар
Жалағаштың бауырын –

деп, қасиетті туған мекенін айтса, «Қазақстан» деген өлеңінде:

Қазақстан аялайды, құшады,
Алаулаған, неткен ыстық құшағы.
Әділдікті, махаббатты мейірмен
Емірене, бауырына алып қысады.
Астықты аймақ қазынаға тұнып тұр.
Ерлер мәз боп, миығынан күліп тұр.
Осы ерлердің өз қолында жасалған
Ғажайып елім менің ұғып тұр –

деп туған елі Қазақстанды жырға қосады

Қазақстан – өр кеуде асқаралы,
Алатау, әсем Көкше, Қарақаралы.
Бір туған ағайындас – тізбектелген,
Тәрізді күміс теңге алқадағы–

немесе,

Бір жағы алып тұлға Қарағанды,
Саулатқан түптен тартып, қара дәнді.
Ұрпағы – әке өлкесін нұрға бөлеп,
Адымдап, болашаққа барады әні –

деп жырлайды,

Ал, анау, «Соколов – Сарыбай», «Орал» кені,
Еңбектің таңдаулы онда миллион ері.
Көлкітіп шығысында мыс-теңізін,
Үндесіп жатыр дархан Балқаш көлі –

деп еліміздің түкпір – түкпір аймағын тебірене жырлап,
мақтаныш етеді.

Қайырымды, ашық қолды Қазақстан,
Баулыған бізді ерлікке бала жастан.
Гүлденіп түрлене бер туған елім,

Көгінде биіктерге қыран ұшқан –
деп, туған еліне қарата тілегін де білдіреді.

Игібай Әлібайұлы өнер сапарында туған жерін шарлап, еліміздің түкпір-түкпірінде болғаны белгілі. Оның әрбір сапары айтарлықтай әсер қалдырып, өмірге жаңа туындылар әкелген. Бұл орайда, ақынның Қазақстанның небір көз тартар сұлу табиғатына арналған өлең тобын айтуға болады. Атап айтсақ, «Алатау», «Алтайға», «Марқакөл», «Зайсан», «Ертіс әні», «Көкшемен сырласқанда» т.б. өлеңдері.

Ол «Көкшемен сырласқанда» өлеңінде:

Арқада жер жетпейді Бурабайға,
Бір кезде деп жырлаған Сәкен аға
Үн қостым мен де бүгін тебіреніп,
Ән шырқап домбыраны қолыма ала –

деп, кербез Көкшені жырға қосқан ағаларының үніне үн қосса, сол көгілдір белдегі көңілді елді, еңбектің қызу майданын да суреттейді.

Ал,

Уа, Көкше, ақындық-ау тұла бойың,
Асқақтап, аспандағы асыл ойың,
Ақанның бұлбұл даусы естілді.

Жатқандай думандатып жасап тойын –

деп, Көкше жерінде ақындықтың тұнып тұрғанын айтса, бүгінде дүл-дүл ағаларымыздың асқақ әндері ұмытылмай шырқалып жатқанын айтады.

Ал, «Алтайға», «Марқакөл» өлеңдеріндегі:

Көз жетпес көркем екен төңірегі,

Ғажап бір ертегідей көрінеді.

Қарағай,

Қайың,

Үшқат сыбдыр қағып,

Жасартып көңілімде тербеледі –

деп, немесе:

Алтайдың жырламасқа әсем жерін,

Айтшы дос, бар ма сірә, еркім менің.

Күлтелі қызғалдағы қой басындай,

Гүлдеңткен әшекейлеп қыр мен белін –
деп, келген жолдары ақынның сұлулыққа тәнті сезімталдығын
білдірсе,

«Марқакөл» қарындасы, Алтай аға,
Жарасып жақын туыс жатыр әні–

деп тебіренеді.

Ақындық, сыршылдық, аңғарпаздық ой-өріс ақын
өлеңдерінің өн бойынан байқалады.

Мәселен, «Ертіс әні» өлеңінде ақын:

Жағалап келдім, міне, мен Ертісті,
Ертісім, өзен екен өрен күшті.

Көргенде көтеріліп ән шырқап ем,
Аңқылдап толқындары ере түсті–

деп, сыр шертсе,

Ән салған Ертісті өрлеп Естай ақын,
Тұра алам жырға қалай қоспай атын?

Дабыл ғып домбырамды көтерейін,

Қырандай көкте жайған қос қанатын –

деп, жырға қосады.

Ақын «Зайсан» өлеңінде:

Атыңа құмар едім Зайсан деген,

Көргендер жері сұлу, жайсаң деген.

Бар еді бір арманым алдыңа кеп,

Ән шырқап, құлашымды жайсам деген –

деп, Зайсанды көзімен көріп, жырласам деп армандаса, 1967
жылы Сәбит Мұқанов бастаған бір топ ақын – жазушылар
Шығыс Қазақстан және Кереку облыстарына халықпен
әңгімелесіп, өнерлерін көрсетуге сапарға шығады. Осы сапардан
алған мол әсері оның «Зайсандық бауырларға» деген өлеңінде
айқын көрінеді:

Атыңды естуші едім Зайсан деген,

Тауы сұлу, жері әсем майсаң деген.

Бір көріп тілек бар ед ортаңызда,

Домбыра ап құлашты бір жайсам деген.

Сол тілек орындалып, бүгін міне,

Кеп жеттім қартайғанда жүре, жүре

Араласып елінмен ойнап күле–
деп, арманының орындалғанын айтса,
Уа, бауырлар, ризамын табысыңа
Үлкен тілек жүректен білдіремін,
Ерлікпенен жете бер – намысқа –
деп, Зайсандық бауырларына тілегін білдіреді.

«Отан – оттан да ыстық» – деп халық айтқандай, Мұса Асайынов өлеңдерінде де туған жеріне деген пәк сезім байқалады.

Ақын «Теңіз» деп аталатын өлеңінде:

Асау толқын көбік атып еліріп,
Жар қабақты мылжалайды кеміріп,
Қара деген теңіздері көк екен,
Қиял тербеп көп отырдым телміріп – деп келсе,
осынау жолдардан асау толқындай аласұрған ақынның көңіл –
күйін аңғарамыз. Себебі, сағыныш сезімінен туған жыр
шумақтары ақын жүрегін мазалайды.

Ол:

Хал сұрайды алдымдағы тал шыбық,
Мен отырмын ауылды ойлап жан шығып.
Жүрегімді мазалайды сағыныш,
Теңіз көріп, жырға тұрдым малынып –
деп, тебіренеді.

Ақынның туған еліне деген ыстық сезімі табиғат лирикасымен ұштасып жатады. Ол «Көгілдір Көкше» толғауында:

Сұлулық байлық кернеген,
Көркем Көкше бауырын.
Мақтауға тіл жетер ме,
Сарыарқаның сауырын.
Көкорай шалғын қойыны,
Тіл үйірген мойылы, –
деп тебіренсе,
Шақырып шабыт, толғанып,
Бурабайдай балқын,
Оқжетпестей өрлейін,

Сырымбеттей шалқиын,
Сексен көлдей тебіреніп,
Жыр асылын қалқиын –

деп, шабыты өсіп, туған жерінің, небір әсем жерлерін жырға қосып төгілтеді.

Аққу ұшып, қаз қонған
Айдын да шалқар көліме
Ғашық болған көрген жан
Жеріме әлде еліме –

деп, жан көрсе, сұлулығына қызығар тау – тасы мен ағаш, көлін айтып мақтан етеді.

Одан әрі Кербез Көкшенің бұлбұлдары Үкілі Ыбырай, Біржан салды, ғұлама ғалым Шоқанды, Арқаның көркі – Көкшені әлемге танымал еткен ақын – жазушыларды айтып, еңсесі көтеріліп, ақындық шабыты шарықтай түссе,

Еңбектегі ерлерім,
Ел сенімін ақтаған
Соларға толғау арнаймын
Көңілімдегі сақтаған –

деп, еңбегі мен елінің босағасын жайнатқан халқын жырға қосып тебіренеді.

Мұса Асайыновтың «Тың толғауы» өлеңінде: елінің елеулі оқиғаларын, жетістіктерін айтып жігерлендіреді, «жерім», «елім» деген үні асқақ шығады.

Ол:

Әлемге үлгі болған елімді айтпай,
Еңбекте үздік шыққан ерімді айтпай

... ..

Советтік космонавтика пионері
Юрий Гагариндей серімді айтпай,
Тау-тау боп тың өлкемде алтын дәннен
Үн сайын артып жатқан өнімді айтпай,
Толқыны түйдектеліп тулап аққан
Мұхиттай кең пейілді кенімді айтпай, –

деп тасқындаған елді, ашылып жатқан кенді, еңбектегі ерлерін айтып құйқылжытады. Ақын осынау толғауында Көкшенің сұлу

табиғаты мен біте қайнаған адамдардың тіршілігін де айтып суреттейді.

Ол:

Өркенді гүл жайнаған Көкшетауым
Ерге азық, тарыққанға болған сауын
Туғызып талай батыр саңлақтарды,
Ән-күйден алқа жапқан омырауын

дей келе,

Бес түлік жайлауымда мамырлаған,
Өсімі жылдан – жылға қалындаған.
Түгінен көк майсаға майы тамып,
Өмірі бір күйінен арылмаған.

Жайнай бер, таусылмайтын әнім – далам! –

деп, көңілі өссе,

Құлдырап шыңнан құзға бал бұлағы,
Құйылып қайрақтымен сән құрады.
Шілде де сол бұлақтың тәттісінен
Бір жұтсаң тарқағандай жан құмары –

деп көңілдегі бар ойын, сезімін осы бір мөлдір бұлақтай пәк етіп бейнелейді.

Мұса Асайыновтың лирикасындағы туған жері Көкшенің ой-қыры, сай-саласы, өзен көлі, зеңгір тауы, қалың орманы, төрт түлік малға толы байтақ жері түгел өз суретін табады. Ақын жаңа құрылысты, жаңа заманды, оның ырысы мен байлығын, еңбек адамдарының жарқын келбетін ардақтап, әрдайым өлеңдеріне арқау етіп отырады.

Қарап отырсақ, халық ақындарының поэзиясына тән патриоттық үн аталмыш ағаларымыздың шығармаларында өзіндік сипат алып, үндестік табады. Бұл орайда, Е. Ысмайылов «Халық поэзиясының алыбы, кеңес заманының шындығын, кеңестік патриотизмді тебірене жырлаған Жамбыл шын мәніндегі ұлы ақын» – деп, қарт ақынның ұлылығын айтса [2, 226], Т. Тебегенов «Нартай арнауларының тақырыптық, идеялық мазмұны жақтарынан жарлай арнау және патриоттық арнау түрінде екендігін байқаймыз» [23, 126], – деп тұжырымдайды.

Халық поэзиясындағы патриоттық арнау көбіне – үндеу, шақыру түрінде болып келеді. Патриоттық арнау – қазақтың халық поэзиясында Ұлы Отан соғысы кезінде кең өрістеген халық лирикасының түрі [23, 129]. Молдахмет Тырбиұлының патриоттық арнауға құрылған өлеңдерінде бұл үндеу еңбекші халқына қаратыла айтылады.

Мәселен,

Біз өсірген алтын дән
Оқ боп тисін неміске,
Аттан ауылым егіске

немесе,

Іске сәт, еңбек сүйгіш колхозшы ерім,
Ал ұмтыл, шық майданға – жина егін.
Еңбектің жемісімен гүлденеді,
Ұлы Отан, Қазақстан – туған жерім –

деп, саңқылдайды.

Иә, Ұлы Отан соғысы тақырыбы қай ақынды болсын тебіrentпей, толғантпай қоймаған және халық ақындары поэзиясындағы негізгі тақырыптардың бірі ретінде қарастырылады.

Ұлы Отан соғысы тақырыбына арналаған поэзиялық туындылар жанрлық жағынан да сан алуан болып келеді, яғни шағын өлеңдер, толғау, поэма, дастандар осынау тақырыпта орын алғаны белгілі. Бұл орайда, Молдахмет Тырбиұлының «Сәулеш» толғауын атауға болады. «Сәулеш» толғауын хат түрінде беріліп, Сәулештің жеңіске жетелейтін жігерлі, жалынды сөздері үндеу ретінде беріледі.

Мәселен,

Кигенім кірсіз белдемше,
Тосамын аман келгенше.
Ауылда еңбек етемін,
Оң қолымды бергенше
Ақ ниетке иманға
Халық үшін жанын қиғанға –

деп жігерлендірсе,

Жеңіп неміс кәпірді,

Атанып Отан батыры
Келешекке үлгі боп,
Жырласын халық ақыны –

деп тілегін білдіреді.

Сонымен бірге, ар, адалдық, сағыныш сезімдер бірінен соң бірі орайласып келіп, Сәулештің ішкі сезім күйлері айқын беріледі,

Маған серік кәрі де,
Жемістердің дәні де,
Сағына сені жырласам,
Үн қосады жаныма –

деп, тебіренеді. Осынау шумақтар әркімнің жүрегіне ұялап, жұбатып қана қоймай, жауға қарсы жігерлендіруге үгіттік мәнге ие болғандығын байқаймыз. Бұл орайда, Ұлы Отан соғысы кезіндегі халық поэзиясын зерттеуші К.Сейдаханов: «Газеттерде... халық ақындары Жамбылдың, Нүрпейістің, Доскейдің, Нартайдың, Нұрлыбектің, Жақсыбайдың, Малсардың жыр – терме толғаулары, жылдап жазылған хат-өлеңдер жарияланып тұрады» – дейді [64, 310].

Халық ақындарының поэзиясына тән осынау хат-өлеңдер халық арасына тез тарап, оларды әнге қосып айтып та жүрген және олардың үгіттік, насихаттық мәні күшті болды.

Мұса Асайыновтың эпикалық күш арыны ағынды жыр үлгілерінен мұрат тұтатын, осынау қазыналардың бірі «Батырларға мың алғыс» толғауы. Бұл толғауын ақын Ұлы Отан соғысы жылдарында ер атанған батырларына арнайды. Ел тыныштығы үшін кескілескен қанды шайқасқа барған, аянбай тер төккен батырлар образы суреттеледі. Бұл ақынның патриоттық санасының жемісі. Ерлікті үлгі ету, ерлер ісіне сүйсіне білу, ақын толғауларының негізгі нысанасы болып табылады.

Ол:

«Оқжетпестей өр тұлға
Батыр Мәлік Көкшелік
Қаптаған жауды еңсеріп,
Қайратын көкке жаныған

Ардагер батыр ерлігі
Қан майданда танылған» –
деп, батыр Мәлік Ғабдулиннің бейнесін берсе,
Отан үшін, ел үшін,
Туып өскен жер үшін,
Арайлап атқан таң үшін,
Ақ сүт берген ана үшін.
Бесіктегі бала үшін.
Жау үрейін ұшырып,
Қайырып кейін ысырып,
Жалын атып от құшқан
Көкшетаулық Рамазан
Алысқан жаумен жас қазақ –

деп, Рамазан Елебаевтың ер атанған тұлғасын батыр бейнесінде бейнелі етіп көрсетеді.

Ақын толғауын шындыққа сай, терең идеямен ақындық шеберлікті қабыстыра, жаңа шабытпен жырлаған. Ол батырлардың ерлік дәстүрін дәріптеп, кейінгілерге үлгі етеді.

Батырлардың ерлік ісін дәріптеп, үлгі ету, мақтаныш ету Игібай Әлібайұлының өлеңдеріне де тән. Оның «Батырға» деп аталатын өлеңі Кеңес Одағының батыры Ысқақ Ыбыраевқа арналады.

Ол:

Майданда ел қорғайды батыр ұлан,
Ешқашан жаудан қайтпас батыл адам.
Сол батырдың біреуі Ысқақ іншек,
Туған жерге келдің бе есен-аман –
деп, қаһарман ұлдарын туған жерінде құрметпен қарсы алады.

Ақын:

Жырменен ерлігіңді сипаттаймын,
Тыңдасын үлкен-кіші барша адам –
дей келіп,
Қасқырдай апанына қайта қашты,
Жойылып жаудың тобы қамалаған
Бір емес, талай сондай ерлігіңе,
Жау шыдап, табан тіреп тұралмаған

Атынан туған елдің мен жолдаймын,
Жырменен мың мәртебе алғыс саған –
деп, батырының ерлігін айтып құйқылжытады және ізгі ниетін,
алғысын білдіреді.

Қызыл Армияның ХХХ жылдығына арналған «Медаль»
толғауында Молдахмет Тырбиұлы тарихи оқиғалар мен
элеуметтік жағдайларды түйдек-түйдек ақтарып, бейнелі етіп
баяндайды. Бұл толғау – көлемді лирикалық туынды болып
саналады. Ақын сыртқы және ішкі жаулардан елін қорғауда
небір шайқас, күрестерде шыңдалып, сомдалып қалыптасқан
Қызыл Армияның ерлеріне арнайды.

Ол:

Ақтарменен айқасып,
Бандылармен шайқасып,
Сансыз қиын күресте
Сыналған Қызыл Армия –

деп бастап,

Самурай елге шапқанда,
Шекараны бастырмай
Хасаннан топырақ шаштырмай
Айла мен күшті бір жұмсап
Түсірдің оны қақпанға

немесе,

Польшаның құртып амалын,
Финдердің бұзып қамалын,
Қажымас – қайтпас құрып күш,
Атағың шықты аспанға –

деп келіп,

Немістер келіп ұрынды
Ол да ақыры құрылды –

деп, тарихи кезеңдерді баяндауда Қызыл Армияның күш –
жігерін танытса,

Пана болған бар елге
Теңдесі жоқ әлемде
Асқар таудай арқаңа
Шапан етіп жабамын –

деп, Қызыл Армия ерлерін алып тұлғалы батыр бейнесінде көрсетеді және сүйіспеншілікке толы жыр шумақтарын сыйға тартатынын айтып,

Борап жатқан оқтарға
Жарылып жатқан оқтарға
Қарсы тұрған кеудеңе
Медаль етіп тағамын –

деп, ағынды, жігерлі жырларын шашу ғып шашады.

Сонымен, Молдахмет Тырбиұлы, Игібай Әлібайұлы, Мұса Асайынов толғауларындағы батырлар образы нақты тарихи эпос жырларындағы мазмұндау үлгісімен берілген, яғни өз заманының ақиқат оқиғалары мен нақты кейіпкерлер бейнесі баяндалады.

Дәстүрлі жалғастық тапқан өзіндік ерекшеліктері бар мұндай жырлардың тәрбиелік те, эстетикалық та мәні болғаны сөзсіз.

Молдахмет Тырбиұлы, Игібай Әлібайұлы, Мұса Асайыновтың арнау өлеңдерінің бір тобы ұстаздарына, халық таланттарына арналады. Ұлы Абай тұлғасы оның құдіреттілігі қай ақынды болмасын тебіrentпей қоймайды. Абай өлеңдеріне тәнті болып, одан үйренбеген ақын кемде-кем.

Молдахмет Тырбиұлы, Игібай Әлібайұлы, Мұса Асайыновтардың ақындық тұлға ретінде қалыптасуында Абай ақындығының күшін байқаймыз. Мысалы, Молдахмет Тырбиұлы «Абайға ескерткіш» [90] өлеңінде:

Ақын Абай өлеңін
Қаршыға қып ұстадым
Домбыраға үн қосып
Кейінгі жасқа нұсқадым.
Елге үлгі сөз айтсам
Абай болды ұстазым-

деп, жастарға Абайды үлгі етсе, өзі де ақын өлеңдерінен үйренгені жайлы айтады:

Заманда қара түнек, ол – қараңғы.
Көтердің қолыңа ұстап жарық шамды.
Бақыттың алтын кілті ғылымда деп,

Үйреттің шыңға шық деп сан адамды.
Қазақтың күміс кемер дариясы,
Жыр сөздің алтын – ақық гауһар тасы.
Данышпан ой иесі, жыр бұлағы.

Туар-ақ туар сендей болып ел данасы –

деп, Абайдың ақындық тұлғасын, ойшылдық – даналық өрісін, өнегесін танытып тебіренеді. Яғни, Молдахмет Тырбиұлы Абай ақындығына ден қойып, өлең қойып, өлең сөздің шебер қолданыстарын дарытқаны байқалады.

Игібай Әлібайұлы Ұлы Абайдың 100 жыл толуына «Ұмытпас ұлы ақынды көне тарих» өлеңін арнайды. Ол:

Арнасы асыл сөздің ақын Абай
Оның аты бейне күн, алтын арай.
Жүрегімнен жырларың орын алған.
Сен өлгелі өтсе де жылдар талай –

деп, Абайды биік тұғырдағы күн бейнесіне теңесе, «Абай жыры» өлеңіне:

Абай жыры – тау жарып, тастан өтер,
Абай жыры – жібек жел, бой сергітер.
Абай жыры – мол қазына, түпсіз дария,
Ұмытылмас, есінде мәңгі кетер –

деп, Абай сөзінің құдіреттілігін көрсетеді.

Ақын ағаларымыздың арнау өлеңдерінен жыр алыбы Жамбылдың да ұстаздық тұлғасы айқын байқалады. Яғни, «Жамбыл өзінен бұрынғы ақын, жыршылардан өлең – жырдың эстафетасын қабылдай отырып, халық поэзиясының тамаша дәстүрін жалғастырушы, жандандырушысы болды» деп берілсе [2, 240], осынау дәстүр Молдахмет Тырбиұлы, Игібай Әлібайұлы, Мұса Асайынов шығармашылығынан жалғастық тауып, қатарлары толығына түскендей.

Бұл орайда, Молдахмет Тырбиұлы «Қарт ақынға», «Жәкеңе» деген өлеңдерінде:

Оқысаң өнер табамыз,
Қолбасшы біздің данамыз–

деп, бастайды.

Жамбылдайын бабамыз

Балаңыз етті бір талап
Лебізге сіздің сусамақ
Тәрбие – тәлім алуға
Құмармын сондай ынталап–

деп таудай талабын, үлгі, тәрбие алуға құштарлығын білдіреді.

Иә, Молдахмет Тырбиұлы ақын болып қалыптасуына Жамбыл Жабаев шығармашылығы үлгі болып, еліктіріп отырған. Оны ақын поэзиясының өн бойынан байқаймыз. Өйткені Жамбыл мен Молдахмет өлеңдерінің бойындағы мазмұн, шертер сыр, әлеуметтік көзқарас өз үндестігін, ұқсастығын тапқан. Дегенмен, бұл ұқсастықты біз қайталау деп айта алмаймыз. Әр ақын ортақ тақырыптарды жазуда өзіндік эстетикалық көзқарас сөз-образ, саз-символдар мен көркемдегіш құралдардың қолданысы арқылы ерекшеленеді.

Ол, «Жәкең» деген өлеңінде:

Жүз жасаған Жамбыл қарт,
Сөзіңіз бар ед алтындай.
Тау суындай тасқындап
Сөйледің топта тартынбай.
Күміс кемер дария
Аққан жырың сарқылмай –

деп, қарт Жамбылдың сөзін алтынға, жырын сарқылмас дарияға теңеп, ұлы халық ақыны Жамбыл бейнесін танытады.

Жамбыл Жабаевтың 125 жылдық тойына Мұса Асайынов та «Арнау» өлеңін бағыштайды. Ақын:

Армысың, Жамбыл ата тойындағы
Жер – жерден мол жиылған туысқаным!
Тебіренбес қандай ақын Жәкең десе,
Жараспас қайсымызға әкең десе,
Қолымды төбеме ұстап өтер едім,
Сенімі ақын баба өтелмесе –

деп, келсе, мұндағы «тебіренбес қандай ақын Жәкең десе» деген жолдар арқылы халқының Жамбылға деген сый – құрметін, ықыласын білдірсе, «жараспас қайсымызға әкең десе» деген жолдарда «біздерді тәрбиелеп, өнеге көрсеткен ақын Жамбыл әкеміздей» деген ойын білдіреді.

Мұса Асайыновтың ұстазға деген ілтипаты «Ұстазға алғыс» өлеңінде ұстаз ағасы Молдақмет Тырбиұлына арналады.

Ол:

Қиналғанда көзіме анам келген,
Жыр түсірер ақ қағаз қаламменен,
Домбыра да қол тимей ыңылдайды
Қиянатты бөлісіп маған деген.
Ақ сағымда сондайда тізіп көрген,
Е, Молдеке, өзіңсің жүзіп келген
Ұстаз кезің кетеді еске түсіп,
Өміріңнің бір шетін үзіп берген –

деп, жырға қосса, ақынның өнерге бой ұрып, осынау бір сара жолға түсуі – алдымен осындай ұстаздарының болуы деп түсінеміз. Ақын ұстаз жолын жалғастырып, осынау өнердің жалғас табатынына кейінгі ақын інілерінен үміт етеді. Ол «Ақын інілеріме» деген өлеңінде:

Кешігіп қайда жүрсің, Жұмабайым,
Тербелген алдымдағы құба қайың
Советжан, Тұяқ қалкам, келіндерші,
Төсекте көңілді бір жұбатайын –
деп, ақын інілерінің ортасында бір сергіп қалса,
Өнерлі інілерім іріктелген,
Айтыста талай жүлде іліп келген
Қуанам бүкіл дүние менікі боп,
Көргенде бастарыңды біріктелген –

деп, атадан берілген дәстүрді өзінен кейінгі жалғастырар өнерлі інілерінің бар екендігіне қуаныш сезімін білдіреді.

Ақындық өнер табиғатында ізі жоғалмаған дәстүрлердің бірі болса, әншілік өнер де өзінің дәстүрлі жалғастығын тапқаны белгілі.

Бұл орайда, Молдахмет Тырбиұлы «Сағындым кешегі өткен жақсыларды» деген өлеңінде:

Жүйрігі орта жүздің Біржан салы,
Қандырған құмарыңды салған әні –

немесе,

Еркесі кешегі өткен Ақан сері,

Той-думан салт-салтанат жүрген жері

және

Біреуі кешегі өткен Ыбырайым,
Қашанда гәккулеткен әні дайын –

деп, кешегі өткен ән өнерінің жезтаңдай, күміс көмей
бұлбұлдарын сағына жырға қосса, «Ақан серіге» деген өлеңінде:

Қалдырған қарауылға домбыранды,
Ақын аға, әніңмен күнде тартам –

деп, мақтан етеді.

Ол «Бақытты өмір заман-ай» деген өлеңінде де:

Біржан сал, Ақан сері қалдығымын,
Өзіндей болмағанмен тандығымын,
Солардың ізін қуып әнге басқан
Граммфон алшындаған сандығымын

немесе,

Біржан сал, Ақан сері, құрдым салтын,
Жақсы ой келтіреді көңіл жарқын –

деп, ағаларының дәстүрін жалғастырып, көңілінің жай тапқанын
айтса,

Сый қылып осы әнімді тарту еттім,
Басарсың өзімдей қып Мұса қалқам –

деп, інісі, ақын Мұса Асайыновқа аталарының мұраларын
дәстүр қылып жалғастырар деген үмітпен тарту етеді.

Молдахмет Тырбиұлы Біржан, Ақан құрған дәстүрді
өнеге етсе, Игібай Әлібайұлының «Біржан сал ауылында»
өлеңінде де дүлдүл ағаларына деген шәкірттік сезімі айқын
көрсетіледі.

Ол:

Бұл ара – туған жері ақын Біржан,
Ұшырған жер түбіне әнін қыран.
Мен-дағы сол серінің шәкіртімін
Жасымнан ұстаз тұтып жолын қуған –

деп, Біржан дәстүрін жалғастырғаны жайлы айтса,
Біржанның талай сайран құрған жерін
Қызықтап ақын ұрпақ ән салады –
деп, тебіренеді.

Мұса Асайынов «Редакторға» деп аталатын өлеңінде Біржан сал, Ақан сері, Үкілі Ыбырай сияқты алыптардан үйренгендігін айтады.

Ол:

Мен үйрендім өлеңді атандардан –
Заңы берік өнерге қаталдардан.
Сал-серілік дарыды бала жастан
Үкілі Ыбырай, Біржан сал, Ақандардан –

деп келсе,

Тұлпар тұяқ қашанда мұқала ма,
Ақын көңіл көк қылыш жұқара ма
Өмірімді айтады өлең досым
Түзеп, күзеп, мәнерлеп жұқалама –

деп толғанады.

Халық ақындарының арнау өлеңдерінің келесі бір тобы – өздерімен қатарлас өнер таланттарына арналады.

Бұл орайда, Игібай Әлібайұлы «Күләш» өлеңінде:

Бұлбұлым, ел мақтаны Күләш едің,
Тілектес жүрек бірге сырлас едің.
Айлам болса ажалдан алып қалар,
Мұңайып, бүгін жылап тұрмас едім –
деп, әншінің өліміне қайғы жұтып, шерін тарқатса,
Өмірді қайғы мен ажал жеңбес,
Туған елдің бұлбұлы Күләш өлмес.
Ұрпақтардан ұрпаққа болар үлгі,
Нұр шұғыла еңбегі мәңгі сөнбес –

деп тебіренеді.

Бұл орайда, ақынның қомақты туындыларының бірі – «Биші қыз» поэмасы да аты айтып тұрғандай халқының қызы, өнер иесіне арналады. «Биші қыз» поэмасында ақын Қызылжар өңірінің тумасы, белгілі биші, халық артисі Мархаба Иманқұлованың шығармашылық жолының қалыптасуы мен өрен еңбегі жайлы баяндайды.

Ақын поэмасында эпикалық жанрға тән қасиеттер анық танылады. Яғни, сюжеттік құрылыс, оқиғаның басталуы, шиеленісі мен байланысы, шарықтауы, шешімі – бәрі де

дәстүрлі ақындық тілмен берілген. Поэмадағы басты кейіпкер биші қыздың бейнесі, тұлғасы шығарманың сюжеттік, композициялық желісіндегі іс-әрекеттер арқылы көрсетіледі. Мархаба – талабы, ұмтылысы, өрісі, жігері бар, рухы, сенімі берік адам ретінде суреттеледі.

Мархабаның сыртқы портретін жасауда ақынның аңыз – ертегілерге тән тамсану әсерін байқаймыз. Ол:

Жарық сәуле жүзінде ойнап,

Мәз болады балаң жас.

Көбелектер ізінде ойнап

Төгіледі қолаң шаш.

Құлын мүсін көрікті, епті,

Жалындайды жас жүрегі –

деп, жас бишінің алғашқы қадамын, қуаныш сезімін аңғартса,

Таңда туған шолпан жұлдыз

Секілденіп жерде күндіз.

Ақ бантигі жарасып тұр,

Қара мақпал шашына –

деп, биші қыздың сырт келбетін көзге анық елестете, өмірдің шындығына лайықтап жырлайды.

Ал,

«Келешегім алда» – деп,

Жеңіл назбен жымыңдады –

деп, ақын кейіпкердің сөзі арқылы да биші қыздың тұлғасын танытуда мінезін көрсетеді.

Көркем бейне, тұлға жасау – әр ақынның шеберлігін танытудағы тұсы болса, Игібай Әлібайұлы биші қыздың тапжылмас қайратын, талабын, әрекеттерін өсу барысында баяндай отыра, Мархабаны халқының құрметіне бөленген, еңбек – сүйгіш зор тұлғасын бейнелейді.

Ол:

Өнері өрттей өрши берді

Жүректе ойнап жалынды от.

Биші болса қызғалдақтай

Мың бұралып, майысты–

деп, жас Мархабаның биге деген құштарлығын айтып, шабыты өссе,

«Жас тоты» деп, Арқадағы,
Жұрт ұнатты Мархабаны
Қыз өнерін тамашалап,
Таң атқанша тарқамады –

деп, биші қыздың өнеріне, талабына сүйсінген халқының ниетін білдіреді. Ақын биші қыздың шарықтау кезін бірден аян етпей, оның өсу жолын баяндап көрсетеді.

Ол:

Қыпша белде зерлі қамзол
Толқындайды желеңдеп
Би бесігін тербейді ол,
Көз алдында көлеңдеп
Сахнаның дәл төрінде
Жалқы жүзген аққудай –

деп, ендігі жерде үлкен сахнаның төрінде әбден ысылып, төселген дарынды өнер иесінің бейнесін береді.

Ал:

Ақ үрпектей үлпілдейді.
Торғын түстес көйлегі
Алматыда, Мәскеуде,
Таң қалдырды биімен
Гүл ұсынып достары да,
Алғыс алды сый-сыймен –

деп, Мархаба Иманқұлованың жер-жерде танымал болып, өнерімен сүйіндірген кезеңін суреттейді. Биші қыздың өнеріне ел сүйсініп, тамсанса, ақын:

Жұлдызы боп жаралғандай,
Қазақстан аспанының
Өлеңі боп таралғандай
Ақын жазған дастанның –

деп, өнер жолында жұлдызы жарқыраған биші Мархабаның бейнесін үлгі етіп, мақтан етеді. Одан әрі ол:

Даңқы бөлеп өнерімен
Сауық еткен Сарыарканы

Құттықтаймын өлеңіммен
Биші қызым – Мархабаны –
деп, тебірене, шалқыта жырға қосады.

Кешегі қарақат көз шәкірт қызым
Елімнің белді артисі осы күнде –
деп, майталман биші Мархаба Иманқұлованың бейнесін биік
тұғырдан көрсетіп, танымал етеді.

Игібай Әлібайұлының келесі бір үлкен туындысы –
«Домбыра» поэмасы. Ақын әкесінен мұра болып қалған қос
шекті домбырасын жырға қосып, өз заманының тарихынан сыр
шертеді.

Ызындап құлаққа әлсіз бүр үн келеді,
Еріксіз тебіrentті бұл үн мені,
Көңілсіз ел, көріксіз қыр елестеп,
Шерлі мұң, қасірет зары күбірледі –
деп, мұңды да қасіретті домбыраның толықсыған үні естілетінін
айтса,

Күмбір – күмбір көне күміс көмейің,
Көңіл кірін аршығандай жаудыра,
Үстем болғыр сенің ылғи мерейің
Сөйлеші бір, сыр төгілсін, домбыра –
деп, күмбірлеген домбыра үніне мұңды да, сырлы өз үнін
қосады. Ақын тарих беттерінен елес беретін қасірет шеккен
күндерді есіне алады:

Кең жазықта көсіліп.
Сөз айта алмай шешіліп,
Тіс қайраумен өткен күн.
Есінде ме, домбыра?
Астыңнан атыңды алдырып,
Қанатыңды талдырып,
Адасып ақыл, азған күн.

Ақын домбыраның тағдырын өмірінің тарихи
шындығымен ұластыра баяндайды. Жырда домбыра құрал да,
зат та емес, жанды бейне түрінде елестейді. Себебі, ақын жан
серігі, замандасындай домбырасымен өткен өмір жайлы
сырласып кеңеседі.

Ол:

О, домбыра, домбыра
Құлағыңды тең бұра
Бұл жырды саған жүректен
Арнағалы көп болды—

деп, бастап,

Асыл мұра ардақты
Күй шерткен – көне домбыра –

деп, толғанады.

Ал,

Тұрды өмір – күткен арман күлімдеп,
Шешек атқан балғын гүлдей дірілдеп.
Екпінді күй сапырылып шанақтан
Тасқындады бірте-бірте гүрілдеп –

деп, жаңа жас құрылысты, екпінді еңбектің бастамасын айтады.

Одан әрі ел елдігін алып, теңдігін орнатқан, гүл жайнаған
өмірді айтса, домбыра сол бақытты заманның әні, сәні, нұры,
жыры болғанын айтып құйқылжытады.

Мәселен,

Бұл жазира жерімнің
Сәні болдың, домбыра
Космонавтық дәуірдің
Үні болдың, домбыра
Алаулаған ақынның
Жыры болдың, домбыра.

Ақын домбырасының қадір – қасиетін, асқақ үнін, талмас
қанатын, бітпес күшін, жігерін айтып төгілтеді.

Ол:

Біреудің боздақ данасын
Біреудің сәби баласын,
Естіртіп, тоғыз толғантып,
Күй арнаған, домбыра

немесе

Заманының тарлығын
Екі шектің зарлы үнін
Түсіндірген, домбыра—

деп тебіренеді.

Домбыра жайлы асқақ үні шарықтай түсіп, ақын домбыраның қадір – қасиетін айтып баға береді.

Ол:

Айдаһардай хандардың
Жанын қаққан, домбыра
Еділ – Жайық арасын
Алтай – Каспий даласын
Қанат талмай қақ жарып
Кең шарлаған домбыра–

деп, тебіренеді.

Игібай Әлібайұлы домбыраның қасиетті үнін, күшін танытып, алғаш қолына ұстатып, мұра етіп қалдырған әкесін де есіне алып толғанады.

Ол:

Домбыра десем, дариғай-ай,
Әкем еске түседі.
Өтті ғой ол арманда
Ақпейіл ақын кісі еді
Жанарында бір тамшы
Тұрушы еді мөлтілдеп
Мен өтсем де, сен қалшы
Деуші еді елпілдеп –

деп, ізгі жанды әкесін, мәнді сөздерін есіне алады.

Ал,

Жастайымнан жармасып,
Домбыра, сені ұстадым
Жас шағымнан ән тасып,
Арта берді құштарым.
Мүлік орнына мұра ғып
Тапсырған әкем – ұстазым
Тастамадым қолымнан,
Көрсем де өмір қыспағын –

деп, сегіз жастан әкесінен мұра боп қалған қасиетті домбырасын жанынан еш қалдырмай, қадір тұтатынын айтып толғанады. Ақынның әкесінен қалған көк домбырасының шанағы кең және сегіз пернелі қысқа мойынды болған екен. Баланың қолы

домбыраның мойнына еркін жетіп, пернелерді дұрыс басу үшін және ән айтуға қолайлы болу үшін қысқа мойынды домбыралар жас балаға арналса керек.

Бұл орайда, Игібай Әлібайұлы: «Көк домбырам есімнен бір кетпейді. Көк домбыраға қосылып ән салғанда даусымның шегін аңғармаушы едім. Шіркін, десейші, көк домбырамен Ыбекең де ән шырқап еді. Шешен домбыралар көп қой, әйтсе де бауыр басқан көк домбырамдай жоқ қой» [91] – деп, көк домбырасының қасиетін, күшін айтады.

Ол:

Жібек – шек, күміс тиегің,
Шебер де, шешен, домбыра.
Халқымдай шексіз сүйемін,
Жасай бер мәңгі сен мұра –

деп, домбырасына деген пәк сезімін, ізгі тілегін білдіріп тебіренеді. Себебі, ақын домбырасы ақындық шабытқа қуат қосып, жалындатқызатын күштің иесіндей көрінеді.

Қарап отырсақ, Игібай Әлібайұлының поэмаларында белгілі бір тақырыптың баяндауына қарай ақынның қатыстылығы, жан жүйесі сезіліп отырады.

Себебі, Игібай Әлібайұлы шығармашылығындағы басты қаһармандар – ол өз замандастары. Ақын поэмаларында қаһармандары жайлы баяндап қана қоймай, жетістіктеріне қуанады, шаттанады, яғни, өз заманының тынысын жырлап, тебіренеді. Ақын еңбек сүйгіш халық, өнер иелерін даралап жырлауда реалистік шындықтың фактілеріне сәйкестендіреді.

Жалпы, Молдахмет Тырбиұлы, Игібай Әлібайұлы, Мұса Асайынов шығармаларындағы жеке тұлғалар – өмірде болған адамдар. Олардың есімдері нақты аталып беріледі.

Халық ақындарының шығармашылығына тән «құттықтау арнауының» үлгілерін біз Молдахмет Тырбиұлының өлеңдерінен кездестірдік.

Иә, Молдахмет Тырбиұлының көп өлеңдері «құттықтау арнауға» құрылады. Ақын «Әлкенге», «Қазақстанның отыз екі жылдығы», Рамазан Елебековке арналған «Құттықтау», «Ленин мектебінің он жылдығын бітіргендерге», аудан орталығына

салынған клубқа арналған «Құттықтау» деген өлеңдері еңбек ерлеріне, еңбек озаттарына, – мереке тойларға арналды. Мысалы, «Әлкенге» деген өлеңінде:

Әлкендей құттықтадым Еңбек Ерін,
Отанға қызмет етіп буған белін

– деп, бастап:

Жайдары жарқын жүзбен алмай тыным,
Жүр екен капитан боп орденді інім.
Әлкен деп мынау жүрген мақтан етіп
Қарт ақын осылайша шығарды үнін –

деп, еңбек ері Әлкенді үлгі етіп, мақтанса,

Жеткізген бұл табысқа сені еңбек,
Әлі де зор абырой даңқ әперген,

немесе,

Кездескен қиындықты еңбек жеңбек,
Бейбіт жатқан елімнің дәстүрі – еңбек –

деп, табысы мен қуанышы мол еңбекті де үгіт – насихат етіп жырға қосады.

Сол сияқты, Рамазан Елебаевқа арналған құттықтауында:

Алды деп інім орден естігенде,
Шоқтығым қалды сонда көтеріліп –

деп, қуанса,

Мәртебең күннен-күнге өсе берсін,
Қарағым құтты болсын, жансын нұрың.
Заманда гүл жайнаған тердің жеміс,
Таусылмас асыл жырым менің теңіз.
Еліме үлгі болған Рамазан,
Күн санап өсе берсін мәртебеңіз –

деп, құттықтау тілегін де білдіреді.

Молдахмет Тырбиұлы құттықтау арнауларын елдегі елеулі оқиғаларға да арнап отырған. Мәселен, аудан орталығында салынған клубқа арналған «Құттықтау» өлеңінде:

Молдахмет домбыранды қолыңа алшы,
Тот басып, кіршік шалған көңілді аршы.
Жетпіске келіп қалдың кәрі тарлан
Қимылдар жерің келді тимей қамшы –

деп, елінің қуанышын жырға қосып, қызмет етуге дайын екендігін білдірсе,

Мәдениет үйінің кең сарайын,

Өлең мен әнге қосып құттықтаймын –

деп, тебіренеді.

Ал,

Куәлік алған бүгін жас түлектер,

Арналған сендер үшін жыр мен әнім –

деп, мектеп бітірген түлектерді де жырға қосады.

Ол:

Отанның болашағы – жеткіншектер

Қадамың құтты болсын ұл мен қызым.

Қарт атаң бата берді сапарыңа

Кіре бер білімді ерлер қатарына –

деп, тілек білдіреді.

Ал,

Үш мүшел жасқа толды Қазақстан

Көз тартты алтын арай асыл нұсқаң.

Байлық пен қазынаңа өскен өрлеп

Тамаша таң қалғандай дос пен дұшпан–

деп, туған республикамыздың отыз екі жылдығына құттықтауын арнайды. Ол елдің мол табысын, жетістіктерін, өзгерістерін тізбектеп, мақтан етеді:

Ембі, Каспий мұнайдан фонтан атты

Қоңырат, Жезқазған мен Теміртаудың

Металдары тасқындап су боп ақты

Балқаш мысын асыра беріп жатты.

Көмірін Қарағанды ол боратты

Қайратты адал еткен еңбекпенен

Қоғамдық мал, астықтың өнімі артты –

деп, екпіндете жырлайды. Қарап отырсақ, Молдахмет Тырбиұлының арнау өлеңдері екпінді еңбекті, мол табысты жырға қосқан мадақтау жолдарымен толығып отырады.

Жалпы, халық ақындрының арнау өлеңдеріне тән осынау ерекшелікті Молдахмет Тырбиұлы өлеңдерінен де өзіндік сипатқа ие болғанын байқаймыз.

Молдахмет Тырбиұлы, Игібай Әлібайұлы, Мұса Асайыновтың арнау өлеңдерінің ішінде сұрай арнау үлгісіндегі дидактикалық, философиялық ой-толғанысқа құрылған өлең шумақтарын да кездестіруге болады. Мәселен, Молдахмет Тырбиұлы «Арнау» өлеңінде:

Қалайша сөйлемес тіл, төгілмес жыр,
Қуаныш бойды кернеп ағылмас сыр
Заманым құлпырып тұр алма бақтай,
Біз емес пе сол бақта бұлбұл –

деп, асқақ үнге салса, «Келді міне жыл құсы» толғауында ақын сауалдарға жауап күтпей-ақ ой түйіп отырады.

Ол:

Батыры демей не дейін,
Ерегескен айқаста
Елінің жауын жеңген соң,
Сұңқары демей не дейдін,
Қырда ұшып қияда
Қырағы көзі көрген соң –

деп, елінің ерлерін айтып толғанса,

Тұлпары демей не дейін,
Жер қыртысын қопара
Думандата желген соң –

деп, ел тұрмысын жаңғыртқан тракторды тұлпар бейнесінде көрсетіп, шаттыққа бөлейді. Оның «Толға, толға, қызыл тіл» өлеңінде риторикалық сауалдар арқылы түйдек-түйдек ойлар өріледі. Мысалы:

Жүйрік жүйрік болар ма
Бауырын жаза шаппаса,
Әйгілі болса халыққа
Алдына жан сала ма.
Батыр батыр бола ма,
Еліне жауы келгенде
Қолыңа қызыл ту алып
Ақ алмас қылыш қолға алып
Ұрандата шаппаса
Қыран қыран болар ма

Құздан асып шың барып
Шырқата ұшып аспаса
Қомдана қанат қақпаса
Ақын ақын болар ма
Шаршы топқа салғанда
Жыр нәсерін халыққа
Әйгілете шашпаса.

Сұрай арнау үлгілері Игібай Әлібайұлының өлеңдерінде де кездеседі. Оның «Не қылсын» өлеңі ой – толғанысқа толы туындыларының бірі болып табылады.

Ол:

Өмір мені не қылсын,
Танытпасам өзімді,
Еңбек етіп ел үшін,
Ағылтпасам сөзімді –
Заманым мені не қылсын,
Сыр қадірін білмесем
Заманым мені не қылсын,
Жыр қадірін білмесем –

деп, бір-біріне қайшы құбылыстарды салыстыра отырып, ақын өмірінің мәні жайлы ой түйеді.

Мұса Асайынов туындыларынан да сұрай арнауға құрылған өлеңдердің өзіндік ерекшеліктерін байқауға болады. Мәселен, «Өлең керек» өлеңінде:

Ақын болу – көп өлең жолында ма?
Бұрқыраған жылма-жыл томында ма? –

деп, сауал арқылы бастап, өзі соған жауап беруде шешендікке толы сөз оралымдарын жасайды. Яғни,

Өлең керек ақ ниет жаратылған,
Қиналғанға серік боп ара тұрған.
Ұя басқан қамысты қимай ұшып,
Аққу – қаздай қаңқылдап қанат ұрған.
Өлең керек қиянат көрмейтіндей,
Көңілдерде құс болып көлбейтіндей –

деп, жан дүниенді тебірентер, көңілді шалқытар, үміт беріп тірілтер әсем де күдіретті өлеңнің керектігін айтады. Сонымен

қатар, бұл соңғы өлеңдерінен ақынның жаны күйзеліп, терең ойға шомылған жабыңқы көңілін де байқауға болады. Осындайда таза да әсем өлең ақын жанының сырласы, жұбанышы, үміті болып қолдау табады.

Ол:

Өлең керек, батырым, өлең керек,
Ауру адам оқыса өлмейтіндей –

деп, поэзияға қоятын талабын айқындай түседі,

Жалпы, қарап отырсақ, әнші-ақындарымыздың туындыларынан ортақ мазмұн, ой – толғаныстарын жеткізудегі қалыптасқан дәстүрлі үлгілердің қолданысын байқауға болады. Яғни, сұрау арнауға құрылған туындылар ақындық болмысты танытатын кесек – кесек терең ойлармен көркем етіп беріледі.

Молдахмет Тырбиұлының толғауларының келесі бір қасиеті – толғау – терме түрінде келуі. Ақынның толғау – термелеріне «Тасқындайды өлеңім», «Бақытқа халқым кенелген» толғауларын жатқызамыз.

«Бақытқа халқым кенелген» толғауында:

Ақын деп несін айтайын,
Топ көргенде қозбаса.
Түптен тартып іштегі,
Өлеңмен сырды қозғаса.
Жыршыда қанша қасиет,
Жұрт тыңдар ғып созбаса –

деп, басталып, монолог сипатында жасалып,

Домбыра тисе қолыма,
Тасыған көңіл көл болар.
Аузымнан шыққан сөз бейне,
Тасқындаған сел болар –

деп, жалпылық мәні бар ой – толғаныстар қозғалды. Ақынның мына бір жолдары:

Ала болса ел болмас,
Қардың суы көл болмас,
Нәсерлеп жауын жаумаса,
Көкорай шалғын бел болмас –

деп келген өсиетті сарын түйдек – түйдек жалғасып келеді де,

Екі талай егесте,
Жақсы мен жаман тең болмас.
Жетесіз туған жігітке
Желкелеумен ем қонбас.
Бір ауызды қалың ел,
Азулы жауға жем болмас—

деп, Махамбет үнімен үндес табады. Жыраулық поэзияға тән дәстүрлі өрнектердің Молдахмет Тырбиұлының шығармаларында орын алуы – оның сан қырлы туындыларын танытудағы тұсы деп білеміз.

«Халық поэзиясында да Жамбыл, Нұрпейіс, Кенен, Иса т.б. халық ақындарының шығармаларында сатира жанрындағы өлеңдер айрықша орын алады.

Халық ақындарының поэзиясында сатиралық портреттік суреттермен түрі тұрақты қолданылады. Сатиралық поэзияның бұл түрінде кейіпкерге сөз берілмейді де, кейіпкерді қандай адам екендігі өлең авторының атынан сатиралық бояумен суреттеледі» [23, 142] деп берілсе, Игібай Әлібайұлының шығармаларынан да сатиралық кейіпкер, көрініс орын алады. Мәселен, «Сандалбай», «Шылымшылдардың кейбіріне» деген өлеңдерінің аты-ақ кімдерді меңзеп тұрғанын аңғартады:

Уа, Сандалбай, Сандалбай,
Өмірді жүрсің аңғармай,
Қаңғыра беру ұят қой,
Еңбек істе сандалмай.
Тұрғанда заман таң қалып,
Сандалбай жүр қаңғырып,
Деп біреулер күледі
Ардан безген әңгүдік—

деп, бос жүрген безгелдендерді сынап, жағымсыз қылықтарын шенейді. Яғни, Сандалбай арқылы ақын өмірде бар кейіпкерлердің бейнесін көрсетуге тырысады. Сандалбай сияқты келеңсіз жақтарды байқап, сынап, мінеп қана қоймай, ақыл – кеңес береді.

Сонымен бірге, бұл өлеңнің тәрбиелік мәні, үгітшілдік қасиеті де бар. Мәселен,

Етпейсің еңбек қоғамға
Бетіңмен қаңғып жүресің,
Еңбекке қосыл одан да,
Қайтып өмір сүресің?! –

деп, еңбек етіп, қатарға қосылуын сұрайды.

Ал, «Шылымшылдардың кейбіріне» деген өлеңінде:

Бас айналып, көз қарайып,
Шығамыз түтінге улап.
Күл шоғын түсіріп,
Былш-былш түкіріп.
Айнала былғап,
Кетеміз жырлап–

деп, нақты кейіпкерлерді атап көрсетпесе де, адамдырдың орынсыз қылықтарына көңіл аудартқызып, «біз осындаймыз» дегендей ой салады.

Сыйлаған үйді қинап,
«Мәдениеттіміз, өсеміз»
Деп кеіміз, бөсеміз –

деп, әжуа етеді. Ақын өзінің өткір тілінің ұшымен қоғамдағы кейбір жағымсыз, ұнамсыз жақтарды сынап отырған.

Шындықты айтуға тайсалмайтын ақын Молдахмет Тырбиұлы ел ішіндегі бастық болып жүрген «пысықтарды» да сынаса керек:

Қашанда асыра сілтейді,
Жамандықты тіркейді,
Колхозды сорып борсықтай,
Жұрттан оны бүркейді.
Әркімге жала жабады,
«Қылмыс» ізін табады.
Ел айтады бұл пысық,
Деп колхоздың тажалы–

деген жолдарда ақын елді алдап – арбап отырған кейбір ел басшыларын сынап, ажуаға, келекеге айналдырады.

Қарап отырсақ, халық ақындары шаттық өмірді, екпінді еңбекті ғана жырлап қоймай, өмірдің көлеңкелі жақтарын да жырларында көрсете алған.

Молдахмет Тырбиұлы өз өлеңдерінде жаңа дәуірді, шаттық өмірді жырлаумен бірге, жастық шақ, өмір турасында философиялық толғаныстарға құрылған ойларын айтып толғанады. Әсіресе, кәрілік келіп, жастық шақтың өтіп, думан құрған өмірдің енді қайтып оралмайтынын өкінішпен тебіренеді.

Бұл сарын Үкілі Ыбырайдың «Қалдырған» [92, 100-101] өлеңінде:

Кәрілік бесік тербетіп,
Жастар гүлдеп өскен күн.
Жасымда өстім қындай боп,
Күмістен тартқан сымдай боп.
Болам деген ой бар ма
Аппақ қу шұнақ шалдай боп –

деп сипаттаса, Жанақ ақын:

Сұңқар едім бір күнде болат қияқ,
Тұлпар едім мұқалды құрыш тұяқ.
Мұндасатын таусылды тұстас тұрғым,
Әзілдесер таусылды тату құрбым.
Жан жабығып, тән тозып қартайғанда,
Ілеспей басында жүр көңіл қырдың –

деп қартайған кезін шынайы етіп суреттейді [14].

Өзіне дейінгі ақындар жырлап өткен кәрілік, жастық шақ турасында Молдахмет Тырбиұлы домбырасына, жастық шағына қаратыла айтылған монологтық баяндау арқылы жабыңқы көңілін, өкініш сарынын байқатады.

Ол «Қайран жастық» өлеңінде:

Екі шекті қолымда қу қарағай,
Дауысым саған не болды сырғанамай–
Қызыл гүлдей жайнаған қайран жастық,
Шақырсам да кеттің бе бір қарамай–

деп, қайтып оралмас думанды шағын өкіне жырлайды.

Игібай Әлібайұлының бұл орайда, «Жас шағым», «Қош бол, жастық!», «Кәрілікке» деген өлеңдерін атауға болады.

Ақын «Жас шағым» деген өлеңінде:

Жас шағым – балаусадай балбыраған,

Кіршіксіз мөлдір еді таңға ұқсаған
Кеудемнен ән толқыны ағытылып,
Әсем күй ақтарылған домбырадан –

деп, жастық албырт шақты көкसेп, тебіренсе,
Жас шағым – қияға ұшқан қыран едің,
Жалынды ел туғызған ұлан едің.
Халқыма қызмет етіп, шат өмірде,
Келеді өзіңмен бір тұра бергім –

деп, шаттыққа толы жас шағымен қоштасқысы келмейтіндігін
айтады. Ал, «Қош бол, жастық!» өлеңінде ақын:

Балауса, балалық шақ – сәби күнім,
Бір пара қызық еді-ау бастан кешкен!
Төпелеп басқа – көзге тал шыбықты
Ат қылып, сүйрей шауып бәйге дескен.
Сақаны сартылдатып ақ тақырға,
Жаз бойы ышқырымды асық тескен –

деп, ойнақ салған балалық кезін есіне алса,

Онан соң желбіреген жігіт шағым,
Көңілге желік беріп желдей ескен
Ақ сүйек, алты бақан, қыз – бозбала
Ән қосып аққу – қаздай бой теңескен –

деп, махаббат балын жұтып елжірескен жігіттік кезінің де өтіп
кеткенін айтады. Ақын қимас сол бір қызық дәуренді өкіне
жырлайды.

Бірақ, ол:

Дариғай! Баға жетпес сол бір күндер,
Әлі де елес беріп кетпейді естен.
Сондықтан мұра деп бұл жастық шақты
Тапсырдым, ұрпағыма кейінгі өскен –

деп, бір жағынан балауса жастық шағын есіне алып қимайтынын
білдірсе, екінші жағынан өмірдің мәнді де, сәнді қызығы мол
бақытты шақты кейінгі ұрпаққа тілейтінін айтады.

Кәрілік, жастық шақ жайлы ой – толғаныстар қай ақынды
болсын тебірентпей қоймағаны белгілі. Мәселен, кәрілік кез
Ақан серінің, Шал ақынның өлеңдерінде өзіндік суреттеу
арқылы беріледі.

Бұл орайда, Ақан сері:

Бір қалыпта тұрсаң, не етеді?

Кетесің шығып уыстан.

Ақырында кісіні

Шал етесің құрысқан –

деп келсе, Шал ақын:

Ұлғайып қартаяды жастан адам,

Жас қартайса қалады астан адам,

Жеткенін кәріліктің ескермейді

Көңілі өсіп, мейманасы тасқан адам –

деп, кәрілікті шындыққа сай суреттейді.

Ал, Игібай Әлібайұлы күші азайып, қайғысы молайып, кемтар болған кәрілік кезін өзінше баяндап суреттейді. Ол:

Кәрілік өрісті азайтты,

Жер тар болды,

Күшті азайтты, жыл санап

кемтар болды.

Жарға соғылып, шегінген толқындай-ақ,

Көңілге бей – жай, денеміз дел – сал болды –

деп баяндайды.

Яғни, ақындар поэзиясында жастық шақ, кәрілік кез туралы ой-толғаныстар орайласып, табиғи құбылыс ретінде сипатталады және шындыққа сай суреттеледі. Сонымен қатар, бұл өлеңдерде автордың қатысуы, оның ішкі көңіл-күйі монологтық баяндау арқылы беріледі.

Сонымен Молдахмет Тырбиұлы, Игібай Әлібайұлы, Мұса Асайынов шығармаларының жанрлық, тақырыптық ерекшеліктерін анықтай отыра, заман келбетіне көз жүгірттік. Ендігі жерде поэзиялық көркем бейне, образ жасаудағы көркемдегіш құралдардың қолданысы жайлы сөз болады.

Поэзия адам баласы тарихының сонау көне заман кезеңдерінен бастау алып жататыны белгілі.

«Бүкіл әлем, бояулар болса, дыбыстар, бар жаратылыс, барлық өмір – поэзия дүниесі, осы құбылыстарға құпия қуат, оларға тіршілік, ойнақы өмір беретін сырлар – поэзияның тетігі мен жаны. Поэзия – әлемдік өмірдің қан тамырының соғуы, сол

өмірдің қаны мен оты, жарығы мен күні» [93, 643-644] деп, поэзияның жалпы сипатын, мәнін, мазмұны мен сырын В.Г.Белинский осылайша түсіндіреді.

Яғни, поэзия деп, ырғағы мен ұйқасы белгілі қалыпқа түскен, шумағы мен бунағына дейін белгілі тәртіпке бағынған нақысты сөздер тізбегі болып табылса, ақын поэзиясының осы бір бөлшектеріне терең ой, мән беріп, сыр ұялатып, үн қосып, сезім иірімдерін шалқытады.

Яғни ақын асқан шеберлік танытып, адам жанын уыздай ұйытып алатын айшықты, асыл сөздерді тізбектеп, нәрлеп, ырғақты сөз туындатады.

Әр ақын тілдің көркемдегіш құралдары болып, тілге өң беріп ажарлау, әр үстеп құбылту, әсемдеп айшықтау тәсілдерін сөз зергерлеу өнерінде қолданылып отыратыны белгілі. Молдахмет Тырбиұлы поэзиясының да өзіндік бір сыры мен сипатын аңғарып, сипаттауға болады.

Молдахмет Тырбиұлы «Жағасында Есілдің» өлеңінде:

Сылқ – Сылқ күлген Сұлудай Сылаң қағып,
Сырласқандай Сыбырмен Сырғи ағып,
Еркелеген Есілдің күміс сұлу
Жағасында тұр едім рахаттанып –

деп келген жолдардағы үн көпке шейін сыңғыр қағып тұрары сөзсіз. Бұл өлең шумағында «с» дауыссыз дыбысының қайталануы әсем үйлессе,

Алтын сәуле себіліп, жер құлпырды,
Көркем түрмен көңілді, көзді тартқан.

Немесе:

Жұтқыншақтың Жылтылдап Жұмырындай
Ойнақ салған ортақ құлын – тайлар

және

Тау суындай Тасыған Табыстары,
Тасқын берген Табысқа жарыстары –

деп келген өлең жолдарында «к», «ж», «т» дыбыстарының қайталануы ерекше түр, үн беріп, сөздің өңін келтіріп тұр.

Молдахмет Тырбиұлының поэзиясында өлеңді ажарлаудың айқындау түрінің қолданысы өзіндік бір сипатқа ие болған.

Мысалы:

а) Алтын сәуле себіліп жер құлпырды.

ә) Еркелеген Есілдің күміс сулы
Алғыр ой мен жез таңдай.

б) Ойнақ салшы он саусақ
Байланбаған құлындай

в) Ерікті ел алдында
Ұшыртсам тіл бұлбұлын –

деп келген өлең жолдарына күрделі айқындаулардың сөз иіріміндегі бейнелі үйлесімі әр береді.

Ақын поэзиясында «алтын» сөзінің өнімді қолданысын ұштырамыз. Бұл сөздің қолданысын мына үлгіден байқауға болады.

Алтын:

күн, таң, сәуле, арай
астық, бидай, дән
бесін, жыр, төр
сөз, ай, қанат, заң

Ақын поэзиясындағы бұл дәстүрі айқындаулардың қолданысы ой ұшқырлығын, ізденісті аңғартады.

Жалпы Молдахмет Тырбиұлы поэзиясының ерекшелігі – көркем айқындаулардың шебер қолданысы болып табылады.

Ақынның махаббат, табиғат, өнер – білім, Отан, халық тақырыбына жазған өлеңдеріндегі суреттеп отырған сөзге ерекше ажар беріп, келесі бір құбылыспен не затпен салыстыра бейнелеуде – теңеулер елеулі орын алады. Мысалы:

а) Сексен көл саясында жарқыраған
Күмістей сымға тартқан бұлақтары.

ә) Теңіздей терең ойды тебіrentкен
Атақты ғалым Шоқан Шыңғысұлы

б) Сұңқардай түлеп ұшқалы,
Бакыттың алтын сәулесін
Сұлудай сүйіп құшқалы–

деп келген өлең жолдарына теңеулер ерекше сән беріп, әрлендіреді. Сонымен бірге, «Абайға» өлеңінде де неше алуан сипаттамалар бар. Мысалы:

«күміс кемер дария»,
«жыр сөздің алтыны»,
«жыр сөздің ақығы»,
«жыр сөздің гауһар тасы»,
«данышпан ой иесі»,
«жыр бұлағы»
«ел данасы» –

деп, Абай бейнесін сипаттаса,

Қазақтың күміс кемер дариясы,
Жыр сөздің алтын, ақық, гауһар тасы.
Данышпан ой иесі, жыр бұлағы,
Туар-ақ сендей болып ел данасы –

деп, «Абай» деген сөздің өлең шумағына еш қолданбай-ақ, өлең кімге арналғандығын оқырманға ұлғайған ауыстырулар арқылы жеткізді.

Сол сияқты сөзге рең, бояу үстеу үшін аса қажет айшықтаудың бір түрі – қайталауды ақын қолданысында жиі кездестіреміз.

Домбыра тисе қолыма,
Тасыған көлің көл болар.
Аузымнан шыққан сөз бейне
Тасқындаған сел болар.

немесе:

Бір кездерде қайғының
Тұғыры болған туған ел.
Қаналу, қанды бұғаумен
Жаспен бетін жуған ел–

деп келген өлең шумақтарында қайталаудың эпитифора түрі өзіндік үн қосып тұрғандай.

Поэзияда «кейіптеу – әр түрлі табиғат құбылыстарын, жансыз нәрселерді адам кейпіне келтіріп немесе қалайда жан бітіргендей етіп суреттейтін көркемдік тәсіл» [87, 175], – болып табылса, Молдахмет Тырбиұлы өзінің ұшқыр қиялын, алғыр ойын жансызға жан беріп кейіптеуде көрсетеді:

Бүлкілдесін көмекей
Есілдің ерке суындай.

Қатардан қалмай қарышта
Алғыр ой мен жез таңдай.
Көтерілші дауысым
Көрікті көлдің қуындай.
Ерлік іске келгенде
Отанның бол батыр ұлындай.

«Халық ауыз әдебиеті жанрларының бірі – жұмбақ ерте заманнан дамып, әдебиетте кенінен орын алғаны белгілі. Қазақтың жұмбақтары көбінесе өлең түрінде айтылады» [39]. Молдахмет Тырбиұлы өлеңдерінен де жұмбақ өлеңдердің үлгісін кездестіреміз.

Мысалы:

Сегіз қарын, екі тілді, жалғыз түндік,
Өзіңмен сырласады етсем бұйрық.
Аққу мойын, қоян жақ, елігім-ай,
Қамыс құлақ, кең құрсақ, қозы құйрық –

деп, салыстыру, теңеу арқылы домбыраның бейнесін қалыптастырса,

Бір нәрсе қызыққаннан алдым қолға,
Еркек-әйел ісіне бірдей жорға.
Жұмысын әрі-бері бітірген соң,
Тізесін бүгіп жығылады қазған орға – деп,

бәкіге тән ерекшеліктер нақты көрсетіледі. Жұмбақ өлеңдерге тән дыбыстар үндестігі де өзіндік үйлесім табады. Немесе:

Бір нәрсе екі түрлі заттан тұрған,
Адамзат шығарады істеп қолдан.
Қаншама ұзақ ғұмыр сүрем деседағы,
Өмірі бітер аз күнде таза судан –

деп, астарлап, тұспалдау арқылы сабынды жұмбақтап бейнелейді. Қарап отырсақ, ақын жұмбаққа тән дәлділік, нақтылық, тапқырлық, ой ұшқырлығы, дыбыстар үндестігіне баса назар аударған.

Жалпы Молдахмет Тырбиұлының өлеңдері мен айтысынан, көлемді жыр, толғауларынан көркемдік құралдың көрікті үлгілерін ұшыратасыз. Яғни, Молдахмет Тырбиұлы өлең сөзге ажар – мәнін, сән дарытатын – майталман сөз шебері.

Өлең сөзді образды жүйеде сипаттауда Игібай Әлібайұлының да өзіндік сөз қолданыстары мен тәсілдеріне назар аударамыз.

Жалпы поэзиядағы образдық жүйелілікті сөз еткенде, «Образды сипаттамалар халықтың ауызекі сөйлеу тілінде де, ақын – жыраулар поэзиясында да, фольклорлық өлең – жырлар да аз емес, көбі ұзақ уақыт, жиі – жиі айтыла келе; жалпыхалықтық лексика – фразеологиялық қазынаға еніп, нормаға айналған дүниелер болып келеді. Жазушылар оларды еркін жұмсай алады. Ал көркем сөз шеберлерінің бірқатары әсерлі, әдемі қолданысты өзі жасайды» – деп образды – сипаттауға түсінік береді [94, 76].

«Ұлттық образ мәнісін, эстетикалық ойлау дәрежесін, көркемдік таным тереңдігін, тілдік бояу – нақыштарды, айшық өрнектерді халықтың тұрмыс – тіршілігімен, мінез – құлқымен, шаруа кәсібімен, табиғи ортасымен, салт – дәстүрімен, ырым – нанымдарымен, жөн – жосықтарымен, дүниетаным ерекшеліктерімен сабақтастыра зерттеу М.Дүйсенов, М.Базарбаев зерттеулерінде көрініс тапты.

Сондай-ақ халық поэзиясының көркем тілі, өлең сөздің бейнелегіш, мәнерлегіш, суреттегіш, кестелегіш құралдары, Абайдың ақындық шеберлігі, сөз қолданудағы ұсталығы, образды сөздер жүйесі және ұлттық поэзия тілінің жан – жақты жетілуі туралы мәселелер З. Ахметов еңбегінде қарастырылады» [76, 154] – дей отыра, ақын-жыраулар поэзиясының зерттеушісі С. Негимов «Поэзия тілі көркем мағына мен ассоциациялық – эстетикалық байланыстар жүйесіне, стильдік бояу – нақыштар мен музыкалы үнге құрылады. Поэзиялық образ алғырлықты, байқампаздықты, көрегендікті, білімпаздықты қажет етеді» [9, 133] – деп жазса, халық ақыны Игібай Әлібайұлының поэзиясынан да осынау образдық жүйелікті байқауға болады. Мысалы:

Арайлап алдан ақ арман,
Жүрек аттай бұлқынды

немесе,

Қызғалдақ келешегім – күлімдейді.

Ұсынып елімізге жана эн, жырын – деп, келген жолдарда ақын ұлттық тілдің қойнауынан алынған ұғымдарды яғни, «ақ арман», «қызғалдақ келешегім» деп образдар жүйесін қалыптастыруда шеберлік, байқампаздық танытады. «Ақ» сөзін қолданыста түскен басқа, таза кіршіксіз ұғымында түсінетін болсақ, ақын қолданысында жарқын болашақ мағынасында бейнеленіп берілген.

Ақын поэзиясында айқын рең – түстердің бірі «ақ» сөзінің қолданысы эпитет ретінде жиі ұшырайды. Берілген қолданыстағы «ақ» сөзі әртүрлі заттарды анықтайды. Оны мына үлгі түрінде байқауға болады.

Ақ:

арман, көбік, пейіл, бидай, жамбы, толқын,
семсер, көңіл, домбыра, көгершін, тілек,
тақыр, бұлт, шаш, алмас, қар, тау, кеуде.

Қарап отырсақ, «ақ» сөзі деректі және дерексіз заттармен қолданылып, белгілі бір ұғымның сипатын береді. Сонымен бірге символдық мазмұнды білдіре алады. Яғни, «ақ» сөзінің қолданысы көп жағдай да кіршіксіз, таза, әділ, пәк ұғымдары қызметінде беріледі.

Сол сияқты «қызғалдақ келешегім» қолданысындағы «қызғалдақ» сөзі «жас» мағынасында, яғни келешегін шешек атып, қаулап өсіп келе жатқан гүл бейнесінде береді.

Игібай Әлібайұлының поэзиясындағы келесі бір өнімді қолданыс – бұл «алтын» сөзінің қолданысы. Жалпы «алтын» сөзінің қолданысындағы эпитеттер көп кездесетін дәстүрлі сөз кестелері. Ақын поэзиясындағы бұл эпитеттердің қолданысын автордың ізденісін, ой – қиялының өрісін аңғарамыз. Дәлел ретінде «алтын» сөзінің қолданысының үлгісін қарауға болады.

Алтын:

арай, көмір, өлке, тұрақ, бесік, шаш,
маңдай, ғасыр, отан, сәуле, дән, көл,
қанат, шұғыла, бармақ, тарау, таң, жүзі.

Бұл қолданыстар да рең – түстердің ұғымымен символдық мазмұндар қызметінде қолданылған және берілген қолданыстардың бәрі дәстүрлі сөз кестелері деп айту қиын.

мұндағы «алтын бармақ», «алтын тарау» қолданысы жеке автордың қиялынан туған дүние. Мысалы:

Шалқыған байтақ өлкем ән тербеген,
Даламды дариядай дән тербеген.
Алпыс жыл – алтын тарау тарихымның,
Арнада көп қой әлі көз көрмеген.

Сол сияқты,

Дедім де сол шоқ гүлді жырыма орап;
Түкпіріне жүрегімнің салып қойдым–

деп келген суреттеу де ақынның ой – қиялынан туған көркем образды қолданыс.

«Жырлаймын Отанымды» өлеңінде:

Ер сыйлы еңбегімен, іс екпінді,
Садақтай батыр тартқан күш серпінді.
Тасқын дария, темірден теңіз жасап,
Толқытып жатыр ерлер шөлейіт құмды–

деп, еңбектегі ерлерінің еңбегін батырдың садақ тартқан серпінді күшімен теңесе,

Осындай ойып алған теңдігімді,
Көрсетіп әлемге өрен ерлігімді.
Паш етіп, домбыра да кеттік жырлап,
Лашындай көл айналған желді күнгі –

деп келген жолдарда елінің теңдігін, өрен ерлігін жырға қосып, өзін қырағы лашын бейнесінде көрсетеді. Бұл ретте «лашын» сөзінің қолданысын батырлар жырында кездестіруге болатындығын айта кетуіміз керек. Атап айтсақ, «Ер Тарғын» жырындағы «Көк бүркіттей түйіліп, лашын құстай шүйіліп» немесе «Алпамыс» батыр жырындағы «Лашын құстай құйылып, қабағы тастай түйіліп, жауатұғын бұлттай» деп келген жолдарда «лашын» өткірлік пен өжеттілікті білдірсе, халық лирикасында сымбатты бойжеткен жігітке лайық қолданысты кездестіруге болады. Ал К.Әзірбаев «лашын» сөзіне қатысты тың тіркес таба білген. Ол «көңіл – лашын» қолданысын қолданады. Ақын қолданысындағы «лашын» ұшқырлықты, алғырлықты меңзейді.

Сол сияқты

«Қайғылы мұң, қара түн,

Бірте – бірте арылған.
Қайғылы мұң, қара түн,
Қара тұман серпілген» –

деген жолдардағы «қайғылы мұң, қара түн», «қара тұман» күрделі эпитеттері образды түрде бейнеленіп, елдің ауыр қайғы, мұң – шерден бірте – бірте арыла бастауы суреттеледі. Эпитеттерді аса бір шеберлікпен қолданып, тиімді пайдалануы Игібай Әлібайұлының сезімталдылығын, талғампаздығын аңғартады.

Оның көркем, нақты жеткізуде ақын салыстырып бейнелеу әдісін де шебер қолданған. Ақын өлеңдерінде алынған объектінің пішін – бітімін айқын, дәл ашатын теңеулерді қолдануда өзіндік бір сөз өрнегін аңғарамыз:

Жігерім – алмас жебедей,
Жүрегім – талмас кемедей.
Табаным – таймас шегедей,
Кеудем – асқақ төбедей.

Сонымен қатар, айтыскер ақынға тән шабыттылық сезіледі.

Поэзия тілі ұйқасқа, ырғаққа негізделсе, академик З.Қабдолов: «Поэтикалық үндестік жағынан әртүрлі жолмен жасалады. Ұйқас та соған байланысты» [30] – дейді.

Өлеңнің идеялық, поэтикалық қуатын арттыруда қолданылған ұйқас түрлерін Игібай Әлібайұлының өлеңдерінен де ұшыратамыз.

Мысалы:

Қыспақты, қысталаң шақ өтіп бастан,
Өмірдің тарих ол сырын ашқан.
Көңілдің күй алуан шерін аршып,
Тынымсыз дәуір кешіп ілгері асқан

немесе,

Тұрды өмір күткен алда құлпырып,
Тұрды көңіл бәйге атындай жұлқынып.
Бақыт күткен өмір сүйген жас жүрек
Соқты тулап үнемі алға ұмтылып.

Берілген өлең шумақтарындағы «бастан», «асқан», «ашқан» немесе «кұлпырып», «жұлқынып», «ұмтылып» ұйқастарында кейбір әріптердің өзгешелігі болмаса, олар да қайталанған. Солай, өлең шумақтарының эстетикалық әсері күшейе түскен.

Игібай Әлібайұлы өлеңдерінен дыбыстық қайталаулардың да (аллитерация, ассонанс) жарасымды үйлесімін байқаймыз.

Мысалы:

Жанарлардан жалынды
Жарық сәуле көрінді.
Жылуы кернеп жаныңды
Жүректе жыр өрілді.

Немесе

Шабыт ап шұғылаңнан ән шығардым,
Шалқыған өлеңімді ту ғып ұстап,
Саяңды дәурен кешкен жан шығармын.

Игібай ақын өлең құрылыстарында дыбыстардың әсем үндестігіне, әуеніне ерекше назар аударған. Бұл ерекшелік Игібай Әлібайұлының әншілік, ақындық, орындаушылық өнеріндегі ақынның өзіндік стилін аңартады. Қайталаулар – халық ақындарының шығармаларындағы композициялық құрылыстың сапалық қасиеттерін белгілейтін поэтикалық құралдардың бірі.

Игібай Әлібайұлы поэзиясында қайталаудың жай, анафоралық, эпифоралық түрлері өзіндік бір үйлесім беріп, көтеріңкі үнмен көрінеді.

Мысалы:

1. Жай қайталау:

Қайран ел, қайран жерім – туып-өскен.

2. Анафоралық қайталау:

а) Сезіп пе ең таң арайлы бақыт барын.

Сезіп пе ең жазирадай жаңа өмірді.

(«Туған жерім – Айтуар»)

ә) Ойым жоқ кәрілікке қиналатын,

Ойым жоқ біреулерге бұлданатын

Ойым жоқ еңбек етпей, тірі отырып,

Қадірмен қатарымнан құр қалатын.
(«Келсем де осынша жас қырларына»)

б) Шалқиды жыр осылай жар төсінде,
Шалқиды ән осылай ерке Есілде.

Осылай – шалқиды өмір көктем, күзде.

(«Шалқиды жыр»)

3. Эрифоралық қайталау:

а) Қыбыр етсем, қоңыр деп,
Не керек саған құрғыр деп,
Қарғап-сілтеп жатады,
Күн ұзаққа жүгір кеп!

ә) Астықты аймақ қазынаға – тұнып тұр
Ерлер мәз боп, миығынан күліп тұр
Осы ерлердің өз қолында жасалған
Ғажайыпты елім менің ұғып тұр.

Қорыта келе, ақын көркемдегіш құралдарды қолдануда асқан зергерлік пен байқампаздық, талғампаздық пен тапқырлық және сан машық, майталман шеберлік танытқан.

«Ақындық сөзге шіркін ұста болды,

Білгенге айтқандары шіркін нұсқа болды» –

деп, ақын Көкен Шәкейұлы Мұса Асайыновты сөз ұстасы деп таныса, оны ақын өлеңдерін оқып, талдауда аңғаруға болады.

Ақын Мұса Асайынов сан қырлы өлеңдер мен поэма, толғаулар туындап, әр тақырыпқа бой сүйеп, ой – толғанысын, арманын, көзқарасын, сезімін аса бір тебіреніспен мәнерлі де көркем образ күйінде ұсына білген. Бұл орайда ғалым Сыдықов Қ. «...көркемдік өрнек ерекшеліктер ақын, жыраулардың жан сезімі мен ой – қиялын, арман мұратын өз дәуіріне, сол кезеңдегі тарихи елеулі оқиғалар мен белгілі адамдарға деген көз қарасын, сайып келгенде, суреткер мұрасын шынайы танып – білуімізге мүмкіндік береді» [5, 239], – дейді. Ендеше Мұса Асайынов поэзиясының тілдік қуатын сезініп, ой – түйсігіне, танымына тоқталғанымыз жөн.

Ғалым С.Негимов: «Поэзиялық образ дәлдікке, шынайылыққа, нанымдылыққа негізделеді. Көркем безендіру - әдіптемелер мағына мен мәнерліктің үйлесуінен туады» [9, 23-

24] – дейді, яғни бұдан аңғаратынымыз; ақынның өмір шындығына негізделген тақырыбы, идеясы және белгілі бір тақырыптық идеяны көркем етіп жеткізу. Әрине бұл қасиеттер ақын шеберлігін қажет етеді.

Мұса Асайынов жасынан сөз зергерлік кәсіпке үйреніп, машықтанып өссе, еліне «ақындық сөздің ұстасы» болып та танылды.

Ақын шеберлігін өлеңдеріндегі көркемдегіш құралдар болып табылатын эпитет, теңеу, метафора, метанимия, параллелизмдер, аллегория т.б. тәсілдердің сәтті, мәнді қолданысынан-ақ байқауға болады. Мысалы:

Үлпектер алтын жібек түбіттері,

Келеді жеті нүкте жүзіп бері,

Қала ма жеті сәби жетім болып,

Маржандай қирап қалған жүзіктегі – деп,

ақын оқиға желісіне өз жан дүниесінің көңіл – күйін, сезімін қоса баяндайды, яғни «үлпектер», «алтын жібек», «жеті нүкте» деп эпитет, теңеулер арқылы сүйіспеншілігін білдірсе, «маржандай қирап қалған жүзіктегі» деген жолдардан автор мен тыңдаушыға ортақ қабылдауды да байқаймыз. Сонымен бірге бұл көрініс оқырманның сезім дүниесіне әсер етіп, эстетикалық нәр беретіні де күмәнсіз. Оқырманның көз алдына елестете алатындай шынайы сурет туғызу үшін алдымен ақын өзі көріп, сезініп, өзі толқуы керек. Бұған қоса табиғат көрінісінің әр түрлі рең-бояуы, күйі толығып отырып, оқиға желісінің шиеленісіп, кейіпкердің психикасын, жан дүниесін ашып көрсетуде үлкен әсері болады.

Мұса Асайынов поэзиясында табиғат көріністерін оқиға желісімен өрбіте, жарыстыра үндес етіп суреттеуі – ақын шеберлігінің бір тұсы болып табылады.

Ақын поэмасын:

Сызылып құланиек алауланып,

Нұрланды құба жиек жалауланып –

деп, бастауының өзі бір қатердің болатынына мезгеп, сездіртіп тұрғандай. Ақын осы бір көріністерді оқырмандарға әсер беріп,

ойын жетелеп отыратын параллелизмдер арқылы көркем етіп суреттейді. Мысалы:

«Қобыз күй қаңқылдаған дауысынан
Ұршықтай бұлт төбеде иірілген.
Қаз кейде елегізіп шошынады,

немесе:

Сұм ажал аямады құтқармады,
Түнеріп судың бетін бұлт шарлады –

деп, табиғат көрінісі мен ішкі тебіреніс егіздеу тәсілі арқылы үйлестіріледі. Мұндай қолданыс эпостық жырларда айрықша орын алса, Мұса Асайынов поэзиясы да авторлық суреттеу мен қаһармандардың диалог – монологтарына құрылған эпостық баяндауы арқылы ерекшеленеді. Бұл орайда оның «Аңшы аңызы» [75] поэмасын атауға болады. Поэмадағы басты кейіпкер – адам емес, оқиға, іс-қимыл болып табылады. Ғалым З.Сейтжанов эпостық туындылардың ерекшеліктерін анықтауда өз ойын айтып, тұжырымдайды. Ол: «Негізгі ерекшелігі сол – нақты тарихи эпоста жыршы басты оқиғаны көрсетуді мақсат етеді. Ал қаһармандық эпостардың сюжеттік желісінде эпикалық батырдың ғажайып туысынан хабардар ететін кіріспе болады» [95, 82] – деп жазады. Мұса Асайыновтың «Аңшы аңызы» [75] поэмасында З.Сейтжанов – анықтаған нақты тарихи эпосқа тән ерекшеліктерді анықтауға болады. Яғни нақты тарихи жырда кейіпкерлердің күші, батырлығы айтылмайды, оның қимыл, іс-әрекеті анық көрсетіледі. Және поэмада нақты өмір құбылысындағы қатардағы адам бейнесі беріледі. Яғни, ақын аңшы Қонақбайдың аңға шығуын, көл бетіндегі сусып жүзген қазға кезігуін, аңдып, жеті балапанына қарамастан мылтықтың шүріппесін басып, атқан оғынан жараланып, жанашырлық күй кешуін, таңдайға татырлық істі, сонымен бірге табиғат өзгерісін оқиға желісінде өрбіте суреттеп, баяндайды. Көркем құралдардың бір түрі – қайталау тәсілі эпостық жанрға тән болса, поэмада – негізгі тәсілдердің бірі болып табылады.

Мәселен:

Оңаша айдынды еркін тойлап жүрген.

Дара қаз емес екен бойдақ жүрген.
Бар екен жеті бірдей балапаны -
Қамыстың тасасында ойнап жүрген.

Немесе:

Сол кезде қамыс жақтан шу да шықты,
Жарық етіп қаз жарықтық суға шықты.
«Аңдаусыз ажал» деген осы екен ғой,
Мылтыққа маңдай тосып тура шықты.

Жалпы Мұса Асайынов поэмасының өн бойынан қайталау тәсілін жиі ұшыратуға болады.

Екі затты салыстыру арқылы олардың көркемдік мәнін ашып, эстетикалық әсерін арттыруда теңеудің қызметі ерекше болып келсе, поэтикалық өрнектің осы бір түрі де ақын қолданысында шебер беріледі. Мәселен, ақын:

Жүгіріп аңдай орғып, оқтай ұшып,
Ісі жат қауіп – қатер жоқтай күшті.

Немесе:

Қала ма жеті сәби жетім болып,
Маржандай қирап қалған жүзіктегі –
деп бейнелі суреттейді.

Поэзия жанрының басты тақырыптарының бірі – ұйқас. Белгілі бір ойды бейнелі түрде жеткізуде ұйқастың атқаратын міндеті өте зор [96, 5].

Яғни, поэзия ұйқастан тұрады да, ұйқастың өзі бірнеше түрге бөлінеді. Мәселен, нақты тарихи эпостарды жырлаған ақын, жыршылар екі түрлі ұйқасты пайдаланған. Бірі – он бір және жеті, сегіз буынды қара өлең /ааба/ ұйқасы, екіншісі – он бір және жеті, сегіз буынды кезекті /аабб/ ұйқас [97, 105].

Мұса Асайынов поэзиясы эпостық жанрға тән ұйқастың бірінші түріне құрылған.

Мәселен,

Мейлі, достым, көңіл жық,	а
Сүйсем, сүйем өмірлік.	а
Ағынан жарыл, ағынан,	а
Не керек кара көңілдік.	а

Немесе:

Қарай берші, ұнап тұр ғой осының,	а
Лебін сезем жүрегіннің отынын	а
Құшағыма қуанышым сыймай тұр	б
Жазылатын жырдың шетін оқыдым —	а

деп, келген өлең жолдарының алғашқысы төрт тармақты жеті, сегіз буынды қара өлең ұйқасы, соңғысы он бір буынды ұйқасқа құрылған. Әсіресе он бір буынды ұйқас түрі көбірек ұшырайды, яғни бұл ұйқастың түріне ақын ұсақ өлеңдері мен толғау, поэмасын құрып туындаған.

Он бір буынды қара өлең ұйқасы әнге бейім ағыммен үйлесіп отырады. Бұл орайда Б.Кенжебаев «Қара өлең шырқамалы, ырғақты әнмен айтылады» [30, 264] деп келсе, «Қара өлең дауысқа негізделеді» [87, 206], «Қара өлең ұйқасы міндетті түрде белгілі бір әуенмен айтылады» десек – пікірлер де ойымызды негіздей түседі. Мәселен, ақынның «Мөлдір көздер» өлеңі әнмен орындалып, елге танымал болған, себебі әнмен айтылған өлең тез тарап, ұзақ өмір сүрген, әсерлі болып келген.

Мұса Асайыновтың қай өлеңін алып қарамайық бәрі бір үнмен, әсем де, әдемі әуезбен тұтас ұйқасады. Бұдан ақынның өлең құрылысына асқан жауапкершілікпен қарағанын сезінуімізге болады.

Ұйқас өлең сөздің ырғағын күшейтуге себін тигізеді, өлеңнің әуезділігін арттырады [87, 343]. Ұйқастың өзара үйлескен тармақтарының кезектесу ретіне қарай сан түрлі болып келсе, ақын өлеңдері қара өлең ұйқасынан басқа, шұбыртпалы ұйқас, шалыс ұйқас, кезекті және ерікті ұйқас, аралас ұйқас, осы күнгі ерікті ұйқас түрлеріне құрылған.

Мәселен,

1. Қара өлең ұйқасы [а, а, б, а]

Арман жоқ әннен болса табытым	а
Тірі жанға түспей өтсін сабытым.	а
Өліп кетсем бейітімнің басында	б
Сандуғаштай сайрап тұрар шабытым.	а

2. Шұбыртпалы ұйқас [а, а, а, а, а]

Асылым-ау, ептеші	а
Сыр төкпеші,	а
Кең пейілім болмасыншы өкпеші	а
Жалынды деп жазғырмашы, сөкпеші,	а
Көлеңкеде зарықтырып кетпеші.	а

3. Шалыс ұйқас [а, б, а, б]

Оқжетпестей тас болсаң,	а
Шабытыңды қайрармын.	б
Бура болып бұрқансаң	а
Бұйда салып байлармын.	б

Ақын поэзиясында қазақ поэзиясында жиі кездесетін ұйқастардан тек егіз ұйқас түрі ғана кездеспейді.

Сонымен ақынның он бір буынды өлеңдері – кара өлең ұйқасына құрылған, шұбыртпалы, еркіті, кезекті, шалыс, аралас келетін ұйқастар негізінен оның жеті, сегіз буынды өлеңдеріне тән. Ақын поэзиясында кара өлең ұйқасына құрып жазу – заңдылық болып табылады.

Мұса Асайынов өлеңдері ойдың бітуіне қарай екі шумақты және одан да көп шумақты болып келеді. Мәселен, «Көктем» өлеңі екі шумақтан тұрса, «Шабытым», «Теңіз» өлеңдері үш шумақтан тұрады. Сол сияқты төрт шумақты, бес шумақты өлең жолдары бірнеше шумақты өлеңге дейін жетеді. Шумақ тармақ санына қарай әртүрлі болып келеді. Яғни, «Ол ойдың бітуіне қарай» [96, 162].

Ақын өлеңдеріндегі ой төрт тармақты өлең шумағына құрылады, сонымен бірге, бірнеше тармақтар шумақтарға бөлінбей түйдек – түйдек ағытылып жатады. Яғни, «Түйдек көбінесе шумақтан төмендірек, ұзағырақ болып келеді» [76, 154].

Мәселен,

Көкорай шалғын қойыны,
Тіл үйірген мойылы,
Сілеті мен Текелі
Әуелден байлық мекені,
Шақырып шабыт, толғанып,

буынды, жеті буынды тармақты шумак өлендер қазақ поэзиясында ерте кезден өте жиі қолданылып келеді. Мәселен, сал – серілер поэзиясындағы үлгілердің бірі – Үкілі Ыбырай өлендері негізінен осы өлшемдерге құрылған.

[Өн салып,] [сері болып] [талаптандық,]
[Тындамай] [ақылын да] [барлық жанның.]
[Бөркіме] [үкі тағып] [сәндеп келіп,]
[Жолына] [түспей кеттім] [дүние, малдың.]

Сызба үлгі түрінде былай көрсетуге болады:

[XXX] [XXXX] [XXX]
[XXX] [XXXX] [XXX]
[XXX] [XXXX] [XXX]
[XXX] [XXXX] [XXX]

Яғни, тармақтағы буын саны [3 – 4 – 4]. Өлшеммен келіп, үш бунақтан құрылған.

Ұйқасушы сөз әр текті сөз үлгілерінен.

1. Зат есім мен етістіктен:

Хат сұрайды алдымдағы тал шыбық,
Мен отырмын ауылды ойлап жан шығып.
Жүрегімді мазалайды сағыныш,
Теңіз көріп, жырға тұрдым малшынып.

2. Зат есім мен зат есім:

Мың сәлем, Ахмет аға, өр Көкшеден,
Кәде ал Арқадағы жыр кестеден.

Немесе:

Сары аяз бен күннің дүлей дауылын,
Елемедік, сүмбіленің жауынын.

3. Үстеулерге негізделген ұйқастар:

Сабасында толып тұрар әрдайым,
Тәтті жырды тамылжытам балдайын.

4. Етістік пен етістік ұйқасы:

Ақымақтың өсегіне жүгінбе,
Шендімін деп шертілгенге бүгілме.

Немесе:

Өнердің таң тамаша сыр тыңдатып,
Үйретті маған жастай жыр жырлатып.

Сөйтіп ұйқасушы мүшелер әртүрлі сөз таптарынан жасалады [97, 100].

Поэзиялық жанрға тән ерекшеліктердің бірі – дыбыс қайталаушылық.

Сұлу қыз су сабалап жұлқынады,
Сан түрлі қимыл жасап сыр құрады.

Немесе,

Бір нөсер толастамас жаңбыр болып,
Бір ғасыр жатты алдында даңғыл болып.
Бауырынды Алатаудың туған бала
Жер – көкке жыр тарттың Жамбыл болып–

деп келген өлең шумақтарында дыбыс қайталау тәсілінің ерекшелігін айқын байқауға болады. Яғни, бірінші екі тармақта «С» дыбысы қайталанған және дыбыстық жағынан үндес сөздер үйлесіп келген. Кейде дыбыс қайталама сөзді қайталау арқылы да жасалады [87, 133].

Мәселен, келтірілген өлең шумағындағы «бір», «болып» сөздері қайталанып келіп, өлеңнің үнділігін арттырып, мағыналық жағынан да үйлесіп жалғаса береді. Яғни, ақын «бір» сөзінің қайталау арқылы мағынасына көңіл аудару үшін қолданылады. Мұндағы айтайын дегені – қарт Жамбылдың жасы.

Жалпы Мұса Асайынов поэзиясында кездесіп отыратын эпитет, тенеу, инверсия т.б. тәсілдер образдылық жүйеде бірін – бірі толықтырып, сән беріп, әсерлі үн қосады. Мысалы:

«Мұқалмапты жүзі алмас қылыштың,
Ашып еді-ау талай бетін ұлы істің
Болашаққа бара жатқан сияқты
Үлкен ойлы, ақылды ұлы шығыстың.

Немесе:

Қуанышта, жанарына қарашы,
Жас көрінді ақ меруерт біріндеп» –

деген жолдарда Шоқан Шыңғысұлын қылыш бейнесінде, көз жасын ақ меруертке ұқсата бейнелі, образды түрде көрсете білген.

Ғалым С. Негимов: «Сөздің поэзиялық, көркемдік қасиеттері айтыс текстерінде айрықша байқалады. Ана тілінің әшекей – кестесін жіті аңғартып, сөздің мағыналық байланыстарының шексіздігін, халық тілінің шалқар байлығын, ұлттық игіліктердің қоңыраудай күмбірлеген түйдек – түйдек, кесек – кесек оралымдарын, сөздік – бейнеліліктің өлшеусіз мүмкіндіктерін эстетикалық, творчестволық тұрғыдан танып, қажетке жарату – халық өнерінің өкілдеріне тән ерекшеліктер» дей келе, Мұса Асайыновтың:

«Уа, менің республикам – гүлістаным!»

Немесе:

Қадірлі шопан, ерлерім–

Падишасы даламның.

Бозала таңнан қой жайып» –

көріністеріндегі поэзиялық лексикалар арқылы ақынның ерекше сөздерді іріктеп алудағы шеберлігін көрсетеді [9, 185].

Мұса Асайынов туындыларының қайсысынан болмасын көркем сөздің шебер қолданысын байқауға болады.

Мына өлең шумақтарынан келтірілген жолдардың өзі-ақ осыны аңғартқандай:

Тау басынан тасқын атқан бұлақтай,

Шабытым тың ала қашар құр аттай.

Немесе:

Мырзашөлдей кең жайылып құшағым,

Ақ көңілмен ақ мақтаңа ұқсадым–

деп, келген өлең жолдарында теңеуді сәтті, үйлесімді етіп қолдана білген.

Жалпы ақын поэзиясынан теңеулерді анықтауда сызба түрінде көрсетуді жөн көрдік. Мәселен, Мұса Асайынов поэзиясында «тіршілік» сөзі мына сөздердің қолданысында берілді.

ТІРШІЛІК:

баладай

даладай

теңіздей

биедей

Немесе:

ШАБЫТ:

аттай
сандуғаштай
найзағайдай

Сол сияқты,

ҚҰШАҒЫМ:

бұлақтай
мырзашөлдей

Сонымен қатар, ақын эпитеттерді орынды қолданып, ыңғайына қарай қажетті қолданысты таба білді. Ана тіліміздегі кейбір сөздерге жаңаша экспрессия жасап, жаңа мағына беру арқылы тың образдар жүйесін жасағаны байқалады. Мәселен «Жыр» сөзі мына қолданыста берілген:

ТӨТТИ – ЖЫР:

Кеме
Дүкені
Дүбірі
Кесте

Сол сияқты «алтын» сөзі де қолданыста жиі кездеседі.

Мұса Асайынов поэзиясында «алтын» сөзі мына қолданыстарда беріледі. Мәселен,

АЛТЫН:

Дән
Түбіт
Аймақ
Бесік

Яғни, ақын қазақтың халық поэзиясында бұрыннан қалыптасқан дәстүрлі сөз нақыстарына сүйенеді.

Ал,

Белгілі күйші, дана жыр тануың,
Көз тартар Көкшегүлдің қылтаңымын–

деп, шабытын, ақындығын, өзін бейнелі сөз өрнегімен таныта білген.

Ассалаумағалейкум күй атасы,
Төбіренді Сырымбеттің қия тасы.

Сексен көл сексен рет аунап түсіп,
Көкшенің қол сілтеді түйе тасы.

Немесе:

Қарт Айыртау ақсақалы желбіреп,
Ол да жетті сені есен келді деп.
Петербургтен оралғанда апандай
Туған елің шықты алдыңнан елжіреп –

және де

Көгілдір Көкше мұнартып,
Жамылып соған жатады,
Кең кеудесі күмбірлеп
Мың түрлі күй тартады –

деп, бейнелі, бедерлі жыр шумақтарын тізбектейді.

Ақын шығармашылығындағы образ үнемі қозғалыста, қимыл – әрекет үстінде көрінеді. Әрбір көркем сөз бөлшегін барынша шынайылық тұрғысында пайдалануға тырысады.

Ақынның өлең, поэма, толғауларының тілі көркем образды, сырлы сөздерге өте бай, яғни жансызға жан бітіріп, сезім толғаныстарымен береді, көз алдымызға, ой – сана әлеміне елестете біледі. Ол дәстүрлі суреттеу, әсерлеу құралдарын орынды пайдалана отырып, жаңа образды мол кіргізген ақын.

Мысалы:

Күндік ғашық – жұтым су,
Онда қандай ләззат бар –

деген үзіндіде, ақын бір күнгісін ойлағандардың махаббаттын «жұтым суға» балап, көркем символмен күшейте түседі.

Біз ақын туындыларынан Мұса Асайыновтың үнемі тың ойлар, көркемдеу құралдарының жаңа бояуларын табуға тырысып отыратындығын аңғартамыз.

Мысалы:

Бауырында сексен көл күлімдеген,
Мөлдірі лайланып бүлінбеген.
Арудың төсіндегі қос анардай,
Қос шалқар қос қолтықта дірілдеген–

я болмаса:

Жүрегімді менің де жалын бойлап,

Отырғанда тұйықтан әнімді ойлап.
Бөлектенген бір үйір ақ бөкендей,
Көз алдымда кетті ғой сағым ойнап–

деген өлең шумақтарындағы «сексен көл күлімдеген», «қ анардай қос шалқар» қолданысындағы тенеулерді бірінен с бірін тоғыстырып, сұлу табиғат көрінісін ару қызға бала образды түрде ұсынса, өз сөзімен «бөлектенген бір үйір бөкенге» теңеп, шынайы суреттеу арқылы жан – жақ бытыраған өз сезімінің пернесін дөп басады.

Ақын Мұса Асайынов әр тақырыпқа ой қозғап, өле поэма, толғаулар туындатқан. Атап айтсақ, арнау өлеңде «Жамбылға», «Еңбек ері Еркінге», «Ақын інілеріме «Құттықтау» (Ахмет Жұбановқа), «Шоқан ескерткішіне «Ұстазға алғыс» [халық ақыны Молдахмет Тырбиұлы: табиғат, туған жер туралы «Көгілдір Көкше» толғауы, «Аңц аңыз» поэмасы, «Тіршілік», «Шабытым», «Теңіз», «Жүр ұшқыны» атты т.б. шағын өлеңдері ақын поэзиясынан ор алады.

Ақынның байқағыштығы мен тапқырлығы, көркемділ шеберлігі – бәрі бір жерден келіп тоғысқан, яғни поэзиясын тілі соны аңғартады. Ақын эпитет, тенеу, метафора, инверс т.б. тәсілдерді образды бейнелеуде үйлестіре, жүйелі, мәнеғ етіп қолдана білген.

Мұса Асайынов туындыларынан көркемдік құралд гажап үлгілерін ұшыратуға болады.

Сонымен, Молдахмет Тырбиұлы, Игібай Әлібайұл Мұса Асайыновтың ақындық шеберлігі – айқындау, тең кейіптеу, символ және тағы басқа бейнелеу құралдарын көркем қолданыстарының көрінісі.

ҚОРЫТЫНДЫ

Бұл зерттеу еңбегімізде жоғарыда айтылған жайлардың бәрін жинақтай келе, былайша ой қорытып, түйін түйер едік.

Көкшетау, Қызылжар өңірі әнші ақындарға кенде болмағаны белгілі. Кезінде әнімен де, сөзімен де сусындатқан бірқатар ақын, әнші, жыршылардың өмірбаяны мен өнерпаздық жолдары туралы зерттеулер, деректер, мағұлматтар берілсе, бірқатар өнерпаздарымыз және олардың әдеби мұралары жайлы зерттеулер жоқтың қасы деуге болады. Осы бағытта Молдахмет Тырбиұлы, Игібай Әлібайұлы, Мұса Асайыновтың шығармашылық өмірбаяны мен әдеби мұрасының зерттелуі мақсат етілді.

Ақындар жайлы қысқаша мәлімет «Аындар» (1956 ж.), «Пернедегі термелер» (1965 ж.), «Қазақтың қазіргі халық поэзияс» (1973 ж.), «Ақындар-жыраулар» (1979 ж.) анықтамалығында беріледі. Олардың шығармашылық өмірлері жайлы облыстық баспасөз беттерінде естелік, мақалалар арқылы оқырман қауымға танымал етіліп отырды. Осынау мәліметтерден басқа да зерттеу жұмыстарының нәтижесінде Молдахмет, Игібай, Мұса ақынның шығармашылық өмірбаяндары жайлы деректер мен мағұлматтар анықталады.

Халық ақындарының өмірбаяндарына қарағанда, біріншіден ақындық, әншілік, жыраулық өнердің дәстүрлі жалғастығы, екіншіден, әрбір аймақта белгілі бір шығармашылық мектептің қалыптасқандығы аңғарылады. Мәселен, Сыр бойы, Жетісуда айтыс ақындарының, Арқада әнші – ақындардың көбірек болуы.

Мұндай мектептердің, дәстүрдің болуы – әрине өз жалғастығын табатындығына күмән келтірмейді. Осынау құбылысты жалпы қазақ әдебиеті тарихындағы белгілі ақындарымыздың шығармашылық өмірінен де байқауға болады.

Молдахмет Тырбиұлы, Игібай Әлібаев, Мұса Асайыновтың өнерпаздық болмысында байырғы ақындық – әншілік, сал – серілік дәтүрдің тұтастығы, сабақтастығы анықталды. Бұл орайда, біз мына бір жайларға көңіл аудардық,

яғни үш ақын да ән мен жырға тербелген Арқа жерінің перзенттері, екіншіден, ортақ шығармашылық мектептің болуы, үшіншіден, әлденеше өнердің бір адамның бойынан табылуы. Молдахмет Тырбиұлы, Игібай Әлібаев, Мұса Асайынов – үшеуінің халық ақындары ретінде танылуы, сонымен бірге шығармашылық жолдарындағы сабақтастық, оған қоса рухани байланыс-қатынастар да – ақындық дәстүрдің жалғастығын анықтауда негіз болды.

Сал-серілер поэзиясына тән ерекшеліктерді көрсете отыра, Молдахмет Тырбиұлы, Игібай Әлібаев, Мұса Асайынов шығармашылығының негізінде солтүстік аймақта сал-серілер поэзиясы дәстүрінің жалғастығы анықталды.

Бұл орайда, Е. Ысмайылов сал-серілерде ақындық, әншілікпен қатар күйшілік, композиторлық, би, спорт өнерлері болатындығын айтады.

Иә, әлденеше өнердің бір адам бойынан табылуы сал-серілікке тән құбылыс. Осынау сабақтастықты Молдахмет Тырбиұлы, Игібай Әлібаев, Мұса Асайынов шығармашылығымен айқындауға болады.

Яғни, біз қарастырып отырған ақындарымыздың бойынан ақындық, әншілікпен қатар, орындаушылық, сазгерлік өнердің табылатындығын байқаймыз. Олар ән-жыр орындап, өлең шығарып қана қоймай, сол өлеңдеріне ән шығарып, өзіндік мақаммен, әуенмен шебер орындай білген. Мәселен, Молдахмет Тырбиұлының «Аттан ауылым» әні күні бүгінге дейін, ел арасында айтылып жүр. Олардың әндері, сөздері халық арасына тез сіңісіп кеткен. Әрине, бұл әннің өлең мәтіндерінің мән-мағынасына лайықтап айтылуында деп түсінеміз. Ырғақты сөздің сазбен, ырғақпен біте қайнасқан бағзы байланысы, яғни синкретті өнер ақын – әншілерге тұтастай хас өнер деп тұжырымдаймыз.

Қазақ әдебиетінің тарихында сал, серілер ақындықты, әншілікті, саятшылықты, мергендікті, күлдіргілікті, қуақылықты қатар ұстанған халық өнерпаздары екендігі жайлы ой-пікірлер бары даусыз.

Бұл орайда, біз бүгінгі күнге сал-серілікке тән ерекшеліктердің сарқыншақтары ғана жетті деп айта аламыз. Себебі, уақыт өтіп, заман өзгерген сайын, сал-серілік дәстүр де өз жалғастығында өзгеріп отырған.

Ғалым Ш.Керімов сал-серіліктің Сегіз сері, Ақан сері, Біржан сал, Дәурен сал секілді талантты өнерпаздардың есіміне қатысты ғана сақталғанын айтса, халық ақындары дәстүрлі осынау өнерді ірі тұлғалардың мектебінен өтіп, сусындап барып, бүгінгі күнге жеткізе алды дейміз. Яғни, дәстүр жалғастығы белгілі бір ортада мектептің болуымен байланысты екендігі белгілі.

Демек, сал-серілер поэзиясының жалғас табуында және қалыптасуында Сегіз сері, Біржан сал, Ақан сері мектебі бастау болды. Ал олардың өнерін кейінгілерге жеткізу осынау өнердің үздік өкілдері Үкілі Ыбырай, Ағаш аяқ, Иманжүніс, Балуан Шолақ, Әсет, Қайып Қарабайұлы, Жаяу Мұса, Уайіс т.б. үлесіне тиеді.

Серіліктің көне дәуірдегі көріністері, оның жалғас табуы ұлттық әдебиеттану, фольклортану ғылымындағы айқындалмаған құбылыс.

Дегенмен, қазақ әдебиеті тарихында сал-серілік өнердің қалыптасуы мен дамуы оның өкілдері жайлы Ә.Марғұланның, Е.Ысмайыловтың, Б.Кенжебаевтың, Л.Ерназаровтың, С.Қасқабасовтың, С.Негимовтың, Е.Тұрсыновтың, Б.Ш.Абилқасымовтың, Қ.Сыдиқовтың, т.б. ой – пікірлері, музыка мамандары А.Жұбанов, И.Жақанов, З.Қоспақов, Б.Ерзакович, А.Затаевич еңбектерінің маңызы өте зор.

Сал-серілік өнері қазақтың ұлттық дәстүрі деп қарастыруымыздың да мәні зор. Өйткені дәстүрді зерттеу халық поэзиясының эстетикалық табиғатын, өзіндік ерекшеліктерін ашуға мүмкіндік туғызатыны хақ.

Сонымен, ХХ ғасырдың бірінші жартысында солтүстік аймақта белгілі бір ортаға арна болған Арқа жеріндегі дәстүрі қалыптасқан ақындық мектеп, ал оның тамыры сал-серіліктен өрбитіні белгілі. Сал-серілікке тән емін-еркін өмір сүру, халық көңілін көтеріп, қызықты тұрмыс құру талпынысы ақындық

дәстүрде де өз мәнін жойған жоқ. Сонымен қатар, бұқа халықтың рухани қажеттілігін өтеу пейілі бар.

Сал-серілер поэзиясына тән ерекшеліктердің бірі – заманына сай өзгеріс – құбылыстарды музыкалық – поэзиял бірлікте танытып насихаттау болса, ақындық мектеп қалыптасқан ортада да осынау құбылыстың жалғасты байқалады. Демек, біз оларды замана жыршылары д қараймыз.

Сал-серілік поэзияға тән осынау ерекшеліктердің бүгін күнге дейін сақталуы – ақындық мектептің басты сипаты бол табылады.

Сондай-ақ, Молдахмет Тырбиұлы, Игібай Әлібаев, Мұ Асайыновтың шығармашылық зертханасы, кейбір жы толғауларының туу тарихы қарастырылады.

Молдахмет Тырбиұлы өміріне қатысты көзі көрг қариялар мен туысқандарының мәлімдемелері және арх жұмыстарының негізінде материалдар жиналып, дерект сұрыпталды.

Зерттеу барысында ақынның туған жері, жылы, баспа жарық көрмеген өлеңдері анықталып, ақын жерленген құлпыт суретке түсірілді.

Ақын шығармашылығын анықтауда мына бір жайлақ көңіл аудардық:

біріншіден, ақын Молдахметтің жасынан өнерге құшт болып өсуіне, әкесінің желпуі, ықпалы тиген деген ой түйем Себебі әкесінің домбыра тартып, ән айтатын өнері болған;

екіншіден, Молдахмет Тырбиұлы – сал-сері поэзиясының үздік өкілі Үкілі Ыбырай Сандыбайұлының жиі болып табылады, яғни ақындық өнердің туыстық жолдарм берілу мүмкіндігі болғандығын тұжырымдаймыз;

үшіншіден, белгілі бір шығармашылық мектептің болу оның кемелдене дамуы белгілі бір ақынның қалыптасуына з ықпал болғандығы анықталды.

Молдахмет Тырбиұлының шығармашылық берік жо түсуі жиырмасыншы жылдардан басталады. Оның өз заманы сай ақындық даусы қалыптасады.

Ақын даусы, әсіресе, Ұлы Отан соғысы жылдарында ерекше екпінді естіледі. Оның өлеңдері, негізінен, саяси-әлеуметтік тақырыпқа арналады.

Ол кемелденген шағында ақындар айтысына қатысып, жүлдеге ие болады. Ақын Нұрқан Ахметбековпен айтысқа түседі.

Ақын Игібай Әлібайұлының да шығармашылық жолы домбыра тартып, ән айтудан басталады. Ақын Игібайдың өз әкесі Тәжібай, оның ағасы Әлібай (Игібайды бауырына басып, бала етіп алған) бәрі әнші, өлеңші өнерпаз болған. Бұл адамдар атақты Біржан салдан тәлім алған екен.

Игібай Әлібаев ұстаздық еңбегін өнермен ұштастыра білді. Ол 1925 жылы Мәскеу мен Ленинградта өткен қазақ өнері шеберлерінің концертіне қатысады.

Игібай Әлібайұлының өмір жолы жайлы Сәбит Мұқановтың «Өмір мектебі» трилогиясында, «Адасқандар» романында айтылады.

Игібай Әлібайұлының шығармашылық өмірінің мақсаты – ән орындаумен бірге өнер әлеміндегі қайталанбас тұлғалардың әндерін кейінгі ұрпаққа жеткізу, таныту, сақтап қалу. Бұл орайда, ақын Үкілі Ыбырайдың «Шалқыма», «Қызыл асық», Біржан салдың «12-ші взвод», «Ақсеркеш», Ақан серінің «Жастық», «Ақтоты» т.б. әндерін таспаға жазуда ат салысады.

Ақын өмірінде, әсіресе, 70 жылдар іші елеулі кезең болып табылады. 1970 жылы оның бірнеше өлеңдері Республика ақындарының жинағына және 1972 жылы «Еңбек күйі» атты жинаққа енеді, ал 1974 жылы ақынның «Айтуар» атты өлеңдер жинағы жарық көреді.

Ақын туралы сөз болғанда, оның сазгер ақын екендігін де айтуымыз керек. Ол «Біржан ауылында», «Сол бір кез менің есімде», «Наз қоңыр» т.б. өлеңдеріне ән шығарып, орындап жүрген. Сәбит Мұқановтың «Адасқандар» романында «Наз қоңыр» өлеңінің әні Игібай әншінікі екендігі айтылады.

50-ші жылдардан бастап Игібай Әлібаев ақындар айтысына қатысады. Ол Ахметжан Нұртазинмен, Мұса

Асайыновпен, Уахит Темірбековпен, Темірғали Қасеновпен сөз сайысына түседі.

Мұса Асайыновтың өмірі мен шығармашылығына тоқталатын болсақ, алдымен оның Үкілі Ыбырай Сандыбайұлының немере інісі екендігіне назар аударар едік. Ол Ахмет Жұбановқа арнаған «Құттықтау» деп аталатын өлеңінде:

«Белгілі күйші, дана жыр тануың,
Көз тартар Көкшегүлдің қылтаңымын.
Кім десең, атым Мұса, тұлпар тұяқ
Үкілі Ыбырайдың ұрпағымын», – деп

мақтана жырға қосады.

Бұл орайда, ақын Мұсаға Тайжан Қалмағамбетов, Молдахмет Тырбиев және Кәкімбек Салықов ағамыздың да туыс екендігін айтамыз. Себебі, туыстық қатынастар олардың өнерлерін ұштай түседі.

Ақын шығармашылығы әсіресе алпысыншы жылдары шарықтай өсті. Ол «Көгілдір Көкше», «Тың толғауы», «Батырларға мың алғыс» толғауларын, «Аңшы аңызы» поэмасын, көптеген өлеңдерін жазып, «Қамсақты», «Ауыл», «Мөлдір көздер» т.б. әндерін шығарады.

Сонымен қатар, айтыс өнерінде де ұшқыр ойлы сөздерімен елге танымал болады. Ол Игібай Әлібаевпен, Совет Баймағамбетовпен, Қабиден Жаудинмен, Бикен Сембаевамен айтысқа түседі.

Ата-баба мұрасын бүгінгі күнге жеткізіп, насихаттауда ақын Мұса көп еңбек сіңірді.

Оның орындауымен Үкілі Ыбырайдың, Балуан Шолақтың, Біржан салдың, Ақан серінің әндері күйтабаққа жазылды.

Өкінішке орай, ақын Мұса өмірі қысқа болды. Дегенмен де, Мұса Асайынов ХХ ғасырдағы қазақ әдебиетінде поэзияны одан әрі дамытуда ат салысқан, Үкілі Ыбырай мектебінен шыққан, ата-баба мұрасын бүгінгі күнге жеткізуде, насихаттауда көп еңбек сіңірген мәдениет қызметкері.

Сонымен, Молдахмет Тырбиұлы, Игібай Әлібаев, Мұса Асайыновтың өнер жолындағы өсуі, қалыптасуы, домбыра

тартып, ән айтып, үздік туындыларды насихаттаудан басталса, одан әрі олар ақындық, импровизаторлық таланттарын танытып, айтысқа түседі. Олардың шығармашылықтары арқылы сабақтастықты, ұштастықты да байқаймыз.

Үш ақын да бір ортада, бір мектепте тәрбиеленеді. Сегіз сері, Біржан сал, Ақан сері, Балуан Шолақ, Үкілі Ыбырай т.б. әндерін, орындаушылық шеберліктерінің насихатталуы соның айғағы.

Молдахмет Тырбиұлы, Игібай Әлібаев, Мұса Асайынов ХХ ғасырдың 30-60 жылдар аралығындағы қоғамдық – әлеуметтік ортада қалыптасқан тұлғалар. Олардың терең толғамды, мазмұнды, өзіндік ерекшелігі бар әдеби мұралары қазақ поэзиясының тарихынан орын алуы – құптарлық жай.

Қазақтың айтыс өнерінің алға басып, дамуында да ақын ағаларымыздың еңбегі зор.

Үлгі боларлық осынау шығармашылық тұлғалар, олардың халық қазынасына енген әдеби мұралары, әрине, шәкірт ергізіп, еліктірмей қоймаған.

Үшінші тарауда ақындар шығармашылығының көркемдік-бейнелілік, стильдік ерекшеліктері сипатталып, танытылады.

Қазақ әдебиетінің тарихында ақындардың әр түрлі типтері белгілі. Ақындық дәстүрдің дамуында өзара сапалық өзгешеліктері бар өнер иелерінің даралануы байқалады. Бұл орайда М.Әуезов, Е.Ысмайылов, Т.Тебегенов т.б. еңбектерінде ақындық дәстүр, оған тән ерекшеліктер жайлы ой қорытылады. Аталған еңбектердің негізінде ақындық дәстүрге тән ерекшеліктердің жалғастығын, дамуын, өзгерісін Молдахмет Тырбиұлы, Игібай Әлібаев, Мұса Асайынов шығармаларынан айқындап, олардың өзіндік үлгілерін саралауға тырыстық.

Өнердің алуан түрін бір өздеріне жинақтаған өнерпаз ақындарымыздың қоғамдық-әлеуметтік өмірге араласуы, алдымен олардың дүниетанымына, сезімталдығына, ақындық шабытына байланысты болған.

Ақын ағаларымыздың поэзиясы саяси-әлеуметтік, табиғат тараптарына арналған өлеңдерімен ерекшеленеді. Олар туған жерін, елін, халқын жырларына тиек етіп, елінің елдігін,

өзгеріс-құбылыстарды, жетістіктерді, кемшіліктерді айтып жырлаған.

Осынау сипаты мен мазмұнына қарай олар халық ақындары деп танылды. Халық ақындарының көш басында жыр алабы Жамбылдың тұруы – олардың поэзиясындағы үндестікті аңғартады. Яғни, «Халқым», «Жерім» деп жырлаған жыр шумақтарымен бірге Сталинді, Ленинді мадақтап жырлаған тұстары да кездеседі, ол, әрине кеңестік идеологияның ықпалымен болғандығын түсінеміз.

Молдахмет Тырбиұлы, Игібай Әлібаев, Мұса Асайынов поэзиясының жанрлық жақтан алуан түрлі болып келетіндігіне және негізінен арнауға құрылатындығы анықталады. З.Қабдолов, Қ.Жұмалиев, Н.Төреқұловтың еңбектеріне сүйене отырып, ақын шығармалары негізінен жарлай, сұрау, құттықтау арнауға және жеке бір тұлғаларға, еңбек озаттарына, еңбек адамдарына арналатындығы көрсетілді.

Мысалы, Молдахмет Тырбиұлының «Қарт ақынға», «Ақан серіге», «Жәкене», «Құттықтау», «Абайға», Игібай Әлібаевтың «Абай жыры», «Күләш», «Батырға», «Ұмытпас ұлы ақынды көне тарих», «Домбырама», Мұса Асайыновтың «Жамбылға», «Ақын інілеріме», «Ұстазға алғыс», «Құттықтау», «Батырларға мың алғыс» т.б. өлең, толғауларын атауға болады.

Сонымен қатар, арнауға құрылған толғаулардың хат, терме үлгілері де айқындалды. Мәселен, Молдахмет Тырбиұлының «Сәулеш» толғауы хат үлгісінде берілсе, «Бақытқа халқым кенелген», «Тасқындайды өлеңім» толғаулары термеге құрылады.

Ақын өлеңдерінде сұлу табиғат көріністері мен қызу еңбектің көріністі үйлесіп отырады. Бұл орайда, Молдахмет Тырбиұлының «Көкшенің бауырында», «Көктем», «Май келді», «Көктем жыры» т.б., Игібай Әлібайұлының «Көктем әні», «Жаз күні», «Көктем шумақтары», «Біздің көктем» т.б. өлеңдерін атауға болады.

«Жағасында Есілдің», «Көкшенің бауырында» деп аталатын өлеңдерінен туған жерге деген пәк сезімнің күшін аңғарсақ, Игібай Әлібаев өлеңдерінде кең байтақ қазақ жерінің

тұтастай әсем суретін тамашалаймыз. Оның «Алатау», «Алтай», «Зайсан», «Марқакөл», «Ертіс әні», «Көкшемен сырласқанда» т.б. өлеңдері тізбектеліп, туған жеріне деген тебіренісін, сүйіспеншілігін аңғартады.

Игібай ақынның өлеңдерінде сатиралық кейіпкерлер арқылы өмірдегі келеңсіз қылықтары сыналғандығы байқалады. Бұл орайда, Игібай Әлібаев «Сандалбай» деген өлеңінде сенделіп жүрген безгелдендерді сынап, ақыл берсе, «Шылымшылардың кейбіріне» деген өлеңінде «Күл шоғын түсіріп, былш – былш түкіріп, айнала былғап, кетеміз жырлап» деп жағымсыз қылықтарды әжуа етеді. Ал, Молдахмет Тырбиұлының «Пысықтар» деп аталатын өлеңінде елді алдап-арбап жүрген ел басшылары келеке етіледі.

Молдахмет, Игібай ақындардың өлеңдерінің бір тобы адам өміріндегі жастық шақтың өтіп, кәрілік кірген кезіне арналады. Бұл орайда Молдахмет Тырбиұлының «Қайран жастық», Игібай Әлібаевтың «Жас шағым», «Қош бол, жастық», «Кәрілікке» деген өлеңдерін айтуға болады. Ақындар өлеңдерінде жігіттік жас кездерінің өткенін өкінішпен жырласа, бақытты жас өмірді келешек ұрпаққа тілейтіндерін айтады. Олардың кәрілік, жастық шақ турасындағы ой-толғаныстары Ақан сері, Үкілі Ыбырай, Жанақ, Шал ақын өлеңдерімен салыстырыла қаралып, орайласып жататындығы анықталды.

Сонымен, Молдахмет Тырбиұлы, Игібай Әлібаев, Мұса Асайынов шығармаларын тақырыптық-идеялық, жанрлық жақтан саралай келе, ой қорытатын болсақ, біріншіден, олардың поэзиясы жанрлық жағынан алуан түрлі және негізінен арнауға құрылады, екіншіден, шығармаларының мазмұны саяси-элементтік тақырыпқа құрылған, үшіншіден, Молдахмет, Игібай, Мұса ақынның шығармаларында халық поэзиясына тән қалыптасқан дәстүрдің жалғастығы, үндестігі байқалады.

Сонымен қатар, ақын ағаларымыздың шығармаларының өзіндік ерешеліктері де анықталады. Яғни, Молдахмет Тырбиұлы поэзиясында жыраулық поэзияға тән сипаты, Игібай Әлібаев, Мұса Асайынов поэмаларына тән эпостық баяндау тәсілі байқалады.

Молдахмет Тырбиұлы, Игібай Әлібаев, Мұса Асайынов шығармаларындағы көркемдегіш құралдырдың қолданысына тоқталатын болсақ, олардың шығармаларында тілге өң беріп ажарлау, әр үстеп құбылту, әсемдеп айшықтау тәсілдерінің көркем үлгілерін кездестіре аламыз.

Мәселен, Молдахмет Тырбиұлының «Сылқ-сылқ күлген сұлудай сылаң қағып, сырласқандай сыбырмен сырғи ағып», немесе «Жұтқыншақтың жылтылдап жұмырындай, Ойнақ салған ортада құлын-тайлар» деп келген өлең жолдарында «С», «Ж» дыбыстарының қайталануы әсем үйлескенін байқаймыз.

Жалпы ақын өлеңдерінде айқындау, теңеу, кейіптеу, қайталаулардың шебер қолданысын, көрікті үлгілерін ұшыратамыз.

Игібай Әлібаев өлеңдерінен образдар жүйесін қалыптастырудағы шеберлігін, байқампаздығын танимыз. Мәселен, оның «ақ», «алтын» сөзінің қолданысымен келген үлгілері рең-түстердің ұғымы мен символдық мазмұндар қызметінде беріледі және олардың бәрін дәстүрлі сөз кестелері деп айта алмаймыз. Өйткені автордың қиялынан туған өзіндік қолданыстар да кездеседі. Сонымен қатар, айқындау, теңеу, қайталаулардың көркем үлгілерін байқаймыз.

Мұса Асайынов поэзиясы авторлық суреттеу мен қаһармандардың диалог-монологтарына құрылған эпостық баяндауы арқылы ерекшеленеді. Сол себепті эпостық жанрға тән егіздеу тәсілі, қайталау тәсілі орайына қарай көркем үйлестіріліп отырады.

Мәселен, ақын бір күнгісін ойлағандардың махаббатын «Жұтым суға» балап, көркем символмен күшейте түседі.

Сонымен, Молдахмет Тырбиұлы, Игібай Әлібаев, Мұса Асайынов поэзиясының тілі көркем образды, сырлы сөздерге бай; олар дәстүрлі суреттеу, әсерлеу құралдарын орынды пайдалана отырып, жаңа образдарды енгізе алған; олар әрбір көркем сөз бөлшегін барынша шынайылық тұрғысынан көрсете білген.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Жұбанов А. Замана бұлбұлдары. – Алматы: Дайк-Пресс, 2001. – 440 б.
2. Ысмайылов Е. Жамбыл және халық ақындары. – Алматы: Санат, 1996. – 240 б.
3. Қазақ әдебиетінің тарихы. I т. Екінші кітап. – Алматы: Қазақ ССР Ғылым Академиясы, 1964. – 389 б.
4. Керімов Ш. Өнші ақындар поэзиясындағы дәстүр мен даралық мәселесі. – Алматы: 1991. – 155 б.
5. Сыдиқов Қ. Ақын-жыраулар. – Алматы: 1974. – 239 б.
6. Жұбанов А. Орталық Қазақстанның бұрынғы музыкалық дәстүрі. Қазақ Ғылым Академиясының хабарлары. Көркем өнер зерттеу сериясы. Бірінші кітап. - Алматы: 1999. - 136 б.
7. Мусин Ж. Жер шоқтығы Көкшетау. – Алматы: Жалын, 1989. – 169 б.
8. Ақын-жыраулар. – Алматы: Ғылым, 1978. – 136 б.
9. Негимов С. Ақын-жыраулар поэзиясының бейнелілігі. – Алматы: Ғылым, 1991. – 200 б.
10. Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. – Алматы: 1984. – 184 б.
11. Диваев Ә. Тарту. – Ташкент: 1924. – 184 б.
12. Затаевич А. 1000 песен казахского народа. – Алматы, 1963. – 476 б.
13. Қазақ совет энциклопедиясы. 7 т. – Алматы: 1975. – 18 б.
14. Ысмайылов Е. Ақындар. – Алматы: Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1956. – 332 б.
15. Тұрсынов Е. Қазақ ауыз әдебиетін жасаушылардың байырғы өкілдері. – Алматы: Ғылым, 1976. – 200 б.
16. Марғұлан Ә. Күйді ерттеп, әнді мінген кеменгерлер. Жұлдыз, 1983. №9. – 213 б.
17. Киргизско-русский словарь. Сос. Юдахин. – М., 1965. – С. 624.
18. Пекарский Э.К. Словарь якутского языка. Т.1. – М., 1959. – С. 777.

19. Туркменско-русский словарь. – М., 1966. – С. 561.
20. Қыз Жібек. – Алматы: 1963. – 64 б.
21. Аманжолов С. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. – Алма-Ата: 1959. – С. 401.
22. Арешян Е.Е. Роль неоследных скотоводов в развитии цивилизации Евразии. Мына кітапта: «Взаимодействие кочевых культуры древних цивилизации. – Алма-Ата: 1989. – 223 б.
23. Тебегенов Т. Әдебиет тарихы. – Алматы: Ғылым, 1999. – 205 б.
24. Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1985. Т.17. – 352 б.
25. Әуезов М. Дхамбул и народные ақыны. – В кн.: Әуезов М. Жиырма томдық шығ. жин. Т.18. – Алматы: Жазушы, 1985. – 424 б.
26. Бердібаев Р. Роль сказителей в системе эпической традиции тюрко-монгольских народов. – М., Наука, 1980. – С. 35-45.
27. Кенжебаев Б. Әдебиет белестері. – Алматы: Жазушы, 1985. – 152 б.
28. Жұбанов А. Өскен өнер. – Алматы, Ғылым, 1985. – 248 б.
29. Тәжібаев Ә. Өмір және поэзия. – Алматы: Жазушы, 1995. – 364 б.
30. Қабдолов З. Сөз өнері. (Әдебиет теориясының негіздері). – Алматы: Мектеп, 1982. – 368 б.
31. Новиков Н. Советские фольклористы и современности Русский фольклор. – М-Л., 1999. – 150 с.
32. Сәуле Молдахметқызы сұхбатынан. Солтүстік Қазақста облысы, Шал ақын ауданы, Еңбек кеншары, 1998 жылды 10 ақпаны.
33. Малдыбаев Ш. Молдахмет. «Көкшетау» газеті, 1990. 2 қыркүйек.
34. Соғыс ардагері, Петропавл қаласының тұрғыны Қайырбе Сыздықов сұхбатынан, 1998 жыл. 4 сәуір.
35. Аманжол Қошанов сұхбатынан. – Алматы: 1999. 4 наурыз

36. Кәкімов Т. Арқаның ардақтысы. «Ленин туы», 1972. 7 қазан.
37. Қоспақов З. Сыр тартсақ тарихынан әншілердің. – Алматы: Ғылым, 1996. – 120 б.
38. Әуезов М. Жамбылдың айтыстағы өнері. Известия АН КазССР, Серия литературы, 1948. – 100. С.
39. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. – Алматы: Ана тілі, 1996. – 240 б.
40. Салықов К. «Зерде» журналы. – Алматы: 1998. №4, 5, 6, 8.
41. Салықов К. Сыр. Поэмалар мен өлеңдер. – Алматы: Жазушы, 1970. – 199 б.
42. Нұртазин А. Орман жыры. - Алматы: Жазушы, 1979. - 120 б.
43. Мұқанов С. Өмір мектебі. Таңдамалы шығармалар. 11 т. – Алматы: Жазушы, 1977. – 320 б.
44. Еңбек күйі. Халық ақындарының өлең, толғаулары. – Алматы: Жазушы, 1972. – 152 б.
45. Әлібаев И. Айтуар. – Алматы: Жазушы, 1974. – 66 б.
46. Игібай Әлібайұлының шежіресі Қайырбек Сыздықовтан жазып алынды. 1999 жылдың 28 наурызында.
47. Сыздықов Қ. Дүлдүл Иекең. «Ленин туы», 1993. 20 ақпан.
48. Сауытбеков С. Игібайға ілтипат. «Ауыл арайы», 1990. – 5 мамыр.
49. Жекеев Ш. Орындалған аманат. «Ленин туы», 1993. 20 ақпан.
50. Петропавл қаласының тұрғыны, Ұлы Отан соғысының ардагері Көкен Қопышев сұхбатынан. 1998 жылдың 9 қарашасы.
51. Таспа лента Ж.Т.Қадыровтың жеке қорында сақтаулы.
52. Омаров І. Ескі мұра жаңа мазмұнда. Ұлт тағлымы, №4, 5, 1999. – 137 б.
53. Игібай Әлібайұлының ұлы Жалбырдың сұхбатынан. Смирнов қаласы, 1998 жылдың 10 тамызы.
54. Темірбеков У. Ел еркесі. Өлең. «Ленин туы», 1973. 30 маусым.
55. Малдыбаев Ғ. Самғай бер. «Ленин туы», 1973. 30 маусым.

56. Мұстафин Б. Әні кетпес құлақтан. «Ленин туы», 1983. 20 мамыр.
57. Қызылжар қаласының тұрғыны, Сәркен Барқытов сұхбатынан, 1997 жылдың 5 қаңтары.
58. Қазақ поэзиясының антологиясы. – Алматы: Ғылым, 1993. – 250 б.
59. Шежіре Сүлейменов Ағзамнан 1988 жылдың 1-ші қарашасында жазылып алынды. Айыртау ауданы, Өскен ауылы.
60. Әнші, сазгер Кәрім Ілиясов сұхбатынан. – Көкшетау қаласы, 1996 жылдың 1-ші шілдесінде.
61. Есекеев Ж. Асқақ әнші, дарынды ақын. «Көкшетау» газеті, 1994. 26 мамыр.
62. Қазақстанның халық ақыны Көкен Шәкеевтің аузынан 1998 жылдың 4-ші шілдесінде жазылып алынды. – Көкшетау, 4 шілде, 1998.
63. Қажыбаев Т. Қанатын шаршы топта самғай қаққан. //Көкшетау правдасы, 1989, 19 тамыз.
64. Сейдеханов К. Қазақтың Ұлы Отан соғысы кезіндегі халық поэзиясы. – Алматы: Ғылым, 1974. – 310 б.
65. Кәкішев Т. Қазақ әдебиеті сынының тарихы. – Алматы: Санат, 1994. – 448 б.
66. Пернедегі термелер. Халық ақындарының шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1965. – 61 б.
67. Қазақтың қазіргі халық поэзиясы. – Алматы: Ғылым, 1979. – 136 б.
68. Хамзаұлы Қобылан. Молдакең айтыпты. «Ленин туы» газеті, 1991, 21 маусым.
69. Малдыбаев Ш. Молдахмет. «Ленин туы» газеті, 1989, 30 қараша.
70. Сыздықов Қ. Көз көрген. «Ленин туы» газеті, 1989, 16 желтоқсан.
71. Айтыс. 1 том. – Алматы: 2000. – 250 б.
72. Қопышев К. Өршіл өнердің тарланы. «Ауыл арайы» газеті, 1993, 23 маусым.

73. Әлібаев И. Батырға. Өлең. «Ленин туы» газеті, 1945, 12 тамыз.
74. Әлібаев И. Биші қыз. «Ленин туы» газеті, 1973, 30 шілде.
75. Асайынов М. Аңшы аңызы. – Алматы: 1978. – 88 б.
76. Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. – Алматы: Мектеп, 1973. – 220 б.
77. Асыл арна. Толғау. Өлеңдер. «Қазақ әдебиеті» газеті, 1997, 7 қаңтар.
78. Жарыс жалыны. Кейде. Өлеңдер. «Жұлдыз» журналы. №10. – Алматы: 1974. – 152 б.
79. Гусев В.Е. Эстетика фольклоры. – Л., 1967. – С. 189.
80. Жұбанов А. Қазақ композиторларының өмірі мен творчествосы. – Алматы: 1963. – 394 б.
81. Тәжібаев Ә. Жылдар, ойлар. Естеліктер мен толғаныстар. – Алматы: 1976. – 269 б.
82. Курбанов Б.О. Взаимосвязь музыки и литературы. – Баку: 1972. – С. 75.
83. Мелетиевский Е.И. Введение в историческую поэтику эпоса и романа. – М., 1986. – С. 14.
84. Каскабасов С.А. О типах и формах взаимодействия казахской литературы и фольклора. – Алматы: Изв. Ан Каз ССР, серия филал, 1979, апрель-июнь, №2.
85. Далгат У.Б. Литература и фольклор. – М., 1981. – С. 62.
86. Тәжібаев Ә. Өмір және поэзия. – Алматы: 1960. – 364 б.
87. Әдебиеттану терминдер сөздігі. Екінші басылуы. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 217 б.
88. Белинский В.Б. Таңдамалы шығармалары. – Алматы: 1948. – 100 б.
89. Жұмалиев Қ. Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері. – Алматы: 1958. – 402 б.
90. Тырбиев М. «Абайға ескерткіш» өлеңі қойын дәптерінен алынды. Қойын дәптер Ж.Т. Қадыровтың жеке қорында сақтаулы.
91. Қызылжар қаласының тұрғыны, соғыс ардагері Қоблан Хамзаұлының сұхбатынан, 1998 жылдың 10 сәуір.

92. Сандыбайұлы Ы. Қалдырған. Қазақ поэзиясының антологиясы. – Алматы: Ғылым, 1993. – 250 б.
93. Белинский В.Г. Собр. соч. в трех томах. М., ГИХЛ, 1948. Т.1. – 670. С.
94. Сыздықов Р. Сөз құдреті. – Алматы: Санат, 1997. – 176 б.
95. Сейтжанов З. Тарихи эпос. – Алматы: Ғылым, 1994. – 82 б.
96. Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы. – Алматы: 1974. – 162 б.
97. Негимов С. Өлең өрімі. – Алматы: Ғылым, 1980. – 135 б.
98. Адамбаев Б. Казахское народное ораторское искусство. – Алматы: Ана тілі, 1997. – 204 б.
99. Сүйіншәлиев Х. Ақындар поэзиясы. - Алматы: 1982. - 105 б.
100. Асайынов М. Жүрегіміңнің жұлдызы. – Алматы: Жібек жолы, 1999. – 86 б.
101. Азбелев С.Н. Международная систематизация преданий и легенд. // Специфика фольклорных жанров. – М., Л., 1966. Вып. 10. – С. 249.
102. Аникин В.П. Художественное творчество в жанрах сказочной прозы / к общей постановке проблемы / Русский фольклор. – М., Л., 1972. – С. 279.
103. Ахметов З. Казахское стихосложение. – Алма-Ата: Наука 1964. – С. 459.
104. Ахметов З. Современное развитие и традиции казахско литературы. – Алма-Ата: Наука, 1978. – С. 328.
105. Әлібаев И. Халық үні. Мен сүйемін. Өлеңдер. ОҒК. №1134. №2 дәптер.
106. Әуезов М. Совет ақындарының айтысы /«Ақындар жыр жин./». – Алматы: Қаз. ССР ҒА баспасы, 1963. – 137 б.
107. Әуезов М. Әдебиет тарихы. - Алматы: Ана тілі, 1991. - 240 б.
108. Әуезов М. Әдебиет туралы. О литературе. – Алмат Санат, 1997. – 304 б.
109. Базарбаев М. Өлең-сөздің патшасы, сөз сарасы. – Алмат Жазушы, 1973. – 254 б.
110. Базарбаев М. Көрікті ойдан – көркем сөз. Зерттеулер мен мақалалар. – Алматы: Рауан, 1994. – 227 б.
111. Қабдолов З. Әдебиет теориясының негіздері. – Алма Мектеп, 1970. – 377 б.

112. Қазақ әдебиетінің өзекті мәселелері. Ғылыми мақалалар жинағы. – Алматы: Қазақ университеті, 1993. – 144 б.
113. Әбдіғазизұлы Б. Асыл арна. – Алматы: 1992. – 128 б.
114. Қазақ фольклорының тарихылығы. – Алматы: Ғылым, 1993. – 328 б.
115. Қазақтың советтік халық әндері. – Алматы: 1959.
116. Лотман Ю. Анализ поэтического текста. – Алма-Ата: Просвещение, 1972. – С. 247.
117. Сатпаева Ш. Казахская литература и Восток. – Алма-Ата: Наука, 1982. – С. 200.
118. Поэтика жанра. Сборник научных трудов /межвузовский/. Караганда, Издательство КарГУ, 1992. – С. 169.
119. Жекеев Ш. Сегіз қырлы сері. – Астана: Дәме, 2013. – 98 б.
120. Негимов С. Өнерпаздық өрнектері. – Алматы: Ана тілі, 1996. – 87 б.
121. Неженец Н. Поэзия народной традиций. –М., Наука, 1988. – С. 205.
122. Садырбаев С. Халық әдебиетінің тарихи негіздері. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 216 б.
123. Поэтический строй русской лирики. – Л., Наука, 1973. – С. 352.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе.....	3
1 Сал-серілік өнердің қоғамдық әлеуметтік, көркемдік эстетикалық функциясы мен орны.....	6
2 Солтүстік аймақтағы ақындық дәстүрдің синкреттілігі мен синтеттілігі.....	87
3 Жыршы ақындар поэзиясындағы бейнелеу құралдарының сипаты.....	108
Қорытынды.....	171
Пайдаланылған әдебиет.....	181

Қадыров Жанбай Тұрарұлы

САЛ-СЕРІЛЕР ПОЭЗИЯСЫНЫҢ СОЛТҮСТІК АЙМАҚТАҒЫ ДӘСТҮРІ

монография

Подписано в печать 06.04.2018 г. Формат 60×90 1/16. Гарнитура Times.
Ризография. Объем 11,7 усл.печ.л. Тираж 30 экз. Заказ №118-10.
Отпечатано в ИПО СКГУ им.М.Козыбаева.